

XX SÁTBAEV OQÝLARY

XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŃ BILIM JÁNE ǴYLYM MINISTRLIGI
S. TORAIǴYROV ATYNDAǴY PAVLODAR MEMLEKETTIK ÝNIVERSITETI

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

TORAIGHYROV UNIVERSITY

Jas ǵalymdar, magıstranttar, stýdentter men mektep oqýshylarynyń

«XX SÁTBAEV OQÝLARY» atty Halyqaralyq ǵylymı konferensıasynyń MATERIALDARY

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников

«XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 10

Pavlodar, 2020

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŃ BILIM JÁNE ǴYLYM MINISTRLIGI
S. TORAIǴYROV ATYNDAǴY PAVLODAR MEMLEKETTIK ÝNIVERSITETI

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

JAS ǴALYMDAR, MAGISTRANTTAR, STÝDENTTER MEN MEKTEP OQÝSHYLARYNYŃ «XX SÁTBAEV OQÝLARY» ATTY HALYQARALYQ ǴYLYMI KONFERENSIASYNYŃ MATERIALDARY

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ, СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ «XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 10

ПАВЛОДАР
2020

ӘОЖ 001.2 (063)
КБЖ 72 (5 каз)
Ж 33

Редакция алқасының мүшелері:
Абишев К.К., Ахметов К.К., Бегимтаев А.И., Бексеитов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.К., Эрназаров Т.Я.

Жауапты хатшылар:
Аипова А.К., Акылбекова Р.А., Аманбаева С.Б., Амирханова А.Х., Ахмадиева А.Т., Аманжолов С.К., Байтемирова М.Ж., Дробинский А.В., Евтушенко Т.Л., Еликпай С.Т., Зарипов Р.Ю., Зада Б.С., Жумадирова А.К., Жумабаева Г.М., Каппасова Г.М., Калиева А.Б., Кашканова Р.С., Камарова А. Н., Кайдарова Г. Ш., Кривец О.А., Куанышева Р.С., Курманова А.Б., Коспаков А.М., Кочетков М.Ю., Куандыков А.Б., Мажитова А.Ә., Мустафаева Н.Б., Мусаханова С.Т., Несмеянова Р.М., Никифорова В.Г., Новоселова Е.А., Ордабаева Ж.Е., Сатыбалдин А.С., Сергазинова З.М., Торайгыров Е.М., Чидунчи И.Ю., Ысқақ Б.Ә., Юсупова Б.С., Юношева Н.Ф.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХХ Сәтбаев оқулары» : Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020.

ISBN 978-601-345-038-4 (жалпы)
Т. 10. «Жас ғалымдар». – 2020. – 428 б.
ISBN 978-601-345-048-3

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001.2 (063)
КБЖ 72 (5 каз)

ISBN 978-601-345-048-3 (Т. 10)
ISBN 978-601-345-038-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020

1 Секция. Интеллектуалды және мәдени-рухани даму
1 Секция. Интеллектуальное и культурно-духовное развитие

1.1 Заманауи білім беру үрдісі. Педагогика
1.1 Современный образовательный процесс. Педагогика

«АСЫЛ СӨЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ – БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРАТЫН ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ

АБИЛЬДИНОВА Ж. К.
мұғалім, Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Әрбір бала – тұлға, өзінше бір әлем. Ұлы педагог В. А. Сухомлинский: «Әлемде адам тұлғасынан күрделі, одан бай ешнәрсе жоқ», – деп жазған екен. Кез келген тұлға үшін еңбастысы – қоршаған ортаға бейімделу, қарым-қатынасқа түсе білу, оқуға қажетті білім, дағды, шеберлікті меңгере білу. Баланың жеке басына тән қасиеттерді қалыптастыру тәрбиесі оның өмірге келгенде алғашқы жылдардан бастау керек. Оқушылардың білім алуы (дамуы, тәрбие алуы) негізінде сабақтарда білімдерді, ептіліктерді және дағдыларды дамытуымен бірге, олардың бойында жеке тұлғалық және адамгершілік сезімдері қалыптасады. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет [1]. Осы тұжырымды негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларының тілін, танымын дамытуға арналған арнайы курс авторлық бағдарламасына негізделген «Асыл сөз» тіл дамыту оқу құралын құрастырдым.

Бұл оқу құралда жергілікті ақын-жазушылардың шығармалары жинақталды. «Асыл сөз» оқу құралын оқыту арқылы біріншіден, оқушылар жергілікті ақын-жазушылардың өмірбаяны мен шығармаларымен танысса, екіншіден, сол ақын-жазушылардың шығармалары арқылы әр оқушының өзінің туған жері туралы көп мағлұмат алып, өзін жан-жақты тәрбиелей алады.

1-ші сыныпқа арналған «Асыл сөз» тіл дамыту бағдарламасында жерлес жазушы-ақын Есентай Ерботиннің балаларға арналған шағын өлең, жаңылтпаштары берілген. Мәтін, өлең, тапсырмалар

бірінші сынып оқушыларының жас ерекшелігіне негізделіп құрылған. Әр сабақ сол ақын-жазушылардың өлеңдерімен басталады. Оқушылар бірінші сынып табалдырығын жаңа аттап отырғандықтан, әрі әріп танымағандықтан алғашқы сабақтарда өлеңнің тақырыбына байланысты суреттер салдырып, оқушылардың тілдері жаттығу үшін жаңылтпаштар берілген.

2-ші сыныпқа арналған «Асыл сөз» тіл дамыту оқу құралында жерлесіміз, балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтің өлеңдері жинақталды. Ондағы себеп жас буынның бойында өз еліне, жеріне деген мақтаныш сезімін тудыра отырып, патриоттық тұрғыда тәрбиелеу. Бұл қазіргі таңда өте қажетті шешімін күтуші мәселенің бірі. Оқу мен тәрбие егіз жүргенде ғана, жас жеткіншектің еліне деген сүйіспеншілігін ояту негізінде ғана біз болашақ ел тағдырына әділ де адал қызмет ететін азаматтар өсіріп шығарамыз.

Оқу құралы 2-ші сынып оқушылырына арналғандықтан оқу әдісі де ойластырылып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу құралына түрлі ойын элементтері де енгізілді. Бастауыш сыныптағы оқушылардың біреулерінің зейіні тұрақсыз болса, екіншілерінікі бір нәрсеге бағытталған тұрақты зейін. Ұғынып қабылдау мен ойлауда біреу талдауға бейім болса, екінші біреу жинақтауға бейім болады. Сондықтан оқушылардың зейінін төмендегідей ойын жаттығулары арқылы дамыта отырып, білім сапасын көтеруге болады:

«КЛТОРМАНСЛЖАҒАШПФТАЧИМЩЦРҚАЙЫҢЛВТСТО ҚЫЛДАҚПЖРСТШЫРШАМТҚАРАҒАЙНКДТЕРЕКНАРЕМЕН КВЖИhАЗНЦКІТАПТЧУ»

Бұл тапсырмада оқушылар әріптердің арасынан сөздерді теріп алып, сол сөздерді қатыстырып мәтін құрастырады.

«Пирамида» ойыны баланың ойын ұштап, сөздік қорын молайтады, сонымен бірге тапқырлыққа да баулиды.

АТ	АЙ	АР
АТА	АНА	АРА
АЛҚА	АЙНА	АРАЙ
АТЫРАП	АЙМАҚ	АРМАН

Сөздің ішінен басқа сөздерді табу тапсырмалары баланың ойын ұштап, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеп қана қоймай, сөздік қорын дамытады [2].

«Логогриф» – шараданың бір түрі, көбінесе өлеңмен жазылады. Әуеліжұмбақтаған сөзді табу қажет. Содан соң әлгі табылған сөзге бір не екі әріп қосып немесе алып тастау арқылы жаңа сөздер құрауға болады. Осы арқылы баланың ойы ұшталып, қиялына қанат береді.

- Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастыру арқылы оқушылар сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс меңгереді.

- Буын ұйқасын құрастыруарқылы оқушылар шағын өлең құрастыруға үйренеді және өзін-өзі тәртіпке шақырады. [4]

Аз –аз –аз,	Ба – ба –ба,
Тап-таза қағаз.	Тәртіпсіз бала.
Өз -өз - өз,	Па – па – па,
Өз ойыңды жаз.	Партаға жазба.

Ал 3-ші сыныпқа арналған оқу құралы қазақтың көрнекті балалар ақыны, білікті ұстаз, елімізге еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, жерлесіміз Мүбәрак Жаманбалинов өлеңдерінен, мысалдарынан мағлұмат беруді көздеді. Берілген мәтіндер мен тапсырмалар үшінші сынып оқушыларының жас ерекшелігіне негізделіп құрылған. Әр сабақ жерлес балалар ақыны Мүбәрак Жаманбалиновтың шағын өлеңдерімен басталады. Мүбәрак ақын баланың психологисын, іс-әрекетін дәл таныған. Әрі ұғыныңқы, әрі тартымды бере білген өлеңдері жас жеткіншектерді отаншылдыққа, туған жерін сүюге тәрбиелейді. Балалар өлеңінің неғұрлым қысқа буынды, неғұрлым ұйқасы түбірлі әрі туынды - күрделі болса, соғұрлым бастауыш сынып оқушыларының жадында ұзақ қалады, оңай жатталады. Балалар поэзиясының ерекше бір түрі – әзіл-оспақ, сын-сықақ өлеңдердің ойнақы да ой салар, езу тарттырар, жеңіл юморлы күлдіргі түрі. Мүбәрак Жаманбалинов осындай шағын өлеңдері арқылы жас балғындарды жағымсыз мінездерден аулақ болуға шақырады.

«Сөздік лото» ойыны баланың ойын ұштап, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеп қана қоймайды, сонымен бірге тапқырлыққа да баулиды.

Ж
- а – рық,.....,.....
- о – рық,.....,.....
- е – лім,.....,.....

С
- а – быр,.....,.....
- е – нім,.....,
- ы – зық,.....,.....

Сөздерді дұрыс, анық айту үшін тілді жаттықтыру мақсатында түрлі жаңылтпаштар үлкен қызмет атқарса, өз бетімен ойланып, заттар мен құбылыстардың сипатталуына, баламасына қарай аттарын табуға, сөйтіп баланың ой-өрісін кеңейтуге жұмбақтар да елеулі септігін тигізеді [5].

Оқу құралында қамтылған тақырыптарды меңгерту арқылы жас жеткіншектердің әдеби сауатын аша отырып, сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуге үйретіп, логикалық ойының дамуына зор ықпал жасайды. Себебі білім мазмұнының тақырыптары оқушының дүниетанымын арттыратын және айнала қоршаған дүние туралы дұрыс көзқарасын қалыптастыратын, өзінің туған жеріндегі зиялы адамдардың өмірінен үлгі ала отырып, оның тұлға ретінде өсіп-дамуын қамтамасыз ететін мәселелерді қозғайды. Және оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады [3].

Өз бетімен шығармашылық қызметті атқара бастаған адам тұлға болып қалыптасатыны философияда дәлелденген.Тұлғаның жасампаз бағыттылығы оқушының танымдық белсенділігі барысында тәрбиеленеді. «Асыл сөз» тіл дамыту сабағында жүргізілген жұмыс оқушы үшін аз да болса алға қарай ілгерілеу болып табылады.

«Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару» керек деп айтқан Мағжан Жұмабаевтің сөзің негізге ала отырып, осы авторлық бағдарламамның бастауыш сынып мұғалімдері үшін маңызы зор деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оқушылардың тұлғалық қасиеттеріи дамытудың педагогикалық негіздері./ С. Қалиев, Ш. Майғаранова, Г. Нысанбаева, А.Бейсенбаева. -Алматы: «Білім», 2001, -224 б.

2 Махмудова С. Сабақта ұйымдастыру дидактикалы ойындарды қолдану жолдар / С. Махмудов // Бастауыш мектеп. – 2009. – № 2.

3 Төлеубекова Р.К. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану: пед. ғыл. канд. дисс.... авторефераты / Р.К. Төлеубекова. – Алматы. 1994. – 24 б.

4 Абильдинова Ж.К. «Асыл сөз» (2 сынып) : Оқу әдістемелік құрал/ – Павлодар: Павлодар, 2019. – 50 б.

5 Абильдинова Ж.К. «Асыл сөз» (3 сынып) : Оқу әдістемелік құрал/– Павлодар: Павлодар, 2019. – 41 б.

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

ЛАТЫПОВА З. Б.
к.геогр.н., Башкирский государственный педагогический университет имени М. Акмуллы, г. Уфа, Республика Башкортостан
АБУЛГАЗИНА С. М.
магистрант, Башкирский государственный педагогический университет имени М. Акмуллы, г. Уфа, Республика Башкортостан

В настоящее время основной целью образования является развитие конкурентно-способной личности, готовой к взаимодействию с окружающим миром, к самообразованию и саморазвитию. Особое значение имеет контрольно-оценочная деятельность ученика, то есть готовность и способность контролировать и оценивать свою деятельность, уметь устранять причины возникающих трудностей [1].

Основная цель географии в системе общего образования – это познание многообразия современного географического пространства, что позволяет ориентироваться в мире и представлять его географическую картину; формировать у учащихся умения использовать географические знания и навыки в повседневной жизни [2].

Все мы привыкли оценивать деятельность учащихся традиционно, используя пятибалльную систему оценивания, но при этом не всегда можно объективно оценить работу ученика. Поэтому мы используем на своих уроках современную технологию оценивания учащихся: критериальную. Критериальное оценивание предполагает наличие механизма, позволяющего производить оценку учащихся более объективно, таковыми являются рубрикаторы. Оценивание деятельности учащихся на уроке становится демократичным, так как ученик является субъектом своего обучения, а учитель не играет роль «судьи» при выставлении оценок.

Критериальное оценивание выполняет функцию обратной связи, когда ученик получает информацию о своих успехах и неудачах. При этом даже самые неудовлетворительные результаты промежуточной работы воспринимаются учеником лишь как рекомендации для улучшения собственных результатов. В критериальном оценивании описаны уровни достижений, соответствующие каждому баллу. Важно, что шкала оценивания

начинается с нуля, а это очевидно, так как оценивается не личность ученика, а его деятельностью [3].

Пример критериев к уроку географии, на тему: «Географическое положение материка Африки»:

Я умею определять ГП материка и нулевой меридиан.

Я умею определять географические координаты.

Я знаю виды карт.

Я умею сопоставлять материал учебника с картой.

Умею определять расстояние между крайними точками материка.

Могу выделить общие черты у материков Южного полушария!

Могу оценить ГП материка Африки.

Умею составлять критерии оценивания для изученного материала.

Благодаря этим критериям учащиеся уже не смогут поставить оценку выше той, на которую они знают [4].

Другой пример критериев к уроку географии, на тему: «Экономико-географическое положение Республики Казахстан в 9 классе:

Низкий уровень. Я умею определять положение РК на материке Евразия. Я умею определять, с какими странами граничит РК. Я умею определять географические координаты. Я знаю виды карт.

Средний уровень. Я умею сопоставлять материал учебника с картой. Умею определять расстояние между крайними точками республики. Могу выделить выгоды и недостатки ЭГП РК.

Высокий уровень. Могу назвать причины, по которым ЭГП РК считают выгодным. Могу объяснить, с чем связано неплотное заселение республики. Могу оценить ЭГП РК. Умею составлять критерии оценивания для изученного материала [5].

Так как многие темы еще находятся в стадии разработки и нам с учениками порой трудно отойти от традиционной системы оценок, то можно предложить такие критерии:

Критерии оценивания устного ответа:

- знание терминов и понятий;
- логика изложения материала;
- умение пользоваться картой и другими средствами при ответе;
- культура речи, навыки публичного выступления.

Критерии оценивания ответа по карте:

- знание географических объектов по теме;
- знание особенностей географических объектов;

- умение правильно показывать объект на карте;
- оптимальный темп показа объектов.

Оценку «5» заслуживает ответ, который в целом соответствует перечисленным критериям

«4» – есть небольшие недочеты по содержанию и форме изложения ответа

«3» – есть неточности и ошибки по сути раскрываемых вопросов

«2» – есть серьезные ошибки по содержанию или полное отсутствие

Критерии оценки работы в контурных картах:

- соответствие нанесенных объектов заданию;
- правильное расположение объекта на карте;
- правильность нанесения надписей;
- грамотность и аккуратность;
- все надписи на контурной карте делают мелко, четко, красиво, желательно печатными буквами;
- название рек и гор располагают соответственно вдоль хребтов и рек, названия равнин – по параллелям;
- объекты гидросферы желательно подписывать синей пастой, другие – чёрной.

Если название объекта не помещается на карте, то около него ставят цифру, а внизу карты пишут, что означает данная цифра.

Если того требует задание, карту раскрашивают цветными карандашами, а затем уже подписывают географические названия.

В начале учебного года все работы в контурных картах выполняются простыми карандашами, потому что навыки работы с контурными картами слабы, и ученики делают ошибки.

Наблюдения за деятельностью учащихся на уроках показывают, что правильно выбранные стратегии, задания и критерии их оценивания способствуют повышению уровня учебной мотивации, активности ведения диалога и аргументации своих точек зрения.

В заключении необходимо определить преимущества и практическую значимость различных видов оценивания на уроках географии:

- критерии оценивания представляют конкретное выражение учебных целей;
- оценки учащимся выставляются только за то, что они изучали,
- оценивается только работа учащегося, а не его личность;
- учащийся заранее знает критерии, по которым будет проверяться его работа;

- учащемуся известен четкий алгоритм выведения оценки, по которому он сам может определить уровень успешности своего обучения и информировать родителей;

- повышается мотивация учащихся к самооцениванию и обучению.

Прогнозы и результаты:

- оценивается каждый этап урока;

- обучение становится «прозрачным»;

- стимулируется самостоятельность обучения (самооценка и взаимооценка);

- учебная деятельность ориентируется на результат обучения;

- объективность процесса оценивания при переходе от формативной к суммативной оценке [6].

Принимая участие в оценивании и постановке целей урока совместно с учителем, учащиеся ставят цели перед выполнением любого вида заданий и рода деятельности и учатся объективно оценивать себя и своих товарищей. В итоге, всё это приводит к повышению мотивации учеников и, как следствие, повышение качества знаний.

ЛИТЕРАТУРА

1 https://gigabaza.ru/doc/78930.html

2 Пугаева Е. М. Критериальное оценивание заданий в контурных картах у учащихся на уроках географии // Молодой ученый. – 2017. – №14. – С. 299-302. – URL https://moluch.ru/archive/148/41488/ [дата обращения: 12.03.2020].

3 https://nsportal.ru/shkola/geografiya/library/2014/11/19/kriterialnoe-otsenivanie-kak-sposob-razvitiya-funktsionalnoy

4 Физическая география материков и океанов : учебное пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Т.В. Власова, М.А. Аршинова, Т.А. Ковалева. – М. : Издательский центр «Академия», 2007.

5 Экономическая и социальная география Казахстана.Учеб. для 9 кл. общеобразоват.шк./В.В. Усиков, Т.Л. Казановская, А.А. Усикова, Г.Б. Забенова. 3-е изд., перераб. – Алматы: Атамұра, 2013.- 464 с.

6 http://www.geoschool1.ru

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУ АСТАРЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

АЗИРБАЕВА К. И.
мұғалім, № 53 Мектеп-гимназия, Алматы қ.
ЫДЫРЫС С. Е.
магистрант, «Биофизика және биомедицина» кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек.

Осыған байланысты білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып, оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады [1].

Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

В.Кларин технология сөзінен қандайда болсын істегі шеберлікті, оқыту-үйретудегі амалдардың жиынтығы, ал педагогикалық технология (тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, оқыту технологиясы) «педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығымен жұмыс істеудің реті» – деп түсінік берді.

Педагогикалық жаңа технология – іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол дара тұлғаны

жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқытумен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, технология – ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшілігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып-үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды биология пәнін оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

Биология курсында оқушылардың шығармашылығын дамытуда жаңа технология төмендегідей түрлері мен қолдану мақсаттары ұсынылады:

Ойын технологиясы

Педагогикалық ойындар технологиясы – дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Проблемалы оқыту технологиясы

Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Биологияны оқытуда тәжірибені шыңдай түсуде көп жеңілдік ашқан технологиялардың бірі – осы технология.

Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

- ассоциация;
- бірлестік қызмет;
- көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау.

Бұл технология бойынша:

- оқу үрдісінде қызығушылық артады;
- оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады;
- оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Түсіндіре баяндау арқылы тірек желілерін келешекті оза оқыту

Бұл технологияда С. Н. Лысенкова бойынша материалды меңгеру үш кезеңнен тұрады:

- алдынала даярлық;
- жаңа ұғымдарды дәлелдеу, оларды жинақтау, қолдану;
- оқу іс-әрекеті және ойлау әдістерін дамыту [2].

Оқу материалдарын осылайша деңгейлеу білімді ұзақ уақыт есте сақтауға мүмкіндік береді.

Деңгейлік саралау технологиясы

Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді. Әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Жекелеп оқыту технологиясы

Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады.

- мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;
- оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Оқытудың ұжымдық әдісі

ОҰӘ – оқу процесінде адамдарды өзара және жұптық еңбек әрекеттерін орындауы. ОҰӘ принциптері:

- жоғары жетістікке талпыну;
- алынған мәліметті бір-біріне лезде кідіріссіз жеткізу.

Топтық технология

Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

Оқытудың компьютерлік технологиясы

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар, практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Ал, теориялық білімді практикамен ұштастыру үшін компьютердің қажет екені даусыз. Ақпараттандырудың негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып саналады [3].

Осы орайда биология пәнін оқытуда қолданылатын жаңа ақпараттық технологияларға интерактивті оқыту құралдарымен электрондық оқу құралдарын жатқызуға болады. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту.

Әрбір оқушы қалаған тақырыптары бойынша тапсырмалар орындап, тестке жауап беріп, зертханалық жұмыстарды орындауға дағдыланады.

Электронды оқулық арқылы түрлі суреттер бейнекөріністер көрсетуге, дыбыс, және музыка тыңдауға болады.

Бұл әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда әсерлі, әрі тиімді. Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық құралдардың атқаратын рөлі зор.

Сабақта электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артқандығы байқалады.

Сондай-ақ мұғалімдер өздеріне қажетті әдістемелік материалдарды, көмекші құралдарды молынан ала алады.Электрондық оқулық оқушыға оқу материалын меңгеруге, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді.

Биология пәніне арналған электрондық оқулықтың тест бөлімі арқылы пән курсы бойынша оқушы толық ақпарат алып өз білімін тексере алады.

Презентациялар технологиясы

Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға информатика сабағынан жаңа материалды (бейнелеулер, фотографиялар, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдын-ала жүргізілген тәжірибелер, презентациялар технологиясын информатика сабағында пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызғылықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы – мұғалімдерді жаңа ақпараттық желілік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Егер біз барлық мүмкіндіктерімізді толық пайдалана алатын болсақ, онда біздің келешек ұрпағымыз компьютерлік технологиямен білім ала алады [4].

Оқу материалдарын дидактикалық жетілдіру негізіндегі педагогикалық технологиялар:

1 Мәдени кезек сөз – оқу процесінің екі негізгі бөлігі арасында кезексөз түрінде құрылады.

Оқу-негізгі «таңдану нүктесі» айналасына орналасқан ішкі кезексөзге негізделіп құрылады. ДБІ технологиясының ашушы түзгіші – жаттығу – үшін сабақтардың бірінде қаралады:

- қазіргі тапсырма;
- кімге арналғандығы;
- жинақтау.

Технология мазмұнының басты ерекшелігі пән оқу материалдарының дәстүрлі дидактикалық құрылымын қайта құру.

Кезеңдеп оқыту технологиясы

3 Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақ меңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады [5,6].

Жеке пәндік педагогикалық технология

1 Ерте және ыждағатты сауаттылыққа оқыту технологиясы. Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қуатын жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген.

2 Әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Мақсаттық бағыттары:

- қалыпты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;
- ойлау қызметіне математикалық тәсілдерді меңгеру;
- қабілетті балаларды дамыту;

Альтернативті технологиялар

Вольдорф педагогикасы «гуманистік педагогика» мен «еркін тәрбие» идеяларын іске асырудағы әр түрдің біреуі болып табылады. Ол мұғаліммен одақтасуда жекеліктің өз бетінше таңдауы мен тануы жүйесінде көрінуі мүмкін.

Өзіндік дамыту технологиясы (М. Монтессори)

Мақсаттық бағыты:

- жан-жақты дамыту;
- жекелікті тәрбиелеу;
- бала санасында ойлау қызметі мен пәндер түзгіштерін біріктіру.

Басты мақсаты – оқыту дағдысы, қолдағы ұсақ моторлар, есті дамыту [7,8].

Дамыта оқыту технологиялары

1 Л.В. Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі педагогикалық технологиялар:

1 Мәдени кезек сөз – оқу процесінің екі негізгі бөлігі арасында кезексөз түрінде құрылады.

Оқу-негізгі «таңдану нүктесі» айналасына орналасқан ішкі кезексөзге негізделіп құрылады.

2 Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ)

Әдістемелік құрылымның түзгіші негізіне мұғалім мен оқушы қызметін байланыстырушы ретінде математикалық жаттығу ұғымы алынған, әрі тұра, кері ұғымдары мен қағидалары бір кезде оқытылады. ДБІ технологиясының ашушы түзгіші – жаттығу – үшін сабақтардың бірінде қаралады:

- қазіргі тапсырма;- кімге арналғандығы;

-жинақтау.Технология мазмұнының басты ерекшелігі пән оқу материалдарының дәстүрлі дидактикалық құрылымын қайта құру.

Кезеңдеп оқыту технологиясы

3 Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақ меңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

Жеке пәндік педагогикалық технология

1 Ерте және ыждағатты сауаттылыққа оқыту технологиясы. Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қуатын жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген.

2 Әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Мақсаттық бағыттары:

- қалыпты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;
- ойлау қызметіне математикалық тәсілдерді меңгеру;
- қабілетті балаларды дамыту;

Альтернативті технологиялар

Вольдорф педагогикасы «гуманистік педагогика» мен «еркін тәрбие» идеяларын іске асырудағы әр түрдің біреуі болып табылады. Ол мұғаліммен одақтасуда жекеліктің өз бетінше таңдауы мен тануы жүйесінде көрінуі мүмкін.

Өзіндік дамыту технологиясы (М. Монтессори)

Мақсаттық бағыты:

- жан-жақты дамыту;
- жекелікті тәрбиелеу;
- бала санасында ойлау қызметі мен пәндер түзгіштерін біріктіру.

Басты мақсаты – оқыту дағдысы, қолдағы ұсақ моторлар, есті дамыту.

Дамыта оқыту технологиялары

1 Л. В. Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы танымдық қызығушылық. Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда, пайдалану, сол сияқты есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі.

2 Д. Элькони – В.Давыдовтардың дамыта оқыту технологиясы.

Элькони – Давыдов технологияларындағы дамыта оқыту ең алдымен оның мазмұны, теориялық білімге негізделе отыра құрылған. Білімнің теориялық негізі терең түрдегі жинақтаудан тұрады. Дәстүрлі технологиялардан өзгешелігі дамыта оқыту оқу қызметін басқаша бағалайды. Оқушының орындаған жұмыстары мен сапасы оқушыға білімнің жетімділігі мен қабілетінің жететіндігін мұғалімнің көзқарасы бойынша бағаланбай, оқушының өз мүмкіндігі тұрғысынан қаралады [9,10].

3 Жеке бас шығармашылығын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі. Іздену, ойлап табу қызметтері процестері оқытудың негізгі мазмұны болады. Дамыту мазмұны жақыннан орташаға,

сонан кейін қашықтағы мақсаттық келешекке көшуден тұрады. Бұл технологияда ұжымдық жұмыс әдісі кеңінен қолданылады; ойға шабуыл, ұйымдастыру – қызмет ойыны, еркін шығармашылық пікірталасы.

Оқу модулі дегеніміз – оқу мазмұны мен оны игеруге негізделген технологияның бірі мақсаттағы түйіні.Модуль - оқушының мазмұнды, оқу әдісін өз бетінше игеру деңгейі мен оқу-таным әрекетіне сай жеке оқу бағдарламасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ашкеева Р.К., Рысқалиева Р.Г., Бірімқұлов Н.С. Оқыту үдерісінде қолданылатын жаңа технологиялардың тиімділігі / Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1 (53), 2017 ж.

2 Лысенкова С.Н. Методом опережающего обучения. Книга для учителя. Из опыта работы. – М.: Просвещение, 1988. – 192 с.

3 Мошқалов А.Қ. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қоғамдағы маңызы мен мәні / Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(43), 2014 ж.

4 Сластенин В.А. и др. Педагогика. Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; Под ред. В.А. Сластенина. – М.: Издательский центр « Академия «, 2013. – 576 с.

5 М. Балабана «Школа-парк». Газета «Первое сентября» от 26 ноября 1992 г.

6 Ахутина Т. В. (2012). Комментарии к двум документам из архива А. Р. Лурии // Вопросы психологии, № 4, 2012, с. 71-85

7 ҚазақстанРеспубликасындабілімберудідамытудың 2011 - 2020 жылдарғаарналғанмемлекеттікбағдарламасы.

8 Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. – Алматы: Комплекс, 2004 – 218 б.

9 Левина М.М. Процесс обучения на уроке: учебное пособие. М.: МГПИ, 1976. – 80с.

10 Кулюткин Ю.Н. Эвристические методы в структуре решений. – М.: Педагогика, 1970. - 231 с.

ETHNOPEDAGOGICAL TRAINING OF FUTURE TEACHERS

AIPOVA A. K.
doctoral candidate, specialty «Pedagogy and Psychology»,
S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

The modern social consciousness which until recent times oriented man towards the perception and change the external world, gradually led to the oblivion of mental deeps of human being. Therefore, nowadays the society is facing the task of transformation or changing the person himself. This process is directly connected with the process of the revival of national cultures.

The centuries-old history of the mankind development has shown that traditions do not disappear by themselves, they disappear together with their carriers, when there is no link between generations. An outstanding educator G. N. Volkov saidin this regard: «If national features die in children, then this means the beginning of the death of the nation» [1].

In the article of the First President Nursultan Nazarbayev «The Course towards Future: Modernization of Public Conscience» the Head of the State announced the beginning of the third modernization of Kazakhstan where the preservation of national identity was singled out as one of the main directions for modernizing the consciousness of both society as a whole and every Kazakhstani in particular. «The first condition for a new type of modernization is the preservation of culture and national code. Without this, modernization is an empty rhetoric» [2]. «Without reliance on national and cultural roots, modernization will be left hanging in the air. And I want it to stand firm. Thus, history and national traditions must be taken into account» [2].

The changes which take place in Kazakhstani society stimulate the growth of people's national self-awareness, the revival of national cultures, ethnic pedagogy, the change of value ideals, the appeal to national values that make up any culture as well as the desire to revive ethnic culture through the preservation of their native language, customs and traditions. The importance of ethnocultural and ethnopedagogical knowledge in modern society, including the education system, is increasing. Nowadays the preservation and development of Kazakhstan people's ethnic culture values and its contribution to world culture is becoming important for education.

The experience of the 20th century convinces us that insufficient attention to ethnocultural problems is fraught with irreversible

consequences for humanity. The UNESCO Program Document «Reform and Development of Higher Education» (1995) says that «the direct borrowing of foreign concepts and values and ignoring regional and national cultures and philosophies entail negative consequences for education» [3].

Foreign teaching technologies used today in education contain the peculiarities of the mentality inherent in their culture and living arrangements. By their goals and objectives, they are aimed at formation of a person with one-sided rational-intellectual development, possessing pragmatic thinking, and in the intellectual and moral sense they do not meet the original national traditions of upbringing, while the learning process carries a huge educational potential.

In the process of Kazakhstan joining the Bologna Declaration, there is a certain danger of acculturation. Therefore, when building a system of teacher education, it is necessary to combine optimally the requirements not only of the world educational system, but the requirements and real possibilities of a certain region and university. In order to ensure the safety of Kazakhstani education, ethnopedagogical training of future teachers is of great importance.

At present, Kazakhstani scientists NauryzbayZh., Baltabaev M., Kazybaev E. consider education and upbringing as the condition for a person to assimilate the nation's achievements and cultural traditions as the basis for the national self-consciousness formation. The teacher's personality is considered as the carrier and the creator of the socio-pedagogical and intellectual and moral conditions for the formation of the nation. Nation's sociocultural and intellectual values are the important part of teacher's moral formation [4].

Based on the views of the above scholars, we came to the conclusion that ethno-pedagogization of the content of teacher education in our multi-ethnic state should be aimed at the formation of a national identity of a person, a sense of patriotism, tolerance of interethnic communication based on the mutual enrichment of national cultures.

In this regard, we considered the possibility of using the «English language» educational discipline to form the ethnopedagogical competence of the future teacher as one of the main tasks of future teacher's training.

In the study-guide «Ethnic Specifics of Communication Culture in Kazakhstan and Spain» [5] through reading texts and a set of exercises aimed at actively mastering the English language and developing critical thinking skills, students get acquainted with the ethnic features of culture

in Kazakhstan and Spain, traditions,customs, rituals, holidays and ceremonies of Kazakh and Spanish peoples, transmitted from generation to generation and forming the basis of the spirituality of the nation.

The study-guide consists of three parts. The part «The Republic of Kazakhstan» deals with the «pearls of customs and traditions» (S. Kenzheakhmetuly) collected and grouped according to the following directions: ancestral home in the light of traditions and rituals, traditional national games and entertainments, festivals and feasts, national clothing and cuisine, as well as oral folk art – legends, tales, proverbs and sayings, which reflect the national identity of Kazakh people.

Considering folklore as the source of the ethnic pedagogy, we suppose that acquaintance with Kazakh people's folklore will help young readers to learn more deeply the history of Kazakh land, the basics of the national education, and the described national customs and rituals will become the «golden core of the inner world» (S. Kenzheakhmetuly) of the younger generations.

Famous people of Kazakhstan are a separate page of our history and culture. There is a special series of texts on the theme «Great People of Kazakhstan», dedicated to the outstanding personalities of our country as AbaiKunanbayev, ChokanValikhanov, Mukhtar Auezov, KanyshSatbayev and other – the people who represent the Kazakh ethnic culture, worldview and philosophy of Kazakh people to the whole world.

Considering regional identity of Kazakhstan as one of the ways of formation of patriotism, civil and ethnic identity of the youth generation, we also paid special attention to the regional specifics. The part «Outstanding People of Pavlodar Region» contains the material about Pavlodar region which is the birth place of many prominent personalities. The readers will learn about the brightest and most famous people of the region who glorified their land in the past and do it today.

The part «Resources for English as a Medium of Instruction: A multicultural approach to Spain» is compiled by our colleague from University of Castile – La Mancha Esther Nieto Moreno de Diezmas (Suidad-Real, Spain)Esther Nieto Moreno De Diezmas. Through the set of the exercises directed to the active acquisition of English language and development of critical thinking skills the readers will learn about culture, the specifics of communicative behavior and business etiquette in Spain. Audio recordings to the listening tasks as well as the listening scripts in this part of the study guide were created by Megan Burroughs – an American language assistant in Spain. CD disks with audio recordings are available in the media library of Toraighyrov University.

In the appendix to the studyguide there is a glossary containing, along with the terms on intercultural communication, the terms which characterize the realities of Kazakh culture. The studyguide includes an extensive bibliography reflecting progress made in addressing the problem of cross-cultural communication,the ethnic specifics of communication culture and both in Kazakhstan and abroad.

We suppose that the described customs and traditions will help students to understand better the ethnographic and historical materials found in the works of writers, playwrights and artists. We also hope that the studyguide will let students form the readiness to perceive different cultures with all their national and mental features as well as the ability to change themselves, to go beyond their own culture and acquire the qualities of a culture-mediator without losing their own civil and ethnic identity.

In conclusion, I want to add that August 2020 marks the 175th anniversary of AbayKunanbayev's birth. AbayKunanbaev left an indelible mark in the history of our country as a scientist, thinker, poet, enlightener, founder of new national literature, translator and composer. National self-awareness, life, worldview, character, soul, faith, language, traditions and the spirit of the people – all this is reflected in the verses and prose of the great poet and enlightener. At present, when the preservation of national identity and its adaptation to modern requirements, the renewal of national consciousness has become a national problem, we are again convinced that the legacy of Abay is useful and relevant.

In order to express the eternal enduring love of unfading memory to the wisest mentor of our people at English lessons in the course of work on the topic «Holidays. Traditions. Customs » students with great enthusiasm, activity and interest prepared essays and presentations where they presented works, considered the philosophical and pedagogical views of the great humanist.

REFERENCES

1 Волков Г.Н. Этнопедагогика - Чебоксары, 1974. - 362 с

2 Нурсултан Назарбаев. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // Республиканскийобщественно-политическийжурнал «Мысль» № 5. – 2017. – С. 2–9).inform.kz http://www.inform.kz/en/president-nursultan-nazarbayev-s-article-the-course-towards-future-modernization-of-public-conscience.

3 Е. В. Шевченко. Сборник документов, касающихся международных аспектов высшего образования: (Законы, указы, постановления, конвенции, декларации, соглашения, рекомендации, протоколы, заявления, докл., рук., другие материалы) - СПб., 2000. - 541 с.).

4 Узакбаева С. А., Кожахметова К. Ж. Этнопедагогическое образование студентов высшей школы. - Алматы: Өнер, 1998. - 56 с.

5 Павлодар, Toraighyrov University, 2019. 150 с. Авторы: Аипова А.К., Новосёлова Е.А., Эстер Нието Морено де Диезмас.

6 АхметоваГ. Г., АиповаА. К., Новосёлова Е. А., Огузбаев А. Е. «Development of cross – cultural communication skills as the basis in the formation of multicultural personality in the context of the modernization of Kazakhstani education». Материалы международной научно-практической конференции «Язык как средство межкультурной коммуникации», Выпуск 60, серия 5 «Педагогические науки». С. 18 – 23. Херсонский национальный технический университет, Украина, май 2018.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕССІНДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУ

АЙГОЖИНА Н. К.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
БУРДИНА Е. И.
д.п.н., профессор, Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мектептегі эстетикалық тәрбие беру жұмыстары оқу–тәрбие үрдістерімен өте тығыз байланыста жүзеге асады. Оқушылардың оқу әрекетінде эстетикалық тәрбиеге қатысты теориялық білімдер беріліп, түрлі шығармашылық жұмыстар атқарылады. Ол мақсатты және жоспарлы түрде іске асады. Әрбір пәннің эстетикалық бағыты, оқу материалдарының мазмұны, сабақтар жүйесіндегі қолданылатын эстетикалық құралдар, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ізгі қарым–қатынастар – бәрі оқушылардың эстетикалық сезімі мен мұратын, талғамын, қабілет шыңдауда жүйелі түрде қызмет етеді [1, б. 229].

Тақырыптың өзектілігі, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның әрі қарай жаңғырту және демократияландыру процесінде елдің экономикалық және саяси дамуындағы жаңа кезеңді белгілеуімен байланысты. Осыған байланысты одан әрі күш-жігер тек білім алуға, кәсіптік білім беруге және әлеуметтік

салаға ғана емес, ең алдымен, Қазақстан халқының адамгершілік және рухани құндылықтарын дамытуға бағытталуы керек, өйткені XXI ғасырда жеке адамның мәдениеті білім берудің маңызды аспектісіне айналады [2].

Баланың эстетикалық сезімі ерте оянады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде ол сурет салуға, тақпақ оқуға, өлең айтуға құштар болады. Ендігі жерде мектептің алдында тұрған міндет, сол құштарлықты дамытып, эстетикалық тәрбие міндеттеріне сай әрбір оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, дамыту, өнерге қатысты дара қабілеттерін тәрбиелеу, оларға мүмкіншілік туғызу. Бұл бағыттағы оқу жүйесінде эстетикалық пәндер жоғары қызмет атқарады. Олардың қатарына бейнелеу өнері, музыка сабақтары жатады.

Әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезініп, одан рухани ләззат алуға бағытталған бейнелеу өнері «Сурет», «Кескіндеме», «Композиция», «Мүсіндеу», «Өнертану», «Көркем еңбек» салалары бойынша жүргізіледі. Бейнелеу өнерінің міндеті бізді қоршаған заттар мен құбылыстардың көрінісін, кескінін, түрін нақтылы суреттеуге, мүсіндеуге және композициясын құруды үйрету. Бейнелеу өнерінің ерекшелігі оқушылардың көркемдік тұрғыда ойлауын, шығармашылық елесін, қиялын, есте сақтау қабілетін жетілдіруде ықпалы зор.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа музыкалық–эстетикалық тәрбие беруде маңызды нәтижеге қол жеткізілді. Музыка пәні сабағында оқушыларға осы саладан теориялық білімдер беріледі, оның тарихымен таныстырады, музыканы тыңдау, ән салу өнеріне үлкен мән беріледі.

Оқушы жастарға сабақтар жүйесінде эстетикалық тәрбие жұмыстары тек эстетикалық пәндерді оқытумен шектелмейді. Сонымен бірге мектепте өткізілетін барлық оқу пәндерінің де оған қатысы бар. Атап айтсақ, тарих пәнін оқыту барысында адамзат қоғамның даму барысындағы әртүрлі халықтардың мәдениеті мен өнерінің дамуын; география пәні бойынша Қазақстанның табиғат жағдайларын, оның әсемділігі мен құдіретін, су, қазба байлықтарын; әдебиет пәні сабақтарында сөз өнерін, оқу мәдениетін меңгеру, өмірді ақиқат бейнесі тұрғысынан түсіну; шет тілі сабақтарында мәнерлеп оқу, оқылатын тақырыптарға сай көркем бейнелерін суреттеу, ән үйрену, оны нақышына келтіре айту т.б. толып жатқан эстетикалық тәрбиеге қатысты міндіттерді шешу барысында да атқарылады. Сонымен қатар сабақтар барысында көрнекі құралдарын пайдалану, музыкалық шығырмаларын орындау

оқылып отырған оқу материалының эстетикалық тартымдылығын қамтамасыз етсе, соның негізінде оқушыларда қызығушылық сезімі жанданады. Тіпті мұғалім мен оқушылар арасындағы ізгі қарым–қатынас, сыныптың эстетикалық тұрғыдан жабдықталуы, тазалығы оқушылардың көңіл–күйлерін жақсартып, сабаққа деген оң ықыласын тудырады [3, б. 28].

Сабақтар жүйесінен бастау алған оқушылардың эстетикалық тәрбиесі, оқудан тыс кездерінде де жалғасын табады. Оған оқушылардың сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын жатқызамыз. Мысалы, музыка пәнінен берілетін эстетикалық тәрбие тек күнделікті сабақта ғана шектелмейді. Оны мектепте жүргізілетін көркемөнерпаздар үйірмелері, концерттік бағдарламалары, байқаулары, таңертеңгіліктер, кештерді ұйымдастыру барысында жалғастырамыз.

Әдебиет пәні бойынша шағын көріністер қою, қыл қалам шеберлерімен кездесулер өткізу, қызықты кітаптар оқу, оқырмандар конференцияларын ұйымдастыру сабақтары барысында алған эстетикалық білімдері мен түсініктерін одан әрі шыңдауға, қабілеттері мен шығармашылық белсенділігін одан әрі дамуына оң ықпалын тигізеді.

Сыныптан тыс тәрбие беру жүйесінде тәрбие сағаттарын ұйымдастыру, дайындау, оны өткізу барысында олардың эстетикалық тартымдылығын қамтамассыз етудің де маңызы зор. Мұндай бұқаралық шараларды дайындау барысында оқушылардың қызығушылығын артып, ертеңгі күнге қуаныш сезімін қарайды, өткізілетін тәрбие тақырыбына сай безендіру жұмыстарымен қатар ән, би, көркем сөз өнерлерін әзірлеуге ат салысады. Оқушылардың осындай шығармашылық әрекеттері тартымды еңбек етуге, іс–әрекеттерін эстетикалық талапқа сай ұйымдастыруға жағдай туғызды. Сонымен бірге осы саладағы мәдени құндылықтарды оқушылар бойына сіңдіруге мектеп кітапханасының парасатты қызметі ерекше. Дұрыс ұйымдастырылған кітапхана жұмысы – тәрбие мектебі боп есептеледі. Кітапхана аясында өткізілген тәрбие шаралары оқушылардың көркем–әдеби шығармаларын сүю, эстетикалық талғамдарын арттыру, мәдени ой–өрісін кеңейтуге орасан зор еңбек сіңірді.Оқушылардың эстетикалық сана–сезімін, көзқарасы мен талғамын, құштарлығын арттыруда, тәрбиелік ықпалдық нәтижесін қамтамсыз етуде ұстаздар ұжымының эстетика саласында білімдері мен қабілеттерінің болуы, оқушылар өмірін «әсемдік заңы» бойынша құруда олардың өздерінің белсенді әрекеттерінің болуы да мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілікті жүктейді. Себебі, оқу

құралдары мен сыныптан тыс шаралардың мазмұны эстетикалық шараларға сай міндеттері шешуде бізге жеткілікті сияқты көрінеді, ал оларды мұғалімнің оқу–тәрбие үрдісінде қолдана білуі өзінен–өзі мүмкін секілді болып есептеледі. Практика жүзінде ол, олай емес. Осыған орай мектеп мұғалімдеріне белгілі бір мөлшерде эстетикалық даярлықтың болуы, оқушылардың көркемдікке тәрбиелеу мәселелері мен эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың бірден–бір кепілі болмақ. Бұл бағытта мектептерде мұғалімдерден құрылған көркемөнерпаздар үйірмелері, немесе үйірмелерде мұғалімдер мен оқушылардың бірлесе жұмыс істеуі мектеп үшін де, жалпы ұстаздар қауымы үшін де үлгі–өнеге болмақ [4, б. 13-14].

Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеті бар. Қазақ халқының да ғасырлары бойы қалыптасқан өзінің тәжірибесі, білімі, көркемдік пен сұлулыққа көзқарасы, рухани өмір байлығы боп табылатын бай тарихи археологиялық, этнографикалық, әдебиет және көркемөнер мұалары бар. Бұлар халықтың тарихи өмірімен, әдет–ғұрыптарымен тығыз байланыста өмір сүрген.

Қазақ халқының көшпелі тұрмыс–өмір салтында ұрпаққа көркемдік саласынан тәлім–тәрбие беру оның күнделікті өмірдің тыныс–тіршілігімен байланысты болған. Соның ішінде фольклордың, қолданбалы өнердің, халықтық музыканың, айтыс, терме өнерінің маңызы ерекше болған.

Қазақ халқы жаратылысынан өнерге өте бай, әрі оған бейім болған. Сондықтан ол өзінің сүйінші мен күйінішін жыр жолдары, ән–күй саздары арқылы шебер жеткізе білген. Өзінің көшпелі өміріне ыңғайлы етіп тұрмыстық заттарын әшекейлеуде, оларды көркемдік тұрғыдан ыңғайлы етіп жасауда іскер болған. Эстетикалық талғам деңгейі жоғары болған. Күнделікті еңбек қызметінде қолданбалы, қолөнерін дамытып отырған.

Киім киісінде, жүріс–тұрысында, қонақ күтісісінде, сый–сияпатында толып жатқан эстетика элементтері өз ұрпағын педагогика ғылымынсыз–ақ әдемілік пен әсемдікке баулуда тәрбие берудің тиісті құралына айналған. Сондықтан да қазақ халқында «Шебердің қолы ортақ» деген ақыл сөзі жоғарыда айтқандарымызға дәлел болмақ.

Сонымен бірге халқымыздың өлең–жырлары, мақал–мәтелдері, ертегілері, шешендік, қара сөздері әрі көркем, әрі образды болып келетін ауыз әдебиетіне тән жанрлары әр түрлері жастағы жастарға эстетикалық тәлім–тәрбие беруде мәдени мұраға айналды.

Халық музыкасының асқан шеберлері–әнші, күйші, жыршы, жырау, ақындарының суырып–салмалық, шешендігін,

орындаушылық, тапқырлық өнері қазақ халқының өзіне тән ерекшеліктері бола тұрып, ұл мен қыздарын осындай қасиеттерге тәрбиелеуде алдына жан салмаған. Ертеден өнер қуған, сауықшыл болған қазақ елі ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген. Аң аулап, құс салып, сауық құрған қазақ елінің бай мұрасы бүгінгі таңда да өз дәстүрін, мазмұнын жоғалтқан жоқ. Керісінше, қайта тұлетуде. Осы орайда мектеп қабырғасында жүргізіліп, қолдау тауып отырған айтыс өнері, әншілік–күйшілік жарыстар, қыз сыны, жігіт сыны секілді байқаулар, наурыз тойын тойлау, онда халықтық мәдениет, өнер саласынан түрлі элементтерін көрсету, бәрі де бүгінгі ұлттың тәрбиенің өзегі болмақ. Оның нігізгі «Атамекен», «Кәусар бұлақ», «Сенім», «Алтын көмбе», т.с.с. бағдарламаларда баяндалған. Балаларын ерте бастан еңбекке, алуан түрлі өнер бұйымдарын жасауға баулыған қазақ жұрты көркемдікке, талғамдылыққа, өнер мәдениетін игеруге, ұлттық асыл мұраларды көз қарашығындай сақтауға дағдыландырған.

«Өнерді үйрен де жирен» –деп Абай атамыз айтпақшы өнер атаулының көркемдік–танымдық маңызы зор, ол тұлғаны жан–жақты тәрбиелеуде аса маңызды құрал болып табылады. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ұлтымыздың болашағы бүгінгі ұрпақты ұлттық мәдениет, адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу мәселелерінде көзден үнемі таса етпеуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. А.,1987. – 229 б.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012.

3 Сейдалиев Н.Б. Тәрбие теориясы. А.,1986. – 28 б.

Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. А., 2004. – 13-14б.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА АУЫЗША ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ РӨЛІ

АЙТИМОВА М. К.
мұғалім, Ж. Ағаділов атындағы ЖОББМ,
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы

Қазақстан Республикасының «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында:«Математика

және информатика» білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері. Бастауыш білім беру аяқталғанда білім алушы:

- өрнектер жазу үшін, санды өрнектерді түрлендіру үшін, есептер шығару үшін математикалық символдарды, арифметикалық амалдар мен қасиеттерді; натурал сандар мен арифметикалық амалдарды ауызша және жазбаша есептеу амалдарын;

- ауызша және жазбаша санаудың рационалды тәсілдерін; геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін; сандық өрнектер мен айнымалысы бар өрнектердің мәндерін салыстыру нәтижесін... талдайды» – делінген [1].

Оқу пәндері жүйесінде математиканың рөлі ерекше болып табылады. Ол оқушыларды өзге мектеп пәндерін, әсіресе геометрия, алгебра, физика және информатиканы меңгеру барысында қолданылатын қажетті біліммен, икемділік және дағдылармен қамтамасыз етеді. Математиканы меңгеру оқушылардан жігерлі ынта, ойдың ұшқырлығын, зейін қойып оқуды талап етіледі. Сонымен қатар, математиканы меңгеру логикалық ойлаудың дамуына және оқушылардың ой-өрісінің кеңеюіне ықпал етеді, сондықтан математикаға деген танымдық қызығушылықты дамыту қажет, оны ауызша жаттығулардың алуан түрлерін қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

Ауызша жаттығулар – ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру құралдарының бірі. Ауызша жұмыс барысында оқушы объектілер, құбылыстар арасындағы байланысты табуды, оларды салыстыруды, жинақтауды үйренеді, жадыны дамытады, сонымен қатар, ақылдың орамдылығын да дамытады, өз ой-пікірлерін бақылауға үйренеді.

Ауызша есептеу күнделікті жұмыста көп қолданылады,оған дағдылану баланың зейінін арттырады, жазбаша есептеуді жеңілдетеді. Оқушылар алдымен екі таңбалы сандарды, кейін көп таңбалы сандарды ауызша және қысқаша көбейту әдістері бойынша орындауды меңгереді.

Математика сабағында ауызша жаттығуларды қолданудың ерекшелігі төмендегіде:

- ауызша жаттығулар математикалық білімнің жалпы деңгейін арттыруға және мектеп курсын саналы түрде меңгеруге ықпал етеді;

- ауызша жаттығулар оқушыларда ұсынылған есептерді шешу үшін белгілі заң, формула, теоремалардың ішінен қажеттісін тез арада таңдап алу дағдысын дамытады;

- ауызша жаттығулар жадының дамуына ықпал етеді, математикалық фактілерді көру арқылы қабылдау қабілетін дамытады, кеңістіктік қиялды жетілдіреді.

Математика сабағындағы ауызша жаттығулар сыныппен, оқушылармен жұмыстың әртүрлі түрлерінде өткізілуі мүмкін: математикалық, арифметикалық, графикалық диктанттар, математикалық лото, ребустар, кроссвордтар, тестер және т.б.

Ауызша жұмыс әртүрлі болуы керек, өйткені ол оқушылардың ойлау қызметін белсендендіруге ғана емес, сонымен қатар математикаға деген қызығушылықты да дамытуға бағытталған.

Математика сабағындағы ауызша жаттығулар оқытушының сабаққа дайындалу барысында қойылатын келесі мақсаттарды көздейді:

- сабақта қойылған мақсаттарға жету;
- есептеу дағдыларын дамыту;
- математикалық мәдениетті, сөйлеуді дамыту;
- алған білімдерін жаңа тапсырмаларды орындау кезінде қолдана білу.

Ауызша есептеу дағдылары оқушылардың келесі жаттығуларды орындау барысында қалыптасады:

- математикалық өрнектердің мәндерін табу;
- математикалық өрнектерді салыстыру;
- теңдеулерді шешу;
- есептерді шығару.

Ауызша есептеу дағдыларын үнемі жетілдіріп отыру үшін ауызша және жазбаша есептеу әдістерін қолдануда дұрыс тепе-теңдікті орнату қажет, атап айтқанда, ауызша есептеу қиын болған жағдайда ғана жазбаша түрде есептеу керек.

Ауызша есептеу жаттығулары кешеніне алгебралық және геометриялық материалдар, қарапайымесептер мен тапқырлыққа берілген есептерді шығару, сандар мен шамалармен амалдардың сипаттары және т.б. жатады.

Ауызша есептеудің дұрыстығы мен шапшаңдығына қол жеткізу үшін төрт жыл бойы оқыту кезінде математиканың әрбір сабағында әрбір сыныптың бағдарламасында қарастырылған ауызша есептеуге арналған жаттығуларды өткізу үшін 5-10 минут бөлу қажет.

Мұғалім сабақтың осы кезеңіне материалды оқулықтардан, сонымен қатар ауызша тапсырмалар мен жаттығулардың арнайы жинағынан таңдап алады. Ауызша жаттығулар сабақтың тақырыбы мен мақсатына сәйкес болуы және жаңа сабақта зерттелген немесе

өткен материалды игеруге көмектесуі тиіс. Осыған байланысты мұғалім ауызша есептудің сабақтағы орнын анықтайды.

Ауызша жаттығуларды өткізу барысында мұғалім барлық оқушылардың жұмыс істеп жатқанына сенімді болуы тиіс.

Барлық оқушының жұмысқа қатысуын қамтамасыз ету үшін бірнеше шарттарды сақтау қажет:

- ауызша жаттығуларға арналған тапсырмалар алдын ала тақтаға (тақта, проектор) жазылуы тиіс;

- ауызша түрде шешілетін геометриялық есептердің шарттарын суреттепкөрсету керек;

- ауызша жаттығуларды өзіндік немесе бақылау жұмыстары кезінде ұқсас типтегі жаттығуларды жазбаша орындаумен алмастыру қажет. Бұл шарт бұзылған жағдайда, оқушалардың көбі бақылау жұмысында дәп осындай тапсырмаларды орындай алмайды;

- оқушылар есепті шешімін ойлап алу үшін, ауызша жаттығуларды орындау барысында үзіліс жасау керек.

Ауызша есепті қабылдау түрлері:

1) Есту арқылы. Бұл жерде тапсырманы есту арқылы қабылдау кезінде жадыға ауыртпашылық түседі де оқушылар тез шаршайды. Алайда, мұндай жаттығулар өте пайдалы: олар есту жадысын дамытады.

2) Көру арқылы (кестелер, плакаттар, тақтаға жазу және т.б.) – тапсырманы жазу есептеуді жеңілдетеді (сандарды есте сақтауды қажет етпейді).

3) Аралас.

Сонымен қатар:

Кері байланыс (жауаптарын карточка арқылы көрсету).

Нұсқалар бойынша тапсырмалар (дербестілікті қамтамасыз етеді)

Ойын түріндегі жаттығулар.

Ауызша жаттығуларды ұйымдастыруда есептеу сипатындағы тапсырмаларды қолданған кезде оқытушы кейін есеп, теңдеулерді шығару барысында уақыт үнемдейді. Оқушыларға көрсеткен пайдалы болып табылатын ауызша есептеудің бірқатар тәсілдері бар, оларды арифметикалық есептеулерді талап ететін тапсырмаларды шығару кезінде қолданған пайдалы болып табылады [2].

Көбейту тәсілдері және көбейтудің үлестірімділік қасиетін пайдалану.

Нөлдермен аяқталатын сандарды ауызша көбейту және бөлу тәсілдері. Нөлдермен аяқталатын санды нөлдермен аяқталатын санға ауызша көбейткенде, нөлге көңіл аудармай көбейткен

ыңғайлы. Содан соң екі көбейткіште қанша нөл болса, соңына сонша нөл тіркеледі. Мысалы: 16 000 · 2 000 = 32 000 000.

Нөлдермен аяқталатын санды нөлдермен аяқталатын санға ауызша (қалдықсыз) бөлген кезде, алдымен бөлінгіш пен бөлгіштегі нөлдерді теңдей қысқарту керек. Бөлуді содан кейін орындаған ыңғайлы. Мысалы: 240 000 : 6 000= 240 : 6 =10, 20,... жақын сандарға көбейту. 25 • 12 = 25(10 + 2) = 250+50 = 300.

5, 25, 125-ке көбейту тәсілдері. 5 = 10/2; 25 = 100/4; 125 = 1000/8. Сандар қасиеттерін қолдана отырып 25-ке көбейту барысында 4-ке бөліп, екі нөлдітіркепжазған жеткілікті, 125-ке көбейту кезінде – санды 8-ге бөлеміз де 3 нөлді тіркеп жазамыз. Балалар екі нөлді тіркеп жазу дегенді, санды 100-ге көбейту екендігін түсінуі қажет.

5, 25, 125 бөлу тәсілдері. Алгоритм операциясы кері тәртіпте орындалады, мысалы, 25-ке бөлу кезінде санды 4-ке көбейтеміз де 100-ге бөлеміз.

Сандарды 9, 99, 999-ға көбейту тәсілдері. 56 • 9 = 56 • 10 - 56 = 560 - 56 = 504

Көбейткіштерді жіктеу әдісі: 25 • 22 = 25 • 2 • 11 = 550; 148 • 35 = 148 • 5 • 7 = 740 • 7 = 5180.

5-ке аяқталатын сандарды квадратқа айналдыру:5: 352= 1225. Ондықтар саны 3-ті натуралды қатарындағы көршілес саны 4-ке көбейтіп, 25-ті қоса тіркейміз.

Оқушылардың ақпараттық білімін арттыратын, ауызша есептеу дағдыларын бекітетін 2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,...-ке бөлу белгілерін қолдануға арналған көптеген мысалдар бар.

Қорытынды. Математика сабақтарында ауызша есептеуіргелі есептеу дағдыларын дамытуға және қалыптастыруға ықпал ететіндігімен қатар, оқу-танымдық іс-әрекеттің, логикалық ойлауды дамытудың және баланың жеке қасиеттерін дамытудың маңызды қозғаушы күштерінің бірі ретінде балалардың математикалық сабақтарға танымдық қызығушылығын дағдыландару мен арттыруда да маңызды рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

2 Роль устных упражнений на уроке математики. [Электронный ресурс]. – https://www.uchportal.ru/publ/23-1-0-10441. [дата обращения 30.03.2020].

СПОСОБЫ ЭФФЕКТИВНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В СЕМЬЕ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ГАРМОНИЧНОЙ ЛИЧНОСТИ РЕБЁНКА И УКРЕПЛЕНИЯ СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

АЙТКЕНОВА Г. А.
руководитель, Методическое объединение педагогов-организаторов-кураторов, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар
ШУМАХЕР О. В.
магистр, координатор психологической службы, педагог-психолог, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

В современном мире одной из главных ценностей нашей страны является забота о семье, так как забота о семье в итоге выливается в заботу о стране. Семья – очень важное, ответственное дело человека. Семья приносит полноту жизни, счастье, но каждая семья является, прежде всего, большим делом, имеющим государственное значение [6].

Роль семьи в жизни ребенка неизмеримо велика по своей важности. Важность семьи как института воспитания обусловлена тем, что в ней ребенок находится в течение значительной части своей жизни, и по длительности своего воздействия на личность ни один из институтов воспитания не может сравниться с семьёй. То, что ребенок в детские годы приобретает в семье, он сохраняет в течение всей последующей жизни [8].

Можно с уверенностью сказать, что дом, в котором нет дружбы, добрых отношений между старшими и младшими, нельзя назвать счастливым. Поэтому дружбу родителей и детей мы вправе причислить к нравственным ценностям семьи [3].

Искренние, уважительные отношения устанавливаются, как правило, лишь в семьях, где отношения строятся по типу сотрудничества. Начинающие такие отношения семьи отличает взаимная тактичность, вежливость, выдержка, умение уступать, вовремя выйти из конфликта и с достоинством переносить невзгоды [4].

Укрепление семейных ценностей включает в себя необходимость уделять внимание ребенку и развитие гармоничных отношений с ним. Целенаправленное саморазвитие и развитие отношений ведет к сплочению семьи и личностному росту, как ребенка, так и родителей. Важно помочь подрастающему поколению в успешном развитии личностных качеств, умения разбираться в собственных качествах и качествах других людей. Вот поэтому подготовке подрастающего поколения к семейной жизни надо уделять самое пристальное внимание [5,1].

Существует множество разных методов и программ для укрепления отношений между детьми и родителями. В школах системы НИШ начиная с прошлого учебного года реализуется программа«Крепкая семья». Программа расчитана на подростков 12-14 лет и их родителей.

В прошлом году по программе «Крепкая семья» прошел обучение один класс, в этом же году обучение прошли дети и родители семи классов. В общем в течении двух лет на базе Назарбаев интеллектуальной школы химико-биологического напраления г. Павлодара прошли обучение 72 семьи. Эта программа была адаптирована Школой здоровья и социального благополучия при университете Оксфорд Брукс, Великобритания. Над адаптацией программы работали: Дебби Ален, доктор философии, старший преподаватель университета Оксфорд Брукс; Дэвид Р.Фокскрофт, доктор философии, профессор университета Оксфорд Брукс; Линдси Кумбс, старший преподаватель университета Оксфорд Брукс[7].

По оригинальным источникам:Вирджинии К. Молгаард, доктора философии, адъюнкт-профессора и специалиста по семейной жизни заочных курсов Государственного университета штата Айова; Кэрол Кампфер, доктора философии, адъюнкт-профессора Университета штата Юта; и Элизабет Флеминг, специалиста по семейной жизни Государственного университета штата Айова.

Развитию этого курса способствовали высококачественные научные исследования, проведенные в штате Айова, США, где изучалась эффективность программы «Крепкая семья».Этому исследованию было отведено основное место в ежегодном обзоре, подготовленном некоммерческой организацией«Кокрановское сотрудничество» и созданном при поддержке Всемирной организации здравоохранения, а также Британского совета предотвращению и исследованию алкоголизма. Этот обзор был озвучен на государственной конференции Евросоюза – Всемирной организации здравоохранения, которая проходила в Стокгольме в 2001 году. В ходе этой конференции была подписана декларация «Молодые люди и алкоголь». Национальный институт здоровья и качества медицинской помощи также в своем отчете, посвященном предотвращению злоупотребления алкоголем и развития раковых опухолей, подчеркнул, что программа «Крепкая семья» имеет массу преимуществ. В 2006 году во втором обзоре, подготовленном «Кокрановским сотрудничеством», была высоко оценена роль программы в предотвращении злоупотребления наркотиками

среди молодежи. В обоих этих обзорах подчеркивалась важность и неодходимость дальнейших научных исследований, призванных повторить открытия ученых из Айовы.

В программу «Крепкая семья»включены специальные задания, направленные на:

- то, чтобы помочь родителям/опекунам научиться поддерживать своих детей;
- то, чтобы научить родителей/опекунов эффективно поддерживать дисциплину и воспитывать своих детей;
- дать детям положительную мотивацию на будущее и сформировать у них положительное отношение к своим родителям/опекунам;
- научить молодежь справляться со стрессом и давлением со стороны сверстников.

Программа состоит из семи сессий, каждая из сессий всключает в себя занятие с родителями, занятие с подростками и совместное, семейное занятие. Занятие проводятся раз в неделю. Каждая сессия завершается совместным чаепитием, на котором, была возможность всем участникам программы в неформальной обстановке поделиться своими впечатлениями от занятия. Дети в каждой из групп из одного класса и поэтому знакомы, а родители до этого встречались на родительском собрании, а познакомились на занятии, на первой сессии некоторые были насторожены, приглядывались друг к другу. С каждым разом обстановка становилась доброжелательной, общение более открытое и доверительное, чувствовался позитивный настрой как на сами занятия, так и на общение между всеми участниками.

Обучение по данной программе у авторов Дебби Ален, доктор философии, старший преподавател университета Оксфорд Брукс; Линдси Кумбс, старший преподаватель университета Оксфорд Брукс, из нашей школы прошли педагог-психолог Шумахер О. В. и педагог-куратор Айткенова Г. А.

Для того, чтобы програма стала еще более эффнктивной и её могил в своей работе использовать все кураторы, были организованны обучающие занятия для педогогов-психологов, кураторов, воспитателей по программе «Крепкая семья». Занятия проходили в интерактивном режиме обучения и проживания всех этапов программы. Многие участники ометили, что занятия для них были очень полезными, не только в профессиональном смысле, но и как родителей у которых есть свои дети.

В первую очередь программа по-новому дает посмотреть на воспитание детей. Ведь родители воспитывались в советское время, где в приоритете были совсем другие ценности. Но время меняется, вместе с ним и семейные ценности стали ставится выше и отношения сейчас строятся на равноправной основе.

Программа не только актуализирует многие темы воспитания, но, и в то же время, на каждом занятии даются практические советы: как можно менять отношения в семье; как правильно строить оношения с детьми; как показывать им свою любовь и заботу; как сделать, чтобы подростки поступали правильно; как научиться считаться с их мнением, не теряя свой авторитет.

Совместные сессии показали, что для многих родителей дети проявились с другой стороны, обсуждение целей и мечтаний, было очень полезно для родителей, было заметно, что такой формат общения для некоторых семей не привычен, и они учаться общаться друг с другом по новому.

Активность родителей при обсуждении домашнего задания возрастала с каждым занятием. Они стали больше делиться своими, как удачами так и не удачами, стали давать друг другу советы и поддерживать друг друга. Совместные упражнения, такие как: «семейный щит», «карта сокровищ», «древо семьи» – вдохновили семьи и дали возможность детям высказать своё мнение и быть услышанными родителями, а детям в свою очередь научиться прислушиваться к своим родителям.

Совместные упражнения– объединяют семью, это хорошо заметно, когда из сессии в сессию наблюдается динамика изменения отношений между подростками и их родителями. Пройдя полный курс, родители по-другому оценили семейные ценности, научились наводить мосты в отношениях между детьми, правильно применять полученные навыки и справляться со стрессом [2].

Анализируя, какими инструментами из полученных на занятиях родители пользуются, к своему удивления, они осознали, что очень много для себя взяли. Это – понимание, того, какие чувства испытывают дети; правила дома; наказывать и поощрять надо правильно; учитывать возраст своего ребенка; похвала за хорошее поведение; семейные собрания; Кто, Что, Где, Когда; «Я»-предложения; выходить из комнаты, чтобы остыть; смотреть на вещи глазами своего ребенка; говорить с детьми о своих ценностях и надеждах; говорить «нет» по-доброму, но твердо.

Ведь все ценное в ребенке закладывается в семье, а многие семьи как мы видим, неправильно строят отношения, а с помощью этого курса мы сможем помочь многим семьям.

ЛИТЕРАТУРА

1 Гребенщиков И.В. Основы семейной жизни. – М.: Просвещение, 1991. – 158с.

2 Михеева А.Р. Некоторые особенности современного процесса формирования семьи /А.Р. Михеева//ЭКО. – 1999. – № 9. – С. 120-130.

3 Кон И.С. В поисках себя. М.: 1989; «Человек и его ценности». М.: 1988.– 79с.

4.Дармодехин С.В. Проблемы развития системы воспитания детей в Российской Федерации// Педагогика. – 2001. – № 1.– 23с.

5 Лапин Н.И. Ценности в кризисном социуме// Ценности социальных групп и кризис общества. Отв. ред. Н.И. Лапин. – М.: ИФАН, 1991.– С. 58-60.

6 Мудрик А.В., Тупицын А.Ю. Воспитание как социальная проблема// Семья в России. – 1999.– № 1-2.– 14с.

7. Университет Оксфорд Брукс. Весна 2006// Программа «Крепкая семья» [Электронный ресурс]–URL: http://mystrongfamily.org/

8 Прокопьева Ю. П., Прокопьева М. М. Роль семьи в воспитании ребёнка // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 26. – С. 257–258. [Электронный ресурс]–URL: http://e-koncept.ru/2017/770766.htm.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН ТИІМДІЛІГІ

АҚЫЛОВА Г. З.
мұғалім, Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі заман талабына сай білім беру –бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі екені белгілі. Қай заманда болмасын, қай жаста да білім алу маңызды. Адам баласы үздіксіз оқудың арқасында өзін-өзі рухани тұрғыдан жетілдіріп, тәрбиелей біледі. XXI ғасыр білім-ғылымның ғасыры десек, Елбасымыздың көрегенді саясатының білім беру саласына көп көңіл бөлгеннің нәтижесінде әлемдік

деңгейдегі білім берудің инновациялық технологиясын игеруге ел болып күш салудамыз. Білімді ұрпақты білім нәрімен сусындататын да шәкірттер бойындағы қабілет, дарынды ашатын да ұстаздар қауымы. Бүгінгі таңда уақыт ағымы ұстаздар қауымына жаңа міндеттер, ауқымды таланттар қойып отыр. Оқытушының алдында тұрған ең басты міндет- оқушының білімге деген ынтасын арттыра білу және жаңа деңгейге көтере білу. «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» - деп К.Д.Ушинский айтқандай, оқушылардың қызығушылығын арттыру және олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, баланың білім алуға деген баланың құштарлығын ояту үшін қазіргі уақытта ұстаздар көп іздену және өзін жетілдіру керек. Жоғарғы технологиялар заманында адамға жан жақтан түрлі ақпарат келіп түседі. Сондықтан қазіргі заман кісілері ақпараттармен жұмыс жасай біліп, керегін алып, қолдана алу бейімділігін қажет етеді. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Ағартушы, ғалым А. Байтұрсынов жатықта түсінікті тілмен: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ, олақтың белгісі бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу және керек орнында жоқ әдісті табу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» деп атап кетті. Мен осы пікірді өзімнің мамандығымның ұраны етіп алдым, себебі толықтай келісемін. Олай болса, бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту аясында біздің міндетіміз оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту,сол әдістер арқылы оқушылардың оқу сапасын арттыруда мұғалім жұмысында санқилы әдіс-тәсілдерді пайдалану.

Өзім бастауыш сыныптармен жұмыс істегендіктен сабақтарда ойын әдістерін тиімді қолданғанды ұнатамын. Ойынды басқара жүріп, мұғалім баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды. Ойынды негізінен ақыл ой, адамгершілік, эстетикалық және дене мүшелерінің дұрыс қалыптастыру мақсаттары үшін пайдаланады. Мазмұны ойлай білуге құрылған ойын процесінде балалардың білімі мен түсінігі айқындалып, тереңдей түседі. Ойын үстінде қайсы бір ролді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетінде көрсетеді. Кейде адамдардың еңбегі туралы нақты түсініктері дәйексіз болады, мұғалім еңбек туралы ұғымдарын кеңейту үшін мазмұнды, тәрбиелік сипаты мол түрлерін таңдап алған жөн. Балалар бәрін білуге құштар, сұрақ көп қояды. Ұстаздың бала

меселін қайтармай сол сұрақтарға толық жауап қайтаруы, ойын кезіндегі әңгімелеріне құлақ түріп, дұрыс сөйлеуге әдептіліке үйретуі, өзара түсінісулеріне, келісуіне көмектесуі керек.

Демек ойын балалардың алған білімдері түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге өзінше бір белсенді танымдық іс-әрекет формасы болып табылады. Сондықтан оқу-тәрбие процесіне ойынды дұрыс кірістіріп, оның барлық тиімді мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор. Түптеп келгенде, тәрбие құралдарының басқа түрлері сияқты ойынның да білімділік, тәрбиелік мүмкіндіктерін балалардың жас ерекшеліктеріне, сабақ мазмұнына жақсы үйлестіре қолдану мұғалім ізденісіне, шеберлігіне байланысты. Ол үшін мұғалім ойынды пайдалану методикасын да, ойын түрлерін таңдап-талғауға да қойылатын талаптарды жете білуге тиіс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту,яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды обьективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Заман талабына сай жыл сайын білім беру саласында да көптеген өзгерістер болып жатыр. Оқыту бағдарламасы дамыта оқыту қағидасын ұстанғандықтан, көп мәселе оқулықтың басынан аяғына дейін сәл күрделене түсіп, қайталанып отырады. Оқулық мазмұны оқушыны дамыту және оқыта отырып тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондықтанда шәкірттерге тиянақты білім беру мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен шеберлігін қажет етеді. Жас ұрпаққа саналы білім беруге оқу материалдарын толық меңгерту мақсатында оқытудың жаңа технологиясының бірі балаларға оқу материалдарын ойын арқылы оқыту технологиясын пайдаланған жөн. Дидактикалық ойындарды сабақта пайдаланғанда арнайы мақсат көздеп, нақты міндеттерді шешу. Ойнатылатын ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Дидактикалық ойындарды сабақта пайдалана отырып, олардың балаға тигізетін мынадай маңыздылықтары бар.

Ойын оқушылардың қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейтеді. Оны бекітіп, нақтылай түседі.

Әрбір дидактикалық ойын оқушыны ойлай білуге баулып, сөздік қорын молайтады, ақыл-ой қызметін қалыптастырады.

Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Ойын ережелері балаларды ұстамдылықты, тәртіптілікті қажет етеді.

Қазақ тілінен баланы қызықтыру, ынталандыру, логикалық ойлау қабілетін арттыру, өтілген тақырыпты қорыту мақсатында «Алтын қақпа» ойынын ойнау. Өткен тақырыпты қалай меңгергенімізді тексеру үшін «Алтын қақпа» ойынын ойнаймыз. Алтын қақпаға жету үшін балалар алдымызда көптеген кедергілер бар. Солардан сүрінбей өту үшін бірінші қола қақпа бар, соны ашумыз керек. Ол үшін мына сөздердің мағынасын түсіндіріп бересіндер,- деп тапсырманы орындату. Екінші кедергі күміс қақпа. Ол қақпаның тасырмасы сәл күрделене түседі. Бұл тапсырмада тірек сызбасын пайдаланады. Олар ойларын жинақтағанда көптеген пікірлер шығады. Сөйтіп күміс қақпаның есігін ашамыз. Алтын қақпаның тапсырмасын орындау үшін Венн диаграммасын пайдалану. Онда балалар тапсырманың ортақ пікірін қорытып, алтын қақпаның есігін ашады. Қазақ тілінен «Сөзден сөз тер» ойыны. Кез-келген сөзді алып, одан көптеген жаңа сөздер шығару. Мысалы «Салақтық» сөзі. (Жауабы:сал, сала,тыс, қас, асық, сақа, қатық, ақ, ала, қасық, лақ, қала, лас,таса,тақа т.б) Ойын кезінде сабаққа аз қатысатын оқушылардың өздері ойынға араласып сабаққа белсене араласады. Сандар өтілетін сабақта ойынның негізгі міндеттері-оқушының санау, есептеу дағдыларын қалыптастырып жетілдіру, баланың қызығушылығын туғызып, белсенділігін арттыру. Ойынды пайдалану жиілігін мұғалім өзі анықтайды және шығармашылықпен түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау тексеру кезінде қолданып отырады.

«Киіз үй тігейік» ойыны.

Дидактикалық мақсаты: өткен тақырыпты қайталау, ежелден келе жатқан қазақ халқының мекен-жайы, тұрағы киіз үй туралы түсінік беру. Керекті құралдар: Киіз үйдің сүйектерінің суреттері, сан есімдер жазылған карточкалар. Мазмұны: Киіз үй сүйектері суреттерінің артына тапсырмалар жазылған. Өткен тақырыптарды қайталай отырып, оқушылар киіз үйді тігеді. Киіз үйдің сүйектерін атайды.

Шаңырақ.

Уық.

Кереге.

Сықырлауық.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан мекен-жайы – киіз үй туралы әңгімелеу. Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың оқу үрдісіне «ойын» түрлерін оның ішінде ұлттық ойындарды пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады. Сонымен бірге оқушы ұлттық құндылықтар туралы мағлұмат алып, халықтың өзіндік ерекшелігі мен мәдениетін құрметтеуге талпынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оразбекова.К. Бастауыш мектеп, А., 2004. Б. 322

2 Наурызбайқызы.Ә. Әубәкірқызы.Қ., Мукамбетқызы.С. Математикадан дидактикалық материалдар мен ойындар.А., 1994. Б. 155

3 Муканова.Л.М. Ойын технологиясы оқушылардың білімін дамыту құралы. А., 2011

4 Сағындықов Е.Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы. «Рауан», 1991.

5 Төтенаев А.Г. Қазақтың ұлттық ырықты және спорттық ойындары. Алматы, 1995.

ВИЗУАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ КАК ОСНОВА АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

АЛИНОВА К. М.
учитель, Школа-гимназия № 35, г. Экибастуз
ТАЙГАНОВА А. Р.
учитель, Школа-гимназия № 35, г.Экибастуз

Вопрос формирования учебных способностей школьников в условиях обновленного содержания образования является важным и значимым. Способность учащегося воспринимать информацию и обучаться с годами уменьшается, поэтому восполнить допущенные упущения на последующих этапах развития личности будет непросто. Из этого следует, что чем полнее будут реализованы все возможности школьников, тем большего они смогут достичь в своей жизни. Таким эффективным методом усвоения информации является визуализации учебного материала.

Визуальная грамотность соответствует всем современным требованиям и является элементом функциональной грамотности, что актуально на сегодняшний день [4].

В основе планирования программ по предмету «Математика» применяется принцип спиральной образовательной программы. Джером Брунер в «Процессе образования» полагал, что даже самый сложный материал может быть понятен очень маленьким детям, если он правильно организован и представлен. Брунер выдвинул гипотезу о том, что человеческое познание проходит три этапа: игровой, изобразительный и символический [4]. Эти этапы служат информационной основой спиральной образовательной программы. Творческая группа учителей математики нашей школы ставит целью применять на уроках техники графического отображения учебной информации, способствующие самостоятельному и качественному усвоению содержания образования.

Определены следующие задачи деятельности творческой группы:

изучить принципы и функции визуализации; определить и использовать результаты апробации техник визуализации на уроках математики; составить таблицу соответствия техник визуализации и программного материала по математике.

Что же такое визуализация? Визуализация в широком понимании – это процесс создания образов, а также процесс представления информации в виде изображений, таблиц или схем.

Способ представления учебного материала в виде изображения основывается на важности восприятия, а также на главной роли образного мышления в процессах познания. Ученик должен подготовить свое сознание к постоянному потоку информационной нагрузки и к миру, состоящему из графических изображений.

Процесс графического отображения учебного материала представляет собой систему, в которую входят следующие составляющие: знания по изучаемому предмету; графические способы отображения знаний; графические и технические инструменты передачи числовой или текстовой информации; психологические методы, которые способствуют формированию образного мышления в процессе образовательной деятельности.

Технология визуализации имеет много общего с педагогической концепцией визуальной грамотности. В основе этой концепции лежат положения о важности визуальной интерпретации в жизни человека в момент познания мира и своего предназначения.

Центральное место занимает положение о роли образа в процессах восприятия и осмысления, необходимости подготовки сознания к деятельности в условиях все более «визуализирующего» мира и увеличения информационной нагрузки. Методологической основой осуществления визуализации служит принцип системного квантования и принцип когнитивной визуализации. Системное квантование происходит из особенностей осуществления мыслительного процесса человека, которые проявляется через различные знаковые системы: языковые, символические, графические.

Различные типы моделей представления знаний в сжатом виде совпадают с особенностью человека мыслить образами. Изучение, понимание и осмысление текста или любой другой информации – все это как раз и есть представление схем в уме, зашифровка материала. При желании или необходимости человек может воссоздать зашифрованный текст, то есть «развернуть» его [2, с. 58].

Принцип системного квантования состоит из следующих пунктов:

большой объем учебного материала сложно усвоить и запомнить; системно расположенный учебный материал лучше воспринимается; выделение ключевых слов в учебном материале влияет на эффективность восприятия информации.

Принцип познавательной визуализации основан на психологических закономерностях, с помощью которых улучшается процесс усвоения полученной информации. Наглядность в обучении выполняет не только визуальную, но и познавательную функцию: применяются познавательные графические учебные компоненты. К процессу восприятия информации подключается правое полушарие, которое отвечает за обработку данных, представленных графическими образами. В то же время рисунки, схемы и другие изображения служат опорой, которая иллюстрирует содержание, а также придает знаниям системность.

В системе преподавания нашей школы всегда использовались различные способы изображения учебного материала. Эти способы для облегчения процесса обучения и для проявления познавательной деятельности школьников. Иллюстрированный учебный курс позволяет развить способность не только образного, но и абстрактного и логического мышления.

Рассмотрим функции визуализации: визуализация способствует формированию четкого предметного представления материала; позволяет отследить степень усвоения информации; пробуждает

интерес к познавательному процессу. Визуализация обращает внимание на важный аспект информации и переключает внимание на другой объект; способствует появлению собственных ассоциаций; проверяет внимательность и наблюдательность школьников в процессе обучения. Также визуализация формирует способность самостоятельно делать выводы и логические умозаключения; способствует умению проводить аналогии, обосновывать свою точку зрения, формулировать аргументы в защиту своей позиции, закреплять изученный материал. Кроме этого, развивает оценочное мышление; получает новую информацию; развивает способность воплощать полученные знания в единую целостную картину о событии или объекте [3, с. 4].

В учебной деятельности мы практикуем несколько техник графического отображения учебной информации.

Таймлайн (от англ. timeline – буквально «линия времени») – это шкала времени, представленная прямым отрезком, на который в хронологическом порядке отмечаются произошедшие события. Такие линии, или другими словами ленты времени, в основном используются при работе с биографиями известных людей и их творчеством, служат школьникам инструментом для формирования системного взгляда на события исторической давности. Структура образовательной программы по предмету «Математика» образует ленту курса математики: Числа – Алгебра – Геометрия – Статистика и теория вероятностей – Математическое моделирование и анализ. Каждый элемент ленты может быть представлен в виде ленты раздела. Например, по разделу «Алгебра» имеем: Алгебраические выражения и преобразования – Уравнения и неравенства, их системы и совокупности – Последовательности и суммирование – Тригонометрия.Мы считаем, что таймлайны в математике служат школьникам инструментом для формирования системного взгляда на структурные линии предмета. Приложение 1.

Интеллект-карта (ментальная карта, таблица связей, mindmap) – это графический способ представления идей, различных концепций и информаций в виде карт или таблиц, состоящих из ключевых и вторичных тем. Другим словами, интеллект- карта представляет собой инструмент для систематизации и структурирования идей, планирования учебного и свободного времени, запоминание больших объемов информации и проведения брейнштормов.

Интеллектуальные карты на сегодняшний день – это один из самых универсальных и простых в использовании приёмов

для увеличения эффективности умственной деятельности. Они позволяют упорядочить материал и сконцентрировать внимание на нужной информации [1, с. 36].

Автор этой методики английский писатель и популяризатор науки Тони Бьюзен. Интеллект-карта всегда строится вокруг центрального объекта. Каждое слово и графическое изображение становятся по определению центром очередной ассоциации, а весь процесс построения карты представляет собой потенциально бесконечную цепь ответвляющихся ассоциаций, исходящих из общего центра или сходящихся к нему. А поскольку интеллект-карты интегрируют изображения, цвета и символы, можно говорить о них как о методе «целостного» мышления [2, с.45].

Приведем пример одного из видов интеллект-карт- мастер-карты.Mastermaps представляют собой объемные карты к целой области знаний, например, по материалам одного раздела или темы. Такой областью знаний является раздел «Тригонометрия». Наша мастер-карта используется в течение ряда лет и получила название «Тригонометр». Ее центральным объектом является единичный круг, с нанесенной шкалой градусных и радианных мер популярных углов. Ассоциативным рядом являются свойства откладывания углов; свойства четности и нечетности тригонометрических функций с демонстрацией их знаков по четвертям. Наличие рабочих углов ($\frac{\pi}{2} \pm \alpha$; $\pi \pm \alpha$; $\frac{3\pi}{2} \pm \alpha$; $2\pi \pm \alpha$) в цветовой гамме является мощным сигналом для запоминания тридцати двух формул приведения. Оборотная сторона «Тригонометра» имеет мнемоническую схему всех формул тригонометрии. Приложение 2.

Скрайбинг (в переводе с английского «scribe» – делать наброски или эскизы) – это один из способов иллюстрации сообщения путем использования графических символов, которые доступно отображают содержание и внутренние связи сообщения. Эта техника визуализации впервые была изобретена британским художником Эндрю Парком. Представление информации посредством использования скрайбинга является искусством. Прежде всего, потому, что произносимая «на лету» речь, сопровождается фломастерными зарисовками на белой доске или же листе бумаги. Как правило, на доске (или листе) изображаются ключевые моменты рассказа и показываются взаимосвязи между ними. Создание ярких образов вызывает у слушателя визуальные ассоциации с происходящим, что и обеспечивает высокий процент усвоения информации, а значит и результативность обучения.

В нашей практике мы используем изображение решения тригонометрических неравенств на единичном круге. Учащиеся сопровождают каждый шаг алгоритма решения неравенства зарисовками: числового промежутка; соответствующей дуги; ограничивающих углов на единичном круге. Полученные визуальные ассоциации позволяют записать частные и общие решения неравенства. Приложение 3.

Инфографика – это еще один из графических способов передачи данных. Здесь главными принципами являются содержательность, смысл, легкость восприятия и аллегоричность. Для организации инфографики могут быть использованы различные таблицы, диаграммы, и графические элементы [3, с.7]. На примере преобразований графиков функций (параллельный перенос по осям координат; сжатие и растяжение в k раз; симметрия, связанная с модулем; а также их композиции)содержательность свойств функций усваивается учащимися осмысленно. Приложение 4.

Краткое описание учебного материала по кластерам, постерам, таблицам: озвучивание, декодирование символов и основных понятий, а также взаимосвязей между ними приводит к полному образному эмоциональному восприятию материала. Такой принцип познавательной визуализации соответствует деятельностному подходу обучения.

Культура общества XXI в. переживает исторический период, который характеризуется расцветом визуальности, где изображения приобретают наибольшее значение в осуществлении коммуникаций, выступая средством передачи знаний, эмоций, ценностей и эстетических чувств. По мнению СьюзанЗонтаг, общество становится современным при условии, что основным действием, осуществляемым в его пространстве, становится производство и потребление изображений. Поэтому умение воспринимать, интерпретировать визуальную информацию, а также адекватно применять ее на сегодняшний день являются не менее важными критериями эффективного функционирования индивида, чем умение читать и писать и являются составными элементами нового типа грамотности – визуальной [4].

Практически все содержание госпрограммы «Цифровой Казахстан» имеет визуальную картину в разных отраслях экономики, здравоохранения, образования. Развитие визуальной грамотности учащихся – это современная необходимость конкурентноспособного гражданина, готового принять вызовы XXI века.

ЛИТЕРАТУРА

1 Мюллер Х. Составление ментальных карт: метод генерации и структурирования идей / Пер. снем. В.В. Мартыновой, М.М. Демина. // М.: Омега-Л, 2007. – 126 с.

2 Бьюзен Т. Супермышление / Т. Бьюзен, Б. Бьюзен. // 2-е изд. – Минск: Попурри, 2003. – 304 с.

3 Ермолаева Ж.Е., Герасимова И.Н., Лапухова О.В. Инфографика как способ визуализации учебной информации // Концепт. – №11, - 2014. С.1-10.

4 Визуальная грамотность [Электронный ресурс]– Режим доступа: http://didacts.ru/termin/vizualnaja-gramotnost.html[дата обращения 15.01.2020]

Приложение 1

Таймлайн.
Таблица разделов учебной программ
Структура образовательной программы
Цели обучения по предмету «Математика»
делятся на пять разделов:

Раздел 2:	Алгебра

Подразделы, соответствующие уровню навыка или темы, знания или понимания:

Раздел 2	Алгебра
Подраздел 2.1	Алгебраические выражения и преобразования
Подраздел 2.2	Уравнения и неравенства, их системы и совокупности
Подраздел 2.3	Последовательности и суммирование
Подраздел 2.4	Тригонометрия



ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

АМИРХАНОВА F. Н.
мұғалім, Үштерек ауылының орта мектебі,
Евгеньевка селолық округі, Ақсу қ.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Дарынды тұлға – халқымыздың ең қымбат байлығы», – дейді. Дарынды деп өз қатарларынан әлде қайда дамыған немесе ерекше бір зейін, қасиеттер бар балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі вундеркиндтер деп те айтады. Психология көзқарасынан дарындылық екі мағына береді – жалпы рухани зейінділік және нақты дарындылық. Жалпы зейінділікті ғалымдар – жалпылау икемділігі, кез-келген тақырыпта әңгімелесу, мәселелерді шешу және өз тәжірибесінде үйрену деп тұжырымдайды.

Оқыту процесінде бала логикалық ойлау әрекетінің жалпы тәсілдерін қолдануға және дербес шығармашылық әрекет жасауға үйренеді. Оқыту баланың жан-жақты дамуының негізі болып табылады. Көрнекті психолог Л. С. Выготский – «Жақсы оқыту деп, ол – бала дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды

айтады. Баланың кешегі күнгі дамуына емес, ертеңгі күнгі дамуына қарау керек деп ескертеді».

Баланың шығармашылығын дамытуда жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме істеуі керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан дүниесі жөнді жетілмейді», – дейді Автордың 1918 жылы «Абай» журналына жарияланған «Тәрбие» атты мақаласынан бастап, баланың тәрбиесіне үлкен мән береді. Адам баласының өзге жан иелерінен басты айырмасы оның рухани саналы тәрбие алуынан деген ойды киелі етіп ұстай отырып, мақалада баланың кей ұнамсыз қылықтарының болуы тәрбиенің кемшілігінен деген түйін жасайды. Жүсіпбек Аймауытов адам табиғатқа ғана тәуелді емес, тәрбиеге тәуелді деген ой айтады [1].

Қазақ ғалымдарының арасынан психология мен педагогика ғылымдарына орай еңбек жазған М. Жұмабаев тіл табиғатына зор баға береді. «Белгілі бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты салыстырмалы оқытудың берері молдығын дәлелдейді. Бір нәрсені балаға ашық ұқтырақшы болсаң, сол нәрсенің өзін алып кеп көрсет. Қажет болған жағдайда суретін салып немесебалшықтан сол нәрсенің өзін жасау керек», – дейді. «Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты балаға ұқпайтын сөз үйретпеу керек. Екінші – баланы өз тең балалармен бірге ойнату керек. Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын-мектеп», – дейді. Оқушының шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген Мағжан Жұмабаев болатын. «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі-деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді. Шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың төмендегідей түрлері бар:

- тақырыпты мазмұнына сай жинақтау;- арнайы бір тақырыпта пікірталас тудыру;
- шығарма, шағын әңгіме құру;
- сөзжұмбақ құру, шешу;
- қиялдау арқылы сурет салу, рөлдерге бөлу;
- мазмұндама түрлерін жазу.

Сондай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді [2].

Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады.

Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл – ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Әртүрлі теориялар мен стратегиялар балаларды оқытудың мазмұнын анықтау үшін тиісті бағдарлама шеңберінде қолданылады.

Мұғалім оқушының талантты немесе дарынды екенін қалай анықтайды?

Ойын терапиясы жеке түрде, сондай-ақ топтық формада да қолданылады. Топтық ойын терапиясының артықшылығының негізгі критериі баладағы ерте даму кезеңінде қалыптасқан, қарым-қатынастағы әлеуметтік қажеттіліктің бар болуы туралы қорытынды топтық терапияны жүргізудің жетістіктерін анықтайды және әрбір жағдайят тарихын талдаудың негізінде шығарылады [3].

Егер балада әлеуметтік қажеттілік жоқ болатын жағдайда, жеке ойын терапиясы формасы ретінде тиімді шешуге болатын әлеуметтік қарым-қатынаста қажеттілікті қалыптастыру міндеті тұрды. Ал әлеуметтік қажеттілік қалыптасқан болса, онда қарым-қатынастағы тұлғалық бұзылыстарды түзетудің ең жақсы формасы-топтық ойын терапиясы болады.

Топтық ойын терапиясы бейім: баланың өзіндік шынайы «Мен» бейнесін түсінуге көмектеседі, оның өзіндік бағасын арттырады және потенциалдық мүмкіндіктерін дамытады, ішкі қақтығыстарды, қорқынышты, агрессивті тенденцияны жеңуге көмектеседі, мазасыздық пен кінә сезімін төмендетеді.

Өзара қақтығысқа түсу процесінде балалар тұлғаралық қарым-қатынас құруда өздеріне жауапкершілік алуға бір-біріне көмектеседі, сонымен қатар өзара қанағат алу мәнерінде басқа адамдармен қарым-қатынас орнату тәжірибесіне қол жеткізуге көмектеседі. Басқа балаларды бақылау арқылы бала өз қалағанын жасап көруге қажетті батылдықты табады.

Қазіргі заманғы психокоррекцияда ойын түрлі ситуацияларды ойнаудағы тапсырмалар түрінде әлеуметтік-психологиялық тренингтерде қолданылады. Сюжеттік ойын топ қатысушыларының арасында жақын қатынас жасауғасептігін тигізеді,үйретеді, қоршаған орта алдындағы қорқыныштан арылтуға көмектеседі, өзіндік бағаны арттырады, әртүрлі жағдайда өзін тексеріп көруге мүмкіндік береді, әлеуметтік мәнді зардаптардың қауіптілігін жояды [4].

«Мектепке баруға дайындаламыз» сюжеттік ойыны

Алдымен балалар «дүкенге» барады, онда оқушыларға қажетті барлық заттарды сатып алады. Бұл керек-жарақтардың көп бөлігі алдын ала тәрбиешілермен бірге қол еңбегі бойынша сабақтарда (қарандаштар, дәптерлер, альбомдар, пеналдар және т.б.) жасалады. Осыдан кейін шаштаразға ұқыпты болу үшін барады. Содан кейін балалар медициналық тексеруден өтетін емханаға барады. Тек осыдан кейін олар мектепке барады, онда оларды мұғалім қарсы алады. Мұғалім рөлін ойынның басында дефектолог алады. Ол балаларды мектеппен таныстырады, олардың немен айналысатынын, мектепте өзін қалай ұстау керектігін және т.б. айтады. Үзіліс кезінде балалар сыныптан шығып, дәлізде қыдырады, буфетте таңғы ас және т.б. ойын балалардың сабақтан кейін үйге баруымен аяқталады.

Бірте-бірте мұғалімнің рөлі топтың әр баласына беріледі,ол мұғалім-дефектолог, тәрбиешілердің көмегімен бүкіл сюжетті немесе оның бір бөлігін ұтады. Қоңырауға, сабақ уақытын көрсететін сағатқа және т. б. ерекше назар аударылады.

Сюжеттік ойын сабақтарда психокоррекциялық тиімділігін балаларда ересектермен жағымды эмоционалдық байланыс орнатудың арқасында қол жеткізеді. Ойын негативті эмоцияларды, қорқынышты өзіне деген сенімсіздікті жоюға көмектеседі, балалардың қарым-қатынасқа деген қабілеттілігін кеңейтеді, балалардың заттармен әрекеттік диапазонын жоғарылатады.

Ойын терапиясы балаға өз бетінше еркін пікір білдіру мүмкіндігін бере отырып, сонымен бір мезгілде оның сенімдерін ересектердің қабылдауын көрсететін және ересектер мен балалардың өзара қатынасын көрсетеді. Қазіргі таңда ойын терапиясын қолдану аймағы кеңейе түсті. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ойын терапиясын жүргізу тәжірибесі, сонымен қатар оқыту –тәбиелеу мекемелерінде шағын топтағы балаларға ойын терапиясын ұйымдастыруың тәжірибесі де кездеседі.

Біздің заманымыздың өзіндік ерекшелігі-адамның өмірі мен іс-әрекетінің түрлі салаларындағы ойын рөлін арттыру. Ойын тұлғаны дамытудың маңызды құрамдас бөлігі, әлеуметтендірудің маңызды тетігі болып табылады. Әлеуметтендіру үдерісі баланың мәдениетке белсенді кіруінің және оларға балалар іс-әрекетінің, қарым-қатынас пен танымның әр түрлерінде субъективті рөлде мәдени тәжірибенің қолжетімді мазмұнын берудің жолы ретінде дамиды. Әлеуметтендіру әлеуметтік ортаға бейімделумен шектелмейді, жеке іс-әрекет және адамдармен өзара іс-қимыл процесінде тұлғаның шығармашылық өзін-өзі танытуы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңы.

2 Бадалян Л.О. Дидактическая игра с младшими школьниками. – Киев, 2003. – 179 б.

3 Венгер Л.А. Сюжетно – ролевая игра и психическое развитие ребенка // Игра и ее роль в развитии ребенка дошкольного возраста. М., 2001. С. 32-36.

4 Ипполитова М.В. Игровые технологии для детей младшего школьного возраста. – М.: Просвещение, 2000. 314 б.

5 Михайленко Н.Я., Короткова Н.А. Игра с правилами в дошкольном возрасте. 2-е издание. Екатеринбург: Деловая книга, 2000. – 176 б.

6 HTTP://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_PresidenT/MeMlekeT-BassHysy-nnazarBaevTyn-kazaksTan-Halkyna-zHoldauy-2016-zHylgy-31-kanTar

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК АГРЕССИЯСЫНЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҮЙЕСІ

АТІЛҒАЗЫ Ұ.
магистрант, І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Қоғамдық орындарда, көшеде, білім беру мекемелерінде жасөспірімдердің көпшілігі балағат сөздерді жиі пайдаланады. Бұл қазіргі таңдағы маңызды мәселелердің біріне айналып отыр.

Оқушыларға білім берумен ғана шектелмей, әдепті сөйлеуге, тіл заңдылықтарын сақтап сөйлеуге, сөздерді талғап қолдануға, тәрбиелі ұрпақ қалыптастыруға әрекет жасауымыз керек. Осыған байланысты оқушылар арасында педагогикалық эксперимент жүргізілді.

Тілдік агрессияны анықтау оқушылар мен студенттер, ата-аналар арасында педагогикалық эксперименттің бірнеше түрі пайдаланылды.

Сауалнама. Оқушылардың мінез-құлқының қалыптасуы тікелей ата-анамен байланысты. Сол себепті, ата-аналар арасында «Сіздің ойыңызша, оқушылардың тілдік агрессиясының алдын алу және түзету үшін қандай шаралар қолдану керек деп ойлайсыз?» деген тақырыпта сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 29 ата-ана қатысты. Ата-аналардың пікірлері төмендегідей:

Кесте 1 – Оқушылардың тілдік агрессиясының алдын алу шаралары

Шара түрлері	Саны	П а й ы з д ы қ көрсеткіш
Отбасылық тәрбие	29	100
Ғаламтордан шектеу	6	20,6
Арнайы тәрбие туралы пән енгізу	5	17,2
Діни жолмен тәрбиелеу	3	10,3

Көркем шығармалар арқылы	4	13,7
Психологтар жұмыс істеу	3	10,3
Заңмен қадағалау	2	6,8
Баламен жақын сырласу	3	10,3
Барлығы	55 жауап	

Респонденттердің берген жауаптарын бірнеше түрге топтастырамыз.

Біріншіден, ата-аналар оқушылардың тілдік агрессиясының алдын алу үшін жауапкершілікті өздеріне жүктейді. «Бала тәрбиесімен жақсылап айналысу керек... Ата-аналар балаларға уақытын көп бөлуі керек... Ата-аналардың балаларға мейірімділік көрсетуі... Ата-аналардың өзіндік үлгісін көрсетуі: дұрыс жүру, шыдамды болу, дұрыс сөйлеу..., отбасында тыныштық, келісім болуы керек... Ең алдымен, баланы отбасы тәрбиелейді, өзінің мінез-құлығын ата-аналарынан алады... Жанжал жағдайлардағы мінез-құлық жайлы сөйлесу... Міндетті түрде баланың қоршаған ортасын, кіммен араласатынын білу... Кейде баланың айтқанынақұлақ салу... Ата-аналар психолог болуы керек, баланың ішкі әлемін түсіну керек... Баламен дос болу, бірақ ата-аналық беделді жоғалтпау.. Баламен ашық сөйлесу».

Халқымыздың данышпаны, ұлы Абай бала болашағы және тәрбие ісіндегі қызмет туралы: «Адам үш алуан адамнан мінез жұғады. Ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе, солардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады»,- дейді.

Ата-ана тәрбиесі – бала үшін алғашқы тағылым. Балаға дұрыс тәрбие беру–ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі де міндеті. Осы орайда ұлы педагог А.Макаренконың «Сіз балаңыздың тәрбиесіне бастамас бұрын, өзіңіздің мінез-құлқыңызды тексеріп алыңыз» деген сөзі ойға оралады. Баланың адал да ізгі адам болып өсуі үшін оған ата-анасы үлгі болуға тиіс және бала тәрбиесі мәселесінде ата-ана арасында толық келісім болуы керек [1].

Екіншіден, ата-аналар оқушы агрессиясының алдын алу және түзету үшін жауапкершілікті қоғамға жүктейді. Тілдік агрессияның шығуының маңызды факторы ретінде ғаламтор желісін атап көрсетті: «Балаларды ғаламтордан шектеу керек... Компьютерлік ойындардан қорғау қажет... Баланың психологиясына кері әсерін тигізетін ақпараттарды шектеу, балаларға арналған бағдарламалардың көрсету уақытын қадағалау… Күш көрсетумен байланысты телебағдарламаларды көруін шектеу... Интернетте көп уақыт өткізбеу...

Қорқыныш, триллерлер, атыс-шабыс фильмдерін көруге шектеу қою... Әлеуметтік желілерге шектеу қою... Ұялы телефонға шектеу қою...».

Ғаламтор желісі, компьютер жасөспірімдерді жеке тұлға ретінде дамытпайды, керісінше санасы уланады. Бұл ойымызды растайтын буржуазиялық идеолог Аллен Далестің мынадай пікірі бар: «Әдебиеті, театры, киносы бәрі де адами арзан сезімдерді малданатын, мадақтайтын болады… Екіжүзділік, бетсіздік, суайттық пен сайқалдық, маскүнемдік пен нашақорлық, бірінен бірі хайуандық қорқу, өзара қырқысу, бірін-бірі көреалмаушылық, білімділерін күндеу мен дұшпандық – осының бәрі оларды ыстан бетер қақтайды, күйелейді. Төңірегінде не болып жатқанын аңғара алатындар, түсінетіндер азаяды. Ұлтын ойлайтындарды, әсіресе, ұлт үшін жанын беретіндерді салт-дәстүрлерін дәріптейтіндерді ескішіл, білімсіз деп, өздері-ақ мазақ ететін болады. Бала кездерінен, жасөспірім шақтарынан бастарын шырғалаңға душар етіп, әбден азғындатамыз. Сөйтіп, олардан түйсіксіз, отансыз тобыр жасаймыз»[2]. Демек, оқушылардың санасын улайтын бағдарламалар мен ғаламторды сүзгіден өткізу қажет.

Көптеген ата-аналар қазіргі балаларды тәрбиелеуде басты қызмет атқаратын тәсілдің бірі діни жолмен тәрбиелеу дейді. «Қазіргі балаларды дін арқылы ғана тәрбиелей аламыз... Имандылыққа тәрбиелеу керек... Қазіргі оқушылар имани жағынан әлсіз...».

Балаға діни тәрбие беру жан-дүниені тәрбиелеу арқылы рухани сауаттылыққа жетудің, мінез-құлқын түзетудің бірден-бір құралы болып табылады.

Бала тәрбиесіндегі діннің рөлі дегенде, бұл мәселе біз ойлағаннан да әлдеқайда ауқымды және маңызды. Оқушыларға ең алдымен ана сүтімен даритын қазақы тәрбие керек. Сол арқылы имани қағидаттарды бала бойына сіңіртуге болады. Абай атамыз: «Алланың адам баласына дінді түсірудегі мақсаты – құлдарының жолдан адаспауы үшін, бір-бірімен ізгілікте, татулықта өмір сүру үшін»,-дейді. Демек,имандылық арқылы адамгершілікке, саналы ұрпақ болып қалыптасуға баулитын тұстарын қазақы тәрбиемен үйлестіре отырып дарыту керек.

Үшіншіден, ата-аналар бұл мәселені шешудегі жауапкершілікті мектепке жүктейді. Мектептегі мұғалім мен психолог оқушы тәрбиесіне анағұрлым әсер етеді дейді: «Қазір мұғалім ата-ана мен балаға тәуелді, мұғалімді сыйлата білу керек... Мұғалім әртүрлі видеороликтер, мысалдар келтіру арқылы ұғындыру қажет...Психологтар тренинг жүргізіп, сауалнама алу арқылы агрессияның алдын ала алады...».

Білім беру бағдарламасына өзгеріс енгізу арқылы оқушыларды тәрбиелей аламыз дейді: «Мектепте тәрбиеге қатысты жеке пән енгізу керек... Ай сайын ата-аналардың қатысуымен сабақ өту қажет... Оқушыларға арнайы факультатив өткізу керек... Пән енгізу керек деп ойлаймын, себебі тәрбие болмаса білім нәтижесіз болады».

Көркем шығармаларды көбірек оқыту арқылы тілдік агрессияның алдын алуға болады деген пікірлер де кездесті: «Көп кітап оқу керек, сөздік қор аз болғандықтан боқтайды... Абай атамыздың қара сөздерін оқытып, талдату керек, рухани жағынан жетілдіру керек... Кітап оқыту керек, білімді, мәдениетті адамда агрессия болмайды... Балаларды тәрбиеге үгіттейтін жеңіл кітаптар оқыту керек».

Респонденттердің жауабынан байқағанымыз, ата-аналар мәселенің тек салдарын атап көрсеткен. Ал шындығына келгенде өз балаларының тілдік агрессияны не себепті қолданатындықтарын терең ойланбайды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы 15 жыл көлемінде оқушылар арасында психикалық ауытқулар жиі кездеседі екен. Мұның басты себебі – ата-аналардың балаларымен ашық сөйлеспеуі, көңіл бөлмеуі.

«Адамгершілікті, мейірбандықты, қайырымдылықты тәрбиелейтін шын мектеп – жанұя»,- деген орыс ғалымы В.А.Сухомлинский [3]. Мектепте мұғалім жанұяның тәрбиесін толықтырып, үйде ата-ана мектептен алған тәлімді жетілдіріп отырса, оқушылар екіжақты болмай, бірізді, жүйелі тәрбие алары сөзсіз.

Фокус-топ жұмысы. Бұл жұмыстар 6 және 8-сынып оқуышылары арасында жүргізілді. «Агрессия» сөзін төменде берілген бөлім бойынша сипаттаңыз» деген ассоциативтік тапсырмаға 6 және 8-сынып оқушыларының берген жауабы:

6-сынып (саны – 24;қыздар –11; ұлдар – 13)

Агрессия пайда болатын орын: сабақ (15); отбасы (3); сабақтан тыс (6).

«Агрессия» сөзінің антонимі: мейірім (5); жылулық (6); тәрбие (4); сабырлы (7); махаббат (2).

«Агрессия» сөзінің синонимі: ашулану (6); ренжу (7); боқтау (8); жындану (3).

Агрессивті адамның әрекеті: ашуланады (7); өзін біртүрлі ұстайды (9); қабағы түйіледі (6); жылайды (1); заттар лақтырады (1).

Шығу себептері:боқтағаннан (11); мазақтағаннан (9); орынға таласу (1); қалаған затын алып бермеу (2); телефоны өшіп қалу (1).

Агрессияны жануарға теңеңіз: ит (5); арыстан (10); жылан (6); жолбарыс (1); қасқыр (2).

Агрессияның шығуына түрткі болатын адамдар: сыныптастарым (11); отбасы мүшелерім (7); мұғалім (5).

8-сынып оқушыларының жауаптары

(саны – 19;қыздар – 7; ұлдар – 12)

Агрессия пайда болатын орын: сабақ (16); отбасы (3).

«Агрессия» сөзінің антонимі: тәртіпті (7); сабырлылық (3); қуаныш (5); ақылды (3); мейірім (1).

«Агрессия» сөзінің синонимі: ашулану (9); боқтау (4); жындану (3); ауру (3).

Агрессивті адамның әрекеті: ашуланады (7); ұрысады (8); бір жерді ұрады (2); жылайды (1); заттар лақтырады (1).

Шығу себептері:затын рұқсатсыз алғанда (2); мазақтағаннан (9); ойыннан жеңіліп қалғанда (3); бірнәрсеге рұқсат бермесе (3); боқтық сөз естісе (2).

Агрессияны жануарға теңеңіз: динозавр (5); арыстан (12); жылан (1); айдаһар (1); қасқыр (2).

Агрессияның шығуына түрткі болатын адамдар: сыныптастарым (9); отбасы мүшелерім (5); мұғалім (4), жүргізуші (1).

Жоғарыда көрсетілген жауаптардан жас ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтар байқалады. Агрессияның пайда болатын орнын жазғанда, көбісі сабақ барысын көрсетеді. 6-сынып оқушылары сабақтан тыс уақытта деп жауап берген. Демек, оларда сабақтан тыс уақытта агрессияның шығуына түрткі болатын жағдайлар болады.«Агрессия» сөзінің антонимі ретінде көпшілігі «тәртіпті» және «сабырлы» сөздерін жазған. Ал «агрессия» сөзінің синонимі дегенде 8-сынып оқушылар «ауру» деп жауап берген. Демек, қазіргі жасөспірімдердің санасында «агрессия» ұғымы психикалық ауру ретінде қалыптасқан. Берілген жауаптарға мән берсек, оқушылар өздерінің ашуланған сәттегі бейнесін сипаттап көрсеткен, агрессивті адамның әрекетіне де оқушылар агрессия барысындағы әрекеттерін жазған, яғни олар ашуланады, жынданады, боқтайды, заттар лақтырады, ұрысады.

Шығу себептеріне берілген жауаптардан екі сынып арасындағы айырмашылықты байқаймыз. 6-сынып оқушыларының жауабына келер болсақ, оларда әлі балалық пен еркелік байқалады. Орынға таласу, телефоны өшіп қалу секілді кішігірім жағдайлар түрткі болады. Ал 8-сынып оқушыларының жауаптарынан бәсекелестікті байқаймыз. Өтпелі кезеңдегі жасөспірімдер болғандықтан, оларда өзіндік жеке «Мен» қалыптасқан. Сонымен қатар, өзімшілдік пен тұлғалық даму байқалады.

Агрессияны жануарға теңегенде көпшілігі «арыстанды» көрсеткен. Ю. Н. Карауловтың ассоциативті сөздігінде «арыстан» сөзі ашу, ыза, қорқыныш деп сипатталған [4, 53 б.]. Қазақ ұғымында да арыстан мықты, айбатты жануар ретінде қалыптасқан. Тілімізде «Арыстандай ақырды», «Арыстанның ойынынан түлкінің мойыны үзіледі», «Арыстанда бір жігіттің күші, қырық жігіттің жүрегі бар», «Арыстан болсаң жау үшін, түлкідей болсын әдісің» «Арыстан алыстан ақырса,аттың аяқтары шалынысар» секілді мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер бар. Ақын Мағжан Жұмабаевтың «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?» деген өлең жолдары да бар. Демек, қазақта бұрыннан бері «арыстан» мықтылық, төтеп бере алмау секілді мағынамен ұштасады.

Агрессияның түрткі болуына әсер ететін адамдарды белгілегенде 9 оқушы мұғалімді атап көрсетеді. Ұстаз оқушыларға білім беріп қана қоймай, оны жеке тұлға ретінде дамытады, қоғам мүшесі ретінде тәрбиелеп шығарады. Сондықтан, мұғалім- оқушы арасындағы қарым-қатынас маңызды қызметке ие.

«Әлемде жоқ жануар» проективті тесті

«Әлемде жоқ жануар» проективті тесті оқушылардың тұлғалық ерекшелігі туралы болжам жасауға бағытталған. Оқушылар бойындағы агрессивті мінез-құлықты зерттеуде ғалымдар мен психологтар осы әдісті қолданады. Бұл проективті тестке 7-сыныптың 20 оқушысы қатысты.

Оқушылардың салған суреттерінің жалпы сипаты мындай: көздері жанып тұрған 5 басты айдаһар, тырнақтары ұзын, мүйізі алдыға қарай бағытталған, солға қарай ұмтылған, құйрығы өте үлкен шашақты, қызыл көзді, тістері арсиған арыстан, тырнақтары ұзын, тістері үлкен, қанаттары жоғары бағытталған, аузынан от шашқан 3 айдаһар, суреттің өте үлкен көлемде салынуы, көздері үлкен және анық, балта ұстатылған ит, мүйізі бар кит.

Мынадай ерекшеліктер арқылы тілдік агрессияны анықтауға болады:түзу сызықтар, суреттің ұқыпсыз салынуы, үшкір бұрыштардың көп салынуы, суреттің өте көлемді болуы, жануар құйрығының жоғары қарай салынуы, басының оң жаққа қаратылып салынуы, бет терісі жиырыңқы, тістердің бейнеленуі,т.б.

Суретті салу барысында көбінесе қара, қызыл, қара көк, сұр, сары түстер пайдаланылған. Психологияда ғалым М. Люшердің «Түс таңдау» әдістемесі бар. Бұл әдістемеде қара түс ашу-ызаны, қара+көк түс қарсылықты, сары+қызыл, сұр+қызыл түс ашуды, сұр+ қоңыр түстер стрессті білдіреді.

Оқушылардың салған суреттерінен байқағанымыз, жануарлардың барлығында қазіргі мультфильмдердегі, ойындардағы кейіпкерлердің элементтері бар. Қазіргі жасөспірімдер арасында әртүрлі комикстар сұранысқа ие. Жапондықтардың анимэсіндегі кейіпкерлерді де бейнелеген. Бұлардың барлығында құбыжық тәрізді кейіпкерлер көрініс тапқан. Американдық зерттеушілердің айтуы бойынша, әр оқушы өз уақытының 30%-ын теледидар, компьютер алдында өткізеді екен. Әр оқушы күніне шамамен 17 өлім, қинау мен 37 қатыгездікке толы әртүрлі көріністерді көреді, сонымен қатар, әртүрлі балағат сөздерді ғаламтор желісінен естиді. Осының салдарынан балалардың психологиясында өзгерістер пайда бола бастайды. Сондықтан, ата-аналар балаларының не көріп, қандай ойын ойнайтындарын бақылау керек. Ғаламтордағы балалар жасына сай келмейтін сайттарға шектеу қою қажет. Оқушыларға сурет салғызу арқылы тілдік агрессияға қаншалықты бейім екендіктері анықталды. Жалпы салынған 20 суреттің ішінде 45% -да тілдік агрессияның көрінісі байқалды.

Сұхбат. Сұхбат ауыл және қала мектептерінің оқушылары арасында жүргізілді. Жалпы сұхбатқа 10 оқушы қатысты және мынадай мәселелер қамтылды: оқушылардың ашулану себебі; отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы; мектеп қабырғасында өзін-өзі ұстауы; оқушылардың боқтық, бейәдеби сөздерді қолдану себебі; сыныпта бір-бірін мазақ, келеке ету мәселесі; мұғаліммен сөзге келу; балағат сөз айтуға деген көзқарасы; әлеуметтік желінің тілдік агрессияға әсері; тілдік агрессияның алдын алу шаралары; қоғамдық орындардағы тілдік агрессияның қолданылуы, т.б.

Сұхбат нәтижесі бойынша мынадай тұжырым жасалынды:

Оқушылардың барлығы тілдік агрессия ұғымын жаман сөздер, боқтау, басқаларды моральдық тұрғыда сындыратын, мәдениетсіз сөз деп түсіндірді;олардың барлығы жиі ашулана бермейді, ашулануланған жағдайда өз-өздерін ұстауға тырысады; ашулануларына достары, отбасы мүшелері себеп болады, егер жасаған істері ойдағыдай шықпай қалған жағдайда ашуланулары мүмкін;оқушылардың көпшілігі балағат сөздерді анда-санда, ашуларына тиесе қолданады, көбінесе, жынды, мал, топас, мисыз, есуас деген сөздерді айтады; ешқайсыларын сыныпта мазақтап, келеке етпейді, қалжыңдап айтқан жағдайда мән бермейді, егер сыныптарында біреуді мазақтап, келеке етіп жатса, араша түседі; олардың барлығы тілдік агрессияға жүрген ортасы, ғаламтор әсер етеді деп жауап берді, қазіргі таңда боқтық сөз қолдану сәнге

айналған, бір-біріне еліктеп айтады; оқушылардың барлығы әлеуметтік желіде күніне орта есеппен 3-4 сағат отырады, көбісі Instagram, WhatsApp, Youtube желілерін қолданады, ешқайсылары жаман негатив пікір жазбайды; олар тілдік агрессияның алдын алу үшін көп кітап оқу керектігін, мектепте арнайы тренингтер өткізу қажет деп есептейді; оқушылар тілдік агрессияның орта есеппен 70% -ын ұлдар, 20% -ын қыздар қолданатынын айтты.

Қорытыдылай келе, жалпы оқушылардың тілдік агрессиясының эксперименттік жүйесі сауалнама, сұхбат, фокус-топ, бақылау әдістері арқылы жүргізілді. Экспериментке жалпы 166 адам қатысты. Олар: Талдықорған қаласының мектептерінің оқушылары, ата-аналар, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері. Эксперимент нәтижелері тілдік агрессияның алдын алу үшін жоспарланған іс-шараларды анықтауға мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тәрбие жұмыстарын жүргізуде ата-ананың ықпалы. kopilkaurokov.ru– сайт для учителей. 27 ақпан 2016 ж. [Электронды ресурс]. URL:https://kopilkaurokov.ru/zavuchu/prochee/[Кірген уақыты 08.03.2020]

2 Дандай Ы. Әлемнің тілдік бейнесі.13 наурыз 2015 ж. [Электронды ресурс].URL:https://e-eurasia.com/[Кірген уақыты 29.12.2017]

3 Бала –ата-ананың, мектептің айнасы. Baribar.31 тамыз 2015 ж. [Электронды ресурс]. URL:https://baribar.kz/student/author/aknur/page/54/ [Кірген уақыты 10.03.2020]

4 Караулов Ю.Н. Русский ассоциативный словарь.–Москва: АСТ-Астрель, 2002.–784 с.

ВИДЫ ЧТЕНИЯ. КОММУНИКАТИВНЫЕ ЗАДАЧИ И МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ ОЗНАКОМИТЕЛЬНОМУ ВИДУ ЧТЕНИЯ

АХМЕТНИЯЗОВА А. Ж.
ст. преподаватель, кафедра «Инновационного образования и информационных технологий», Филиал «АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» ИПК ПР по Павлодарской области, г. Павлодар

Чтение – рецептивный вид речевой деятельности, поскольку оно связано с восприятием, то есть рецепцией и пониманием информации. В ходе чтения происходит осмысление и оценка информации, содержащейся в тексте [8].

Функциональным же чтение считается тогда, когда с помощью данного процесса развиваются такие читательские навыки, как «поиск информации для решения конкретной задачи или выполнения определенного задания».

Для поколения 21 века школ Казахстана наиболее востребованными навыками функционально грамотного чтения являются умения и навыки современного учащегося обозначить тему и основную мысль текста, выбрать из него необходимую информацию, сделать определенные выводы, отличить точку зрения, мнение автора от фактов, понимать выражения, использованных в тексте в переносном смысле.

В овладении русским языком учащимися общеобразовательных школ Казахстана такие навыки помогут им адаптироваться к условиям современного мира, успешно регулировать речевое поведение в соответствии с коммуникативной ситуацией; научит пользоваться различными источниками информации и современными информационными технологиями для выражения и обоснования собственного мнения [1].

Для учителей русского языка и литературы в процессе преподавания и обучения важны инструменты решения коммуникативных задач в механизмах понимания и осмысления текста обучающимися, определение того,с какой целью осуществляется чтение. Где, когда, и для чего будет использоваться извлеченная учеником информация.

Различие коммуникативных задач, решаемых в процессе чтения, зависит от характера предполагаемого использования извлеченной из текста информации [2].

В содержании обновленных учебных программ «Русский язык» и «Русский язык и литература» обучение учащихся навыкам

чтения для совершенствования навыков речевой деятельности, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета [5] выделен раздел «Чтение».

В данном разделе учебной программы подразделы способствуют формированию функциональной грамотности учащихся в понимании содержания текста; определении стилей и типов речи; формулировании вопросов и ответов; владении разными видами чтения; составлении плана текста; извлечении информации из различных ресурсов; сравнительном анализе текстов [5] и т.д.

По утверждению Фоломкиной С. К. под видами чтения принято понимать набор операций, обусловленных целью чтения и характеризующихся «специфическим сочетанием приемов смысловой и перцептивной переработки материала, воспринимаемого зрительно» [2].

Для определения соотношения коммуникативных задач и видов чтения в практической деятельности учитель русского языка и литературы может опереться на данную таблицу:

Диаграмма 1



Таким образом, на уроках русского языка педагог обучает ученика определять: с какой целью он читает текст, осмысливать задачи чтения, использовать при этом методики и приемы одного из названных видов чтения. Следовательно, ученика надо обучать не чтению вообще, а тому или иному виду чтения, что предполагает обучение различным методам, приемам осмысления того или иного текста, решению определенных мыслительных задач в процессе его восприятия.

Остановимся на особенностях организации процесса обученияучащихся ознакомительному чтению (чтению с пониманием основной информации). Такой вид чтения определяется как чтение про себя или быстрый вид чтения.

При чтении про себя читающий извлекает из текста содержащуюся в нем основную информацию и пробует оценить ее с позиции своих знаний и интересов, т.е. выяснить, какие вопросы и как они решаются в тексте.

Для коммуникативных задач, решаемых ознакомительным чтением, полнота понимания текста должна быть не ниже 70–75 %. Основная информация в ознакомительном чтении должна быть воспринята точно, второстепенная с меньшей точностью [2].

При использовании на уроках русского языка ознакомительного чтения учителям необходимо учитывать, что коммуникативная задача данного вида чтения направлена на понимание учеником особенностей при выделении основной информации небольшого по объему текста. Это такие особенности, как [6]:

Диаграмма 2



Конкретизация коммуникативных задач ознакомительного вида чтения окажет поддержку обучающимся в процессе выполнения рекомендуемых видов учебных заданий:

- в сжатом изложении, для краткой формулировки содержания предложения, абзаца, текста;

- при чтении предложений в тексте, в которых подчеркнуты детализирующие слова, сначала полностью, а потом без них – для сравнения смысла;

- в подчеркивании слов, которые могут быть опущены без ущерба для передачи основной информации;

- в нахождении ключевых слов в тексте, несущих основную информацию;

- в нахождении главной мысли текста (абзаца), когда необходимо ориентироваться на его название (аннотацию, план).

Такие виды учебных заданий способствуют развитию навыка быстрого извлечения из текста необходимой информации, опуская второстепенный, несущественный материал в тексте.

Для учителей русского языка в обучении учащихся ознакомительному виду чтения большой проблемой является то, что учебно-методические комплексы учебников (далее – УМК) в обновленных учебных программах языковых дисциплин не дают подробных рекомендаций по обучению учащихся не только ознакомительному, но и другим видам чтения на уроках русского языка.

Считается, что учитель уже хорошо знаком и с теоретической базой видов чтения, и с практическими подходами реализации видов чтения в процессе обучения на уроке.

На практике же получается совсем другая картина: чаще всего учителя путаются в коммуникативных задачах видов чтения, не имеют четкого представления о путях использования разных видов чтения на разных этапах урока, т.е., попросту, в планировании урока русского языка они «не видят» места использования видов чтения, имеют весьма небольшие теоретические знания о самом понятии «виды чтения».

И при этом в обновленных учебных программах «Русский язык» и «Русский язык и литература» 5- 9 классов обучению видам чтения выделен подраздел «Использование видов чтения» в разделе «Чтение».

Вот как выглядит распределение целей обучения, на основе спирального принципа, в данном подразделе ТУП предмета «Русский язык» для 5-9 классов:

Таблица 1

Класс обучения	В каких четвертях учебного года запланированы	Цель обучения	В каких сквозных темах запланированы
6 класс	1-ая четверть	6.2.6.1 Использовать виды чтения: ознакомительное, комментированное	«Путешествия и достопримеча-тельности»
			«Образ жизни и культура: древние цивилизации»
7 класс	1-ая четверть	7.2.6.1 Использовать разные виды чтения, в том числе поисковое	«Климат и изменения климата»
			«Обычаи и традиции»
8 класс	1-ая четверть	8.2.6.1 Использовать разные виды чтения, в том числе изучающее	«Семья: права и обязанности»
			«Развлечения и спорт»
	3-ья четверть		«Разнообразие форм жизни»
9 класс	1-ая четверть	9.2.6.1 Использовать разные виды чтения, в том числе просмотровое чтение, чтение с составлением плана, тезисов, конспектов	«Конфликты и миротво-рчество»
			«Сухопутные страны»
	3-ья четверть		«Подросток в современном мире»

Такое распределение целей обучения подразделов ставит четкую и конкретную задачу перед учителем: обучить каждого ученика в классе определенному виду чтения.

В качестве поддержки для учителей в обучении учеников ознакомительному виду чтению мы рекомендуем таблицу «Приемы обучения разным видам чтения» Кузнецовой Е.П. [7].

Из таблицымы возьмем только те упражнения, с помощью которых учитель может обучить учеников ознакомительному чтению:вопросно-ответные упражнения,деление на категории, исправление, называние, сопоставление, множественный выбор,

деление текста на абзацы, восстановление последовательности, обобщение, верные/неверные утверждения.

Такие подсказки учителю удобны для распределения приемов обучения разным видам чтения учащихся в течение всего учебного года. Приведем один пример использования таблицы Кузнецовой Е. П. в планировании:

«Русский язык» 6 класс, цель обучения 6.2.6.1 - использовать ознакомительный вид чтения в нахождении сходств и различий; в долгосрочном планировании запланированы ожидаемые результаты в двух сквозных темах в 1-ой четверти учебного года. Значит: для краткосрочного планирования (минимум 2 урока, но учитель может запланировать ожидаемый результат и на 4 урока, всё зависит от учебных потребностей и возможностей учеников класса) можно отобрать из таблицы такие приемы обучения учеников ознакомительному чтению:

- Вопросно-ответные упражнения;
- Исправление;
- Сопоставление;
- Восстановление последовательности;
- Верные/неверные утверждения.

Следующим шагом учителя с использованием таблицы может быть уже разработка непосредственно учебного задания с критериями оценивания и с использованием ресурсов учебника «Русский язык, 5 класс».

«Русский язык, 5 класс»; сквозная тема «Мир вокруг нас: транспорт и инфраструктура»; раздел «Чтение», цель обучения: 5.2.6.1 использовать ознакомительный вид чтения; тема урока: «По столице на велосипеде» [8].

Таблица 2

Ожидаемый результат для цели обучения 5.2.6.1	Ученики смогут: -определить, какая информация должна быть в объявлении о прокате велосипедов; -составить свой вариант объявления о прокате велосипедов из наиболее удачных фрагментов прочитанных объявлений.
Критерий оценивания	Ученик: определяет основную информацию в объявлении о прокате велосипедов; - составляетсвой вариант объявления.

Стадия во время чтения текста. Задание 1.Вы решили совершить велопрогулку по Нур-Султану на велосипеде. В столице его всегда можно взять напрокат, нужно лишь воспользоваться объявлениями, чтобы выбрать станцию велопроката. Прочитайте объявления в учебнике. Ответьте на вопросы: Какое из объявлений привлекло ваше внимание? Почему? Какое из объявлений написано правильно? Почему? Какая информация должна быть в объявлении? Почему? Задание 2.Составьте и запишите объявление о велопрокате из наиболее удачных фрагментов прочитанных объявлений.

В представленных примерах учебных заданий, разработанных в соответствии с ТУП предметов «Русский язык»для 5-9 классов ресурсы учебников конкретизированы с учетом ожидаемых результатов обучения учащихся ознакомительному виду чтения.

Весь теоретический и практический материалы по видам чтения, особенно по ознакомительному, методы и приемы развития навыка чтения учащегося помогут учителю, особенно начинающему, при планировании и проведении уроков русского языка в условиях обновления содержания среднего образования.

ЛИТЕРАТУРА

1 Руководство для учителя, Образовательная программа повышения квалификации педагогических работников предмета «Русский язык и литература» в рамках обновления содержания среднего образования, «Назарбаев Интеллектуальные школы», Астана, 2015 г.

2 Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе : учебно-методическое пособие / С. К. Фоломкина ; науч. ред. Н. И. Гез. - Изд. 2-е, испр. - Москва : Высшая школа, 2005. - 253, [2] с.; 21 см.; ISBN 5-06-005417-9 : 3000

3 Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез «Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика» - 3-е издание, стереотипное - Москва, Издательский центр «Академия», 2006. -336с.

4 Русский язык. 5класс.Учебник для общеобразовательных школ. Часть 1 с изменениями и дополнениями. /Е.В. Клокова, О.И. Белозерова, Т.И. Ибраева и др. – Астана: АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», 2018 -120с., ил.

5 Типовая учебная программа по учебному предмету «Русский язык» для 5-9 классов уровня основного среднего образования (с русским языком обучения) по обновленному содержанию

(приложение 194 к приказу Министра образованияи науки Республики Казахстанот 3 апреля 2013 года №115)

6 Н.Н. Светловская «Обучение чтению и законы формирования читателя» // Начальная школа. - 2003. - № 1.

7 Кузнецова Е. П., Кошелева А. М. Методы и приемы работы с текстом при обучении разным видам чтения [Текст] // Актуальные задачи педагогики: материалы VIIМеждународная научная конференция (г. Чита, апрель 2016 г.). – Чита: Издательство Молодой ученый, 2016. – С. 81-83. – URLhttps://moluch.ru/conf/ped/archive/189/9983/

8 Чтение как вид речевой деятельности [Электронный ресурс]: для студентов, аспирантов, преподавателей // https://students-library.com › library › read › 55904-ctenie-kak-vid-recevo.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ БОЙЫНША БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

БАЙМЕНОВА А. Г.
магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.
КЕНЕНБАЕВА М. А.
п.ғ.к., профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

Білім беруді дамыту мұғалімнің кәсібилігін, оның кәсіби құзыреттілік деңгейін, өсу перспективаларын және кәсіптік оңалту мүмкіндіктерін бағалау мәселесін шешуді өзекті етіп отыр [1, б. 110].

Қазақстанда болашақ мұғалімдерді кәсіби дярлауда жалпы және арнайы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін қарастырған Б. Т. Кенжебеков, Ш. Т. Таубаева, К. Құдайбергенова, Б. А.Тұрғанбаева, Г. Ж. Меңлібекова т.б. ғалымдар еңбектерінің маңызы зор.

Ғалым Б. Т. Кенжебеков жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін зерттеу барысында кәсіби құзыреттілік ұғымына: «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі» деп тұжырымдаған [3, б. 189].

Г. Ж. Меңлібекова болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігін – адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны

жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері ретінде қарастырып, бұл сапаның қалыптасуына үлкен мән береді [4, б. 156].

Белгілі педагог Б. А.Тұрғынбаева «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту» еңбегінде «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын құзыреттіліктер деп атаймыз» деп анықтама берген [6, б. 147].

Д. М. Гришиннің басшылығымен болашақ мұғалімдердің біліктілік сипаттамасының негізгі ұғымы ретінде кәсіби құзыреттілік ұғымы енгізілді. Оның ойынша, кәсіби құзыреттілік - дегеніміз мұғалімдердің коммуникативті, конструктивті, ұйымдастыру қабілетінің жиынтығы. Мұғалім педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде, осы қабілетті педагогикалық қызметте тәжірибе жүзінде қолдана білу мүмкіндігіне ие болады [5, б. 27].

Жоғарыда келтірілген ой-пікірлер болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырып дамыту мәселесінің қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінің өзекті мәселесі болғандығын дәлелдейді. Оларды болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына қатысты білік-дағдыларын қалыптастыруда маңызы жоғары деген тұжырым жасауға болады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін ескере отырып, оның құрамдас бөліктерінің бірі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау құзыреттілігі екенін атап өткен жөн. Бағалау белсенділігі - мұғалімдер үшін ең қиын міндеттердің бірі.

Оқушының функционалдық сауаттылығы мұғалімнің сауатты бағалау деңгейіне тікелей байланысты. Бағалау сауаттылығының біртұтастығы негізінен үш сатыға жіктеледі:

1) бағалау сауаттылығының маңызды бір критерийі – мұғалімнің бағалау туралы теориялық білімі және тұжырымды білуі, түсінуі;

2) ақпарат жинақтау – оқушылардың жетістіктері немесе «біліміндегі бос аралық» туралы дұрыс ақпаратты жинақтауы;

3) тиімді бағалау – мұғалімнің бағалаудың бірінші және екінші сатысын жақсы меңгеруі, яғни бағалау тұжырымын терең түсіне отырып, жинақталған ақпаратты оқушының білімін жақсарту үшін дұрыс қолдана алуы [7, б. 18.].

Бұлар мұғалім үшін бағалау үдерісінің маңызды критерийлері болып табылады. Бағалау үдерісінде осы қадамдардың біреуі жүзеге асырылмаған жағдайда бағалау сауаттылығының мәні жоғалады.

Мысалы, тәжірибелі мұғалімнің пән бойынша кәсіби білімі мықты болғанымен, оқушының жетістігі туралы ақпарат жинақтауда әлсіздік танытуы мүмкін. Немесе оқушылардың жетістігі туралы құнды ақпарат жинақтағанымен, оны оқушының білімін жақсарту бағытында қолдану құзыреттілігі төмен болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бағалау сауаттылығы теориясы іске аспайды.

Сауатты бағалау бағалау типтері, бағалау негіздемесі және бағалау әдістерін де қарастырады. Мектептегі оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауды түсінуі үшін бағалау түрлері мен бағалаудың мақсатын жақсы түсінуі керек. Бағалау жүйесі білім алушылардың оқу нәтижелерін үздіксіз жинақтауға бағытталған қызмет түрлерін белгілейді [7, б. 6].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің бағалау қызметі өзіндік сипатқа ие. Зерттеу мәселесі бойынш бастауыш сынып мұғаліміне қажетті бақылау және бағалау дағдыларының бес тобын анықтадық.

1-топ – мақсатты, міндеттерді және бақылау объектісін ажырата білу.

2-топ – бақылауды жоспарлау мүмкіндігі: оқу іс-әрекеті барысында бақылауды ынталандыру мүмкіндігі, бақылау тапсырмаларының мақсаттары мен мазмұны арасындағы сәйкестікті белгілеу, оқу іс-әрекетін орындау үшін қажетті білімнің болуын анықтау, белгіленген мақсаттарға сәйкес бақылау үшін материалды таңдау, бақылаудың ең ұтымды әдістерін, формалары, әдістері мен құралдарын таңдау.

3-топ – бақылауды ұйымдастыра білу: анық логикалық бірізділігі мен сабақтастығын сақтай отырып, сұрақтар қою және қалыптастыру мүмкіндігі; оқушылардың білімі мен дағдыларын тексеру арқылы оқу-танымдық белсенділігінің жоғары деңгейін құру; педагогикалық үрдіс барысында бақылау әдістері мен формаларын әртараптандыру; сауалнамада оқушылардың назарын сақтау, назарын респонденттер мен сынып арасында бөлу мүмкіндігі; оқушының жауабына мұқият болыңыз; бастауыш мектеп оқушыларын бағалау іс-шараларына тарту, бағалау критерийлері мен өзін-өзі бағалау дағдылары туралы білімдерін қалыптастыру; тексеру процесінде қолайлы орта құру мүмкіндігі оқушылардың педагогикалық әдептілікті байқау білімдері мен дағдылары.

4-топ – бақылау нәтижелерін бағалау мүмкіндігі: оқушылардың оқу іс-әрекетін бағалаудың жалпы қабылданған критерийлерін игеру және жаңа көрсеткіштер жүйесін, құрылымдар мен алгоритмдерді, білім беру іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау тетіктерін құру мүмкіндігі; бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-

әрекетіне негізделген негізделген бағалау жүргізу; оқушының жеке ерекшелігін ескере отырып, бағалауды негіздеу; бағалау нәтижесін белгілі бір формада білдіру.

5 топ – оқу іс-әрекетінің нәтижелерін түзету мүмкіндігі: қателіктердің себептерін анықтау және оларды жою жолдарын анықтау; бағалау қызметіне негізделген түзетулер енгізуге; өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру.

Бастауыш білім берудің басымдығы жалпы білім беру дағдылары мен оқу іс-әрекетінің әдістерін қалыптастыру болып табылады, оның даму деңгейі барлық кейінгі білімнің жетістігін анықтайды. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларының оқу барысындағы оқу жетістіктерін бағалаудың қолданыстағы тәсілдері бүгінде өзгерісті қажет етеді. Бұрын оқушылардың жетістіктерін бағалау кезінде мұғалім бағаларды бағалай отырып, пәндік білім, қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру нәтижесін басшылыққа алса, бүгінгі таңда мұғалімдер оқу іс-әрекетіндегі тұлғаны қалыптастыру процесіне, құзыреттіліктің қалыптасуына және білімді игеру әдісіне және негізгі оқыту дағдыларын алуға қызығушылық танытады.

Қазіргі мектепте оқушылардың жұмысын бағалауға критериалды көзқарас барған сайын танымал бола бастайды, өйткені мұндай тәсіл, ең алдымен, процесстің барлық қатысушыларына (мұғалімдерге де, оқушыларға да, ата-аналарға да білім деңгейін түсінуге мүмкіндік беретін кері байланысты қамтамасыз етеді. Кері байланыс неғұрлым мазмұнды болса, соғұрлым конструктивті реакция болуы мүмкін.

Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейі мен дағдыларының қалыптасуы туралы деректер жинау үшін әр түрлі бағалау әдістері мен техникаларды біліктілікпен қолдана білуі қажет. Қалыптастырушы бағалау арқылы біліктілікпен жинақталған деректер деңгейлеп оқытуды іске асыруға, яғни әр оқушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруге ықпал етеді. Осы ретте Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттары көмектеседі.

Блум таксономиясы бойынша бағалау мұғалімдерді оқудың барлық саласын толық қамтуға уәждейді. Оқушылар мұғаліммен бірге бағалау үдерісіне тартылған жағдайда жоғары деңгейде ойланады, себебі олар да оқу үдерісі мен өмірлік тәжірибесіне қажетті өзіндік оқуын тексереді және барынша құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік алады. Ал, бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік іс-әрекетінде – бұл білім нәтижесін алуға ықпал ететін бағалау критерийлері болып саналады.

Павлодар қалаасының №39 мектебінде білім алушылардың 2017-2018, 2018-2019 оқу жылдарындағы білім сапасы 8%-ға артты. Бұл Блум таксономиясын бойынша бағалау арқылы білім сапасының деңгейінің жоғарылағаны байқадық.

Біз сабақ жоспарын құрастырғанда Блум таксономиясының сатыларына сәйкес тапсырмаларды бөліп-жіктейміз. Білім алушылар осы деңгейлерде қаншалықты жұмыс істей алатынын бағалауға және қай сатыда қиналғанын түсіне аламыз. Әсіресе, ол оқушылардың талдау мен бағалау сатысында байқалады. Мысалы, математика сабағында «Кеністік фигуралар» (1 сынып) тақырыбын өткен кезде«Орындап көр» айдарымен жұмыс барысында, яғни талдау сатысында әр оқушы жазық және кеңісітік фигураларды ажыратады, салыстырады, дәлелдейді. Бұл жерде оқушылар фигураларды жазбаша ажыратып көрсеткенієн, неліктен кеңістік фигура екенін дәлелдей алмады. Ал бағалау сатысында оқушылар тек өте жақсы, жақсы т.с.с бағалауды жүргізеді, бірақ пікірді дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау, оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын дұрыс жинақы білдіре алмайды. Біз оқушылармен кездескен осындай қиындықтарды қалыптастырушы бағалау кезінде олқылықтарды күнделікті түзеу, оқушының қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою жұмыстарын жүргіздік.

Қорыта келгенде, білім беру сапасын арттыру жолында бағалауды дұрыс жүргізу маңызды орын алады. Бұл бағалау мұғалімдер үшін сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға; өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға; сабақ берудің сапасын арттыруға; оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр түлғаға арналған ауқымын жоспарлауға септігін тигізетіндігіне көз жеткіздік. Бағалау – мұғалімнің кәсіптік деңгейін анықтап, қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік беретіндігін дәлелдедік.

Оқушылардың білім жетістіктерін дұрыс, тиімді бағалау бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі Блум таксономиясы сатыларымен толықтай жұмыс істей алған жағдайда шыңдалатындығын байқадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гришин Э.А. Теория и практика профессионально-этической подготовки учителя. - М.: МГПИ, 2012. - 98 с.

2 Иващенко Е.В. Формирование у будущих учителей начальных классов педагогической компетентности в оценке учебных достижений школьников / Е.В. Иващенко; НИУ БелГУ // Научные ведомости БелГУ. Сер. Гуманитарные науки. - 2011. - №18(113), вып.11.-С. 260-269.

3 Кенжебеков Б.Т.Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Астана, 2001.-275 б.

4 Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. №4,5 - 2001. - С.153-159.

5 Сорокина Т.М. Развитие профессиональной компетенции будущего учителя средствами интегрированного учебного содержания // Начальная школа. – №2 - 2004. –. – С. 110-114.

6 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту - Алматы, 2005. - 208 б.

7 Темербекова М.Н.Оқушылардың оқу жетістігін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар – Алматы, 2018 ж. – 6 б., 18 б.

8 Иващенко Е.В. Формирование у будущих учителей начальных классов педагогической компетентности в оценке учебных достижений школьников / Е.В. Иващенко // Научные ведомости Белгородского государственного университета. – 2011. – №18 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-u-buduschih-uchiteley-nachalnyh-klassov-pedagogicheskoy-kompetentnosti-v-otsenke-

PRACTICE OF STUDENTS WITH SPECIAL NEEDS INCLUSION IN THE KAZAKHSTAN HIGHER EDUCATION

KUDYSHEVA A. A.
Candidate of Pedagogic Sciences, Professor, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar
BAIMOLDINA D. N.
graduate student, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

The Republic of Kazakhstan accepted the movement towards inclusive education, demonstrating its willingness to join the worldwide movement for inclusion of students with special needs into mainstream education. The main principle of inclusive education is provision equity access without any discrimination and considering the principle of equity for everyone without exception in terms of inclusive education at all levels. Kazakhstan committed its willingness to move towards the global trend of inclusiveness and facilitating democratic education system as

a signatory in several international documents such as The Salamanca Statement [1], United Nations Convention on the Rights of Persons with Disabilities [2], and Bologna Process [3]. These commitments showed to the world society that Kazakhstan wants to be aligned with the developed and democratic countries implementing inclusive education.

The next step after signing international documents was introducing the world experience into inclusive education into Kazakhstan. The government of Kazakhstan announced further implementation of inclusive education and as a result, it developed the State Program of Education Development for 2011-2020 [4].

The documents show that a lot of work has been done at the first stage: the problem is put on the agenda and the world experience is attracted. As for the implementation process and the outcome of the reform are big issues because adults with disabilities are underrepresented at the post-secondary level of education in Kazakhstan. According to The Ministry of Labor and Social Protection of Kazakhstan, the total number of registered people with disabilities was 627163 people consisting of 72574 children and 554589 adults in 2014 [5]. From the data it is evident that the total number of disabled adults is about 3.7 % of the total population of Kazakhstan; for this fact, there is a rationale to the implementation of life long learning to adults with disabilities since they are counted by thousands.

This present literature review will discuss lifelong learning opportunities for disabled adult people. In the upcoming literature review, the definitions of inclusion and inclusive education will be given, to the lifelong education and barriers, which students with special needs meet in their educational process. These all will help to explain barriers in contemporary inclusive education. Additionally, documents providing advocacy to lifelong education in the USA and worldwide will be given to show the direction of inclusive education currently [6].

Currently, the principle «Education for All» is being discussed as the most actual issue worldwide. Education for all in «theory» becomes an education for «almost all» or education for «most all» in «practice». As people are still being excluded in the system of education, especially in the system of higher education in most of the countries. According to the EFA Global Monitoring Report 2011, there are still 774 million young people and adults who are illiterate, 64% of which is a woman [7].

There are many definitions of inclusive education worldwide by various scientists and policy documents and legislation. The absence of a unified definition of what inclusive education is the cause of various understandings. International documents discuss the equitable right,

Жыл көлемінде сабақтарымды жоспарлау үшін сабақты зерттеу тақырыбын осы жылдың кәсіби даму мақсатымен байланыстырдым, және осы бағыт бойынша бар әдебиеттерді зерттедім, атап айтқанда авторлары Сурмин Ю, СидоренкоА, Лобода В «СИТУАЦИОННЫЙ АНАЛИЗ, или АНАТОМИЯ КЕЙС – МЕТОДА»; Андюсев Б. «Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей», Долгорукова А. «Case-study как способ (стратегия) понимания».

Кейстерді пайдалану кезінде дайындық кезеңі маңызды, онда «кейс» құрастырылады және алдағы сабақ үшін әдістемелік құралдар дайындалады. Таныстыру кезеңінде мұғалім сыныпта жұмысты ұйымдастырады, оқушылар жағдаймен, оның ерекшеліктерімен танысады. Кейсті талдау кезеңінде негізгі мәселе қойылады, оны шешу бойынша ұсыныстар жасалады, зерттеу жұмыстары жүргізіледі, оқушылар өз болжамдарына талдау жүргізеді және қорытынды жасайды [1, 2, 3].

Аталған іс-әрекеттерді өз тәжірибеме енгізу кезінде күтілетін нәтиже ретінде оқушыларға арналған келесі дескрипторларға сүйендім:

- мәселені көреді, ақпаратты талдай алады;
- негізгі мәселелерді анықтай алады;
- балама шешу жолдарын ұсынады және оларды бағалай алады;
- зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдай алады;
- тәжірибелік деректерді бағалай отыра жинай алады;
- берілген тапсырманы шешу үшін ақпаратты сұрыптай алады;
- маңыздылығы бойынша саралай алады;
- оңтайлы шешімді таңдап және эксперимент жоспарын жасай алады.

Гипотезаларды ұсыну дағдыларын дамыту үшін кейстерді құрастыруда оқушылардың жас ерекшеліктерімен қоса осы сыныптың ойлау дағдылары ескерілді, сонымен қатар мотивация үшін гипотезаларды ұсыну кезінде ынталандыру техникасын пайдаландым. Қарама-қарсы гипотезаларды тақтаға жазған болатынмын, сабақтың соңында оқушылар оларға қайта оралып, өздерінің болжамдарын бағалай алды. Болжамдары дұрыс болған оқушылар келесі сабақтарда көптеген болжамдар ұсынатының байқадым.

Оқушылар экспериментті саналы түрде жоспарлай алуы үшін сабақтан сабаққа алдымен топтарда, содан кейін жұп түрінде оқыту критерийлерінің негізінде дескрипторларды құрастыру тапсырмасы беріліп отырды, мұндай іс-әрекет оқушыларға зерттеу құрылымын көруге, әлсіз оқушыларға алгоритм ретінде қолдануға мүмкіндік берді. Оқушылар жүргізген зерттеулерден кейін «Мүмкін болатын» кейсін қолданып «Қортындыларын қаншалықты дұрыс деп ойлайсындар?» сұрағын қойып отырдым, сол арқылы нәтижелерін талдауға үйреттім.

3 кезең – Қорытындылар. «Мәселелік жағдай– практика - теория - айналада қолдану» кезеңдері бойынша жүргізілген зерттеуден кейін білім сапасының даму динамикасын зерттедім. Тоқсан бойынша бағалау жұмысында талдау, синтез және бағалауға арналған тапсырмалардың орындалу пайызы 2018-2019 оқу жылының 4 тоқсанымен салыстырғанда 18% - ға артты. Байқағаным оқушыларым теориялық білімдерді саналы менгергендіктен құбылмалы жағдайда сол білімдерін қолдана алады; сапалы есептерді шығара алады. Сонымен қатар оқушылардан тағы да сауалнама алдым, нәтижелері төмен көрсетілген:

Сабақтарымда қолданған кейстерде өмірлік жағдайлар қолданғандықтан, оқушылардың физикаға пән ретінде қызығушылықтары артты, яғни бұрын оқушыларда сыртқы мотивация (БЖБ және ТЖБ дайындалу) басым болса, енді ішкі мотивацияға көшу байқалды. Зерттеудің оң нәтижелері маған оны жалғастыру үшін негіз береді. Сонымен қатар, соңғы сауалнама бойынша, оқушылар себеп-салдар байланыстар негізінде өз зерттеулері бойынша қорытынды жазуға әлі қиналатынын атап өткен жөн.

Анықталған мәселелерді шешу үшін қадамдарым келесідей:

1. Әрбір оқушының сабаққа қатысып отыруын арттыру мақсатында салаланған қолдау көрсету және сабақты ұйымдастыру бойынша саралауды жалғастыру;

2. Оқушылардың себеп-салдар байланыстары негізінде қорытындыларды баяндау дағдыларын дамытуға бағытталған жаңа стратегиялар мен техникаларды іздестіру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сурмин Ю, СидоренкоА, Лобода В //«СИТУАЦИОННЫЙ АНАЛИЗ, или АНАТОМИЯ КЕЙС – МЕТОДА»: Центр инноваций и развития, Киев, 2002.

2. Андюсев Б. Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей // Директор школы. № 4. – С. 61-69.

3 Долгоруков А. Case-study как способ (стратегия) понимания. Практическое руководство для тьютора системы Открытого образования на основе дистанционных технологий. Под ред. А.Долгорукова. М.: Центр интенсивных технологий образования, 2002. С. 22-44.

ДИАГНОСТИКА И ПРОФИЛАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТРЕССА В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

БРАУЭР И. Н.
магистрант, ПГПУ, г. Павлодар
ДЕМИДЕНКО Р. Н.
к.б.н., доцент, профессор, ПГПУ, г. Павлодар

В течении последних несколько десятилетий исследование стресса является наиболее актуальной и популярной темой в психологической науке и практике. Актуальность этой проблемы очевидна. Не вызывает сомнений, что повышение интенсивности и напряженности современной жизни проявляется на психологическом уровне в увеличении частоты негативных эмоциональных переживаний, реакций и приводит к формированию выраженных и длительных стрессовых состояний. В свою очередь, это вызывает повышение риска развития ряда заболеваний стрессовой этиологии – «стрессовых заболеваний».

В современных социокультурных условиях достаточно частые стрессовые факторы вызывают сложные условия, последствия которых создают барьеры в профессиональной деятельности, в том числе и в деятельности педагогов дошкольного образования. Проблема оптимизации взаимодействия в системе «учитель-ученик» занимает центральное место в педагогике. Большинство концепций образования отражают непрерывный поиск и усилия, прилагаемые педагогами и психологами в этом направлении. Однако существует и психофизиологический аспект решения этой проблемы. В настоящее время в основном обращают внимание на то, является ли выбранный педагогом режим обучения и воспитания оптимальным с точки зрения психологических и биологических критериев, но недостаточно внимания уделяется вопросу стрессоустойчивости педагога-воспитателя к критическим ситуациям.

Этой проблемой занимались такие видные психологи, однако, несмотря на наличие значительного количества работ, раскрывающих психологические проблемы стресса и стрессоустойчивости педагога (К. А. Абульханова-Славская, В. А. Бодров, А. М. Боковиков, П. Г. Зильберман, В. В. Журавкова, В. Л. Марищук, Л. М. Митина, Н.А. Подымов и др.), остается много вопросов, связанных с пониманием специфики стресса и стрессоустойчивости педагогов в процессе их профессиональной деятельности.

Это привело к цели нашего исследования-проанализировать особенности профессионального стресса в деятельности педагогов дошкольного образования.

В связи с целью определяются объект и предмет исследования.

Объект исследования-педагоги-воспитатели детских садов г. Павлодара.

Предметом исследования является профессиональный стресс в педагогической деятельности.

Гипотеза исследования. Мы предполагаем, что стрессоустойчивость педагогов дошкольного образования зависит от профессиональных факторов, в частности от стажа работы.

Для достижения поставленной цели и проверки гипотезы были определены следующие исследовательские задачи:

- проанализировать проблему стресса в психолого-педагогической литературе;
- выявить влияние профессиональных факторов (опыта и квалификации) на стрессоустойчивость педагога-воспитателя;
- проанализировать экспериментальные данные с целью выявления зависимости уровня профессиональной нагрузки от стажа и квалификации.

Методы исследования: теоретические: теоретический анализ литературы по проблеме стресса в психологии и педагогике; обобщение и систематизация опыта ученых; эмпирические: беседа, анкетирование, наблюдение, тестирование, методы математической статистики.

Современный человек в процессе жизни постоянно сталкивается с различными критическими ситуациями, которые вызывают стресс. Чтобы справиться с негативными обстоятельствами, он постоянно проводит внутреннюю работу по восстановлению душевного равновесия.

Многие люди испытывают стресс на протяжении всей своей жизни. Стресс влияет на поведение человека, его здоровье, отношения с окружающими и отношения в семье, его работоспособность.

Профессиональная деятельность человека влечет за собой стрессы, присущие той или иной профессии. У представителей профессий системы «человек – человек», в которых профессия педагога занимает одно из первых мест, стресс возникает чаще всего. Активность в условиях постоянного стресса порождает усталость, повышенную тревожность, ослабление умственных способностей, повышение артериального давления, пассивное отношение к работе, снижение уровня организованности, нарушения трудовой дисциплины, etc.in кроме того, стресс может способствовать эмоциональному выгоранию учителя.

Поэтому стресс является серьезной и актуальной проблемой в профессиональной деятельности педагога, а формирование стрессоустойчивости личности является важнейшей задачей профилактики профессиональной деформации.

Обзор основных современных источников по данной проблеме позволяет предположить, что стресс может описывать разнородные явления, такие как реакция на воздействие холода и услышанной критики, гипервентиляция легких в условиях форсированного дыхания и радости от успехов, усталость и унижение и др. [1].

«Состояние, в котором человек оказывается в условиях, препятствующих его самореализации», – определяет психическое напряжение (Ю. С. Савенко) [2].

Это определение во многом характеризует аспект профессиональной деятельности человека, процесс его самоактуализации. Причиной стресса может стать любое удивление, нарушающее привычный ход жизни.

При этом, по мнению Г. Селье, не имеет значения, приятна или неприятна ситуация, с которой сталкивается человек. Что имеет значение, так это интенсивность потребности в перестройке или адаптации личности. [3].

Исходя из этого, стрессоустойчивость – это совокупность личностных качеств, позволяющих человеку переносить значительные интеллектуальные, волевые и эмоциональные нагрузки, обусловленные особенностями профессиональной деятельности, без каких-либо вредных последствий для деятельности окружающих и их здоровья [4].

Для экспериментального исследования был определен контингент испытуемых. В качестве испытуемых выступили педагоги-

воспитатели ГККП «Ясли-сад № 19» и ГККП «Ясли-сад № 24» г. Павлодара. Всего было опрошено 30 человек. Выборка представлена как молодыми специалистами, так и преподавателями-стажерами.

Целью исследования явилось изучение особенностей профессионального стресса в деятельности педагогов дошкольного образования.

Для решения задач исследования использовались следующие психодиагностические методы – «шкала профессионального стресса» Д. Фонтана, диагностика «уровень эмоционального выгорания» В. В. Бойко, «оценка психической активности, интереса, эмоционального тонуса, напряженности, комфорта» Н. А. Курганова.

Для определения уровня профессионального стресса нами была выбрана методика Д. Фонтана «шкала профессионального стресса». Методика представляет собой анкету, состоящую из 22 вопросов. При интерпретации результатов используется ключ к шкале профессионального стресса. Баллы по всем 22 пунктам суммируются.

Применение методики «оценка психической активности, интереса, эмоционального тонуса, напряженности, комфорта» Н. А. Курганова позволяет оценить уровень психических состояний, то есть уровень психического функционирования на момент исследования и, соответственно, определить показатели психической активности, интереса, эмоционального тонуса, напряженности и комфорта. Результаты обрабатываются с использованием ключевых шаблонов. Анализ полученных результатов проводится путем сравнения измеренных пяти состояний между собой, а также между группой испытуемых.

Основываясь на шкале профессионального стресса Д. Фонтана, мы распределили результаты нашего исследования на три уровня профессионального стресса (Рисунок 1).



Рисунок 1 – Структура уровня профессионального стресса

Так, низкий уровень (11 человек) характеризуется тем, что профессиональный стресс не является проблемой в деятельности педагога, деятельность характеризуется активностью и удовлетворенностью; умеренный уровень (17 человек) - характерен для занятого и трудолюбивого профессионала, но длительное воздействие умеренного стресса приводит к снижению работоспособности и негативному воздействию на организм личности, поэтому необходимо снижать уровень стресса; высокий уровень (6 человек) определяет стресс как проблему, которая в процессе деятельности приводит к постоянному отрицательному результату и требует корректирующих действий, чем дольше вы продолжаете работать с этим уровнем стресса, тем сложнее будет корректировать выработанный стиль работы преподавателя, поэтому необходим тщательный анализ профессиональной жизни.

А также в ряде характеристик, присущих испытуемым были отмечены: неспособность перестать думать или переживать события дня, плаксивость, неспособность расслабиться по вечерам, нежелание знакомиться с новыми людьми и узнавать новые впечатления, очень сильное раздражение по поводу мелких событий, отсутствие энтузиазма даже по отношению к самым значительным и важным.

Таким образом, проявление признаков стресса у большинства испытуемых выражено. Отмечается повышенное состояние тревожности, потеря сил и расстройства вегетативной системы, что свидетельствует о развитии стадии истощения, когда мобилизованные для борьбы со стрессом источники истощаются и нуждаются в корректировке извне.

Важно отметить достаточно высокий уровень комфортности, который поддерживается высоким уровнем заинтересованности и эмоционального тонуса, это свидетельствует о достаточно высоком уровне внимательности и сосредоточенности, мобилизации сил и средств, что в свою очередь также косвенно подчеркивает формирование стадии стрессоустойчивости у педагогов дошкольного образования, фазы «резистентности».

Экспериментальное исследование выявило следующее:

- по результатам эксперимента были выявлены три уровня стрессоустойчивости педагогов;

- методы качественного анализа показали, что уровень стресса зависит от стажа работы педагога ДОУ: большинство педагогов с педагогическим стажем более 20 лет имеют высокий уровень профессионального стресса и синдром выгорания;

- наиболее тяжелыми стрессовыми ситуациями являются следующие (по степени важности): превышение объема выполненной работы в отведенное время; недооценка педагогической работы, как с точки зрения материального, так и морального вознаграждения;

- основными симптомами формирования синдрома эмоционального выгорания можно считать: снижение профессиональных обязанностей - уменьшение или облегчение профессиональных обязанностей, требующих эмоциональных затрат; эмоционально-нравственную дезориентацию-ограничение эмоционального воздействия и самооправдание, отстаивание своей стратегии; расширение сбережений эмоций - снижение эмоционального воздействия и в общении с семьей, друзьями и знакомыми.

Важно помнить, что стрессоустойчивость – это врожденное качество, она хорошо поддается тренировкам. Чтобы учитель не оказывал негативного влияния на тех, с кем он общается, и мог жить в мире с самим собой, вы должны заниматься собой, своими проблемами, т. е. начинать нужно с себя.

В рамках мероприятий, смягчающих влияние стресса на психическое и физическое здоровье личности педагога, выделяются: социальная поддержка, жизнестойкость, оптимизм, реактивность вегетативной нервной системы, релаксация, физкультура, полноценный отдых.

Таким образом, формирование стрессоустойчивости является залогом психического здоровья педагога. Путь к психическому здоровью – это путь к целостной личности, не раздираемой изнутри конфликтами мотивов, сомнениями, неуверенностью в себе. На этом пути важно знать особенности своей психики, что позволит не только предотвратить возникновение заболеваний, улучшить самочувствие, но и улучшить себя и свое взаимодействие с внешним миром.

Итак, стресса не следует избегать, – советует Г. Селье, ведь «полная свобода от стресса означает смерть» [3]. А педагогам, людям, страдающим стрессом, необходимо овладеть двумя науками: справляться с обстоятельствами жизни, ведущими к стрессу, и со свойствами личности, способствующими возникновению стресса, как в процессе своей профессиональной деятельности, так и на этапе получения этой профессии.

Подводя итоги, отметим, что проблема стрессоустойчивости в деятельности педагогов в современном, динамично развивающемся информационно-образовательном пространстве как сфере деятельности отдельных лиц, профессиональных групп, субъектов

государственного управления, требует дальнейшего изучения технологических механизмов ее формирования и развития, вооружая педагогов эффективными стратегиями преодоления стресса, что, безусловно, положительно скажется на качестве преподавания и предметной устойчивости.

В результате проведенного исследования было выявлено, что стрессоустойчивость является очень важным качеством личности педагога. Поэтому необходимо срочно изучить пути повышения стрессоустойчивости.

В соответствии с поставленными целями нами было проведено исследование, которое позволяет сделать следующие выводы:

1) в современной науке нет единого понятия стресса. В нашем исследовании мы взяли за основу определение стресса. Как состояния общего психофизического напряжения, возникающего у индивида под воздействием экстремальных условий, нарушающих механизмы адаптации систем организма и психики.

2) экспериментально выявлены три уровня стрессоустойчивости учителей-воспитателей: низкая (учителя с высоким уровнем стресса) стрессоустойчивость, средняя (с умеренным уровнем стресса), высокая устойчивость (с низким уровнем стресса).

3) доказана зависимость уровня профессионального стресса от опыта: чем больше опыта, тем выше уровень профессионального стресса, и тем выше уровень эмоционального выгорания (существующий синдром).

4) прямой зависимости профессионального стресса от категории нет, но самый высокий уровень профессионального стресса наблюдается у педагогов с 2 квалификационной категорией.

5) на основе качественного анализа были определены наиболее сильные стрессовые факторы профессиональной деятельности (по степени значимости): превышение объема работы; недооценка педагогического труда, как материального, так и морального.

Таким образом, в ходе исследования мы достигли цели, поставленной в начале работы. Подтверждается гипотеза о том, что стрессоустойчивость педагогов дошкольного образования зависит от профессиональных факторов, в частности от стажа работы.

ЛИТЕРАТУРА

1 Миронов Е. Стресс. СПб.: ДИЛЯ, 2003. 160 с.

2 Бодров В. А. Проблема преодоления стресса. Ч. 3. Стратегии и стили преодоления стресса // Психол. журн. 2006. № 3. С. 106–116.

3 Селье Г. Стресс без дистресса. М. : Прогресс, 1979. 125 с.

4 Леви Л. Эмоциональный стресс. Л. : Медицина, 1970. 326 с.

5 Щербатых Ю. В. Психология стресса и методы коррекции. СПб. : Питер, 2006. 256 с.

6 Водопьянова Н.Е, Старченко Е.С. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. – СПб.: Питер, 2005.

7 Малюченко Г.Н. Теория и практика диагностики в медиапсихологии и медиапедагогике: учебное пособие / Г.Н. Малюченко, А.С. Коповой. Саратов: Изд-во Сарат.ун-та, 2011.

8 Психология и этика делового общения : учебник для студентов вузов / под ред. В. Н. Лавриненко. 5-е изд. М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2006.

9 Безрукова, В.С. Педагогика: Учебное пособие / В.С. Безрукова. – Рн/Д: Феникс, 2013. – 381 с.

10 Бордовская, Н.В. Психология и педагогика: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения / Н. В. Бордовская, С. И. Розум. – СПб.: Питер, 2013. – 624 с.

АТА-АНА ҚАМОРЛЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

ҒАНИ А. Ғ.
магистрант, Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.
УТЕГЕНОВ Ж. М.
PhD, Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Педагогикалық мекемелер, отбасы үлгісіндегі балалар үйі ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың қоғамға табысты бейімделуі үшін қажетті жағдайларды жасауға ықпал етуде және оларды әлеуметтендірудің жолдары мен тәсілдерін тәжірибеде қолдануда. Алайда ата-ана қамқорынан тыс қалған балаларға қолдау жасауларға қарамастан, қазіргі кезеңдегі педагогикада жаңа инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы бала дамуына ықпал етудің негізге алынуы олардың даму ерекшеліктеріне психологиялық-педагогикалық талдау жасауға, тұлғалық қалыптасуын және қоғамда тұлғалық бейімделу ерекшеліктерін зерттеуге негіз болды. Сондықтан олардың тұлғалық, әлеуметтік және психологиялық даму ерекшеліктері ескеріліп, оларға ерекше педагогикалық жағдай

жасау маңызды. Осыған байланысты ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау жасау қоғамдағы өзекті мәселе болып отыр.

Ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау үшін олардың әлеуметтену ерекшеліктері зерттелу қажет. Әлеуметтену үдерісінде бала тек қана әлеуметтік рөлдерді меңгеріп, меншіктемейді, сондай-ақ нақты әлеуметтік жағдайларды субъективті түрде түсіндіреді, басқаның рөлін қабылдай отырып, өзіне жаңаша көзқараспен қарай бастайды. Сәйкесінше әлеуметтенуші бала қоғамның өзіне берген рөлін қабылдай отырып, тұлғалық даму талаптарын: танымдық, мінез-құлықтық, эмоционалдық құрылымдарын өзі меңгереді. Оның «Мені» басқалармен өзара әрекеттің субъектісі, белсенді қатысушысы болуына түрткі болады [2]. У. Бронфенбреннер әлеуметтенуді талдауда төрт деңгеймен сипатталған әлеуметтік өмір жағдайлары мен факторларын ескеру қажет деп есептейді:

- микрожүйе, оған отбасы, білім беру мекемелері, діни қауымдастықтағы баланың тікелей араласатын адамдары енеді;
- мезожүйе, ол микрожүйенің жеке қатысушылары арасындағы өзара әрекетте көрінеді;
- экзожүйе, индивид тікелей жатпайтын, бірақ белгілі бір әсері бар әлеуметтік институттарды көрсетеді (мысалы, қалалық билік, білім беру мекемелерінің әкімшілігі және т.б.).
- макрожүйе, нақ сол уақытта басым болып тұрған әлеуметтік-мәдени нормалардан көрінеді [1].

У. Бронфенбреннердің әлеуметтену процесін сипаттауына сүйенсек, бала үшін микрожүйеде қалыптасқан талаптар макрожүйеде тұлғалық бейімделуіне ықпалын тигізетіндігін байқаймыз. Себебі, микрожүйе құрылымына кіретін отбасындағы тікелей әсері болатын мінез-құлық үлгілері бала бойында қалыптасатын негізгі қасиеттерді дамытады. Баланың тұлғалық қасиеттері, құндылықтары макрожүйеде, яғни отбасынан басқа әлеуметтік ортада байқалатын талаптардың негізі ретінде басқалармен қарым-қатынастың сапасын қамтамасыз етеді. Сәйкесінше ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың әлеуметтену процесінде де олардың танымдық, мінез-құлықтық сипаттарының қалыптасуына микро- және макрожүйелердің ықпалдылығының механизмдерінің нәтижелілігі әсер етеді.

Әлеуметтенуге гуманистік тәсілмен келу К. Роджерс, А. Маслоу [3] еңбектерінде көрсетілген, әлеуметтенудің басты

мақсаты ретінде социумда тұлғаның өзін-өзі танытуы мен өзінің орнын табуы түсіндіріледі. Өзін-өзі өзектендіру әлеуметтік ортада ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың субъективті көзқарастары мен қабілеттерін дамытудың бірден-бір құрылымы ретінде анықталады. Сондықтан баланың субъект ретінде тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас нәтижелілігінің факторы ретінде айқындаймыз. Сонымен, гуманистік тәсіл аясында баланы өзіндік «мен» құндылықтарымен себептестірілген әлеуметтік мінез-құлықтарға талаптандыру қажеттілігі идеясы туып, дамыды [2].

Бала дамуына психологиялық ықпал ету және педагогикалық қарым-қатынас процесіне қатысушылар өзара объективті нысандарғана емес субъективті әрекеттердің тиімділігі бала-бала, тәрбиеші-бала диадаларында байқауға болады. Субъективтілікке сәйкес З. Фрейдтің адамның әлеуметтік мінез-құлығының реттеушісі болып табылатын нәрсе тек қана объективті әлеуметтік шындық емес, онымен қоса оның әлеуметтік ұстанымын алдын-ала болжаған адамның субъективті қабылдауы деген тұжырымын негізге алуға болады [5].

Айтылғандарды ескере отырып ата-ана қамқорлығынан айырылған балалрдың әлеуметтену процесінің басты қағидалар ретінде мыналарды ұсынамыз:

- адам әлеуметтенудің белсенді субъектісі; әлеуметтену үдерісінде адам қаншалықты қоғам талаптарына икемделуге тырысса, соншалықты өзін таныту мен өз орнын алуға тырысады;
- нәтижелі әлеуметтену үдерісінде балада өзін-өзі бағалау, құндылықтар жүйесіндегі жағдайларды қайта бағалау қалыптасады.

Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың әлеуметтену процесінде психологиялық ерекшеліктерді зерттеу және педагогикалық ықпал етудің құрылымын айқындай аламыз. Ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың нәтижелі әлеуметтенуінің факторлары ретінде отбасы құндылықтары, оларды негізге ала отырып өзара қарым-қатынас барысында субъектілік қасиеттердің қалыптасуын қамтамасыз етуге болады. «Отбасында қажетті әлеуметтік дағдылар, әлеуметтік-мәдени ережелер мен тәртіптер, мінез-құлықтың негізгі таптаурындары игеріледі, эмоционалды ерекшеліктер қалыптасады, сыртқы әлеммен қарым-қатынас пайда болады» [4, 4-12]. Балада субъектіліктің қалыптасуы балалардың психологиялық дамуына: танымдық, мінез-құлықтық және эмоционалдық сапаларының дамуына кепіл болады.

Баланың әлеуметтенуін психологиялық құбылыс ретінде талдау оның мазмұны өзара байланыста қалыптасқан құрылымдарын жүйелендіруге мүмкіндік береді [2]:

1 Коммуникативтік құрамдас бөлік өзіне коммуникацияның әртүрлі амалдары мен түрлерін өазара әрекет және қарым-қатынас жағдайында қолдануды қамтамасыз етеді;

2 Танымдық құрамдас бөлік қоршаған орта туралы нақты білімді игеруді, әлеуметтік түсінік жүйесін қалыптастыруды қамтиды; қарым-қатынастарда, айтарлықтай шамада тәрбие мен оқу ісінде жүзеге асады, ол өзіндік білім алу жағдаяттарында субъективтіліктің қалыптасуында көрініс береді.

3 Мінез-құлықтық құрамдас бөлік – бұл сол бірлестікте қабылданған жеке гигиеналық дағдылардан бастап дәстүрлі әрекеттерге дейінгі баланың меңгеретін әр алуан әрекет түрлері.

4 Мәнді құрамдас бөлік тұлғаның түрткілік-қажеттілік өрісінің байқалу жүйесін ұсынады, бұл баланың әлемді таңдау қатынасымен анықталатын мәнді бағыттау.

Баланың әлеуметтену үдерісі оның тұлғалық дамуының басты мәселелерін шешуді ұсынады:

а) баланың психологиялық дамуын диагностикалау;

ә) отбасы құндылықтарын меңгерту;

б) баланың тұлғалық (субъективті) дамуы және тұлғааралық қарым-қатынасының дамуын ескеру.

Аталған мәселелерді шешу ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың әлеуметтену процесіндегі тұлғалық дамуының психологиялық-педагогикалық шарттарының негізі болып табылады.

Қорытындылай келе ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың әлеуметтенуінің нәтижелі болуы психологиялық-педагогикалық мәселелерге байланыстылығын ерекше назар аударған дұрыс деп санаймыз: әлеуметтену үдерісінде танымдық даму ерекшелігін анықтау, тұлғааралық қарым-қатынастың нәтижелілігі, тұлғалық даму ерекшеліктерінің қалыптасуы отбасындағы құндылықтарды үйрете отырып тәрбиелеу. Сәйкесінше, ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар үшін отбасы құндылықтарын меңгерту негізінде субъектілік әрекеттердің дамуы, тұлғааралық қатынастың тиімділігі тұлғалық дамудың басты механизмі ретінде психологиялық ерекшеліктерін анықтау және педагогикалық ықпал ету, баланың әлеуметтену процесінің де басты механизмі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бронфенбреннер У. Два мира детства: дети США и дети СССР. - М.: Прогресс, 1976. - 167 б.

2 Голованова Н.Ф. Социализация и воспитание ребенка. - СПб.: Речь, 2004. - 272 б.

3 Маслоу А.Г. Мотивация и личность. – СПб: Евразия, 1999. – 478 б.

4 Тлеукенова Ж.С., Бектұрғанова Г.Қ. Отбасын гендерлік әлеуметтендіру: оқу-әдістемелік құрал/ Тлеукенова Ж.С., Бектұрғанова Г.Қ. – Алматы, 2013, - 120 б.

5 Фрейд З. «Психология бессознательного». – Питер, 2019 г. – 528 б.

ҮЗДІКСІЗ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ МАНСАПТЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ГАНИЕВА Э. С.
докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТАЙБОЛАТОВ Қ. М.
оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі өзгермелі әлемде кәсіпті таңдау және мансапты құру бір рет және тұрақты болуды тоқтатады, ол үздіксіз процеске айналады. Бұны міндетті үздіксіз білім беру жағдайында жүзеге асыруға болады.

Тұлғалық-бағдарлы тәсілді іске асыруға бағытталған үздіксіз білім беру жүйесін құру білім алушылардың мансаптық өзін-өзі анықтаудың қазіргі теориясы мен практикасын қайта қарауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында үздіксіз оқытудың бірыңғай тұжырымдамасының жоқтығы атап өтіледі, ол Қазақстан азаматының білім, дағды мен құзыреттіліктерінің қажетті жиынтығы мен моделін (бейнесін) анықтайды. Білім берудің үздіксіздігінің мәселелері білім алушылардың кәсіби бағдарына бірыңғай көзқарастың болмауын күшейтеді.

Соңғы уақытта ғылыми білімнің түрлі салалары ғалымдарының мансаптық өзін-өзі анықтау бойынша білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қызығушылығы арта

түсуде. Алайда, мансаптық өзін-өзі анықтау проблемасын ғылыми негіздеу саласында айтарлықтай ілгерілетуге қарамастан, біраз қиындықтар, оны іс жүзінде іске асырудағы кемшіліктер бар.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде «тұлғаның өзін-өзі анықтауы» деген ұғым тұрақты қолданысқа шықты. Оның түсінігіндегі айырмашылықтарға қарамастан, ғалымдардың көпшілігі жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауының мәні мақсаттардың, жоспарлардың, өзара түсінушіліктердің қоршаған ортадағы, қоғам тарапынан қойылатын талаптармен арақатынасы негізінде дербес өмір сүруге дайын болу болып табылады.

Біздің елімізде тәжірибесіне айналған Дж.Голланд теориясының типологиясында мамандық таңдауда өте қызықты тәсіл қарастырылған. Автор кәсіби мамандық таңдауда адамның өзі туралы және оның ерекшеліктері туралы идеялары қалай көрінетінін талдауға тырысады. Ол мамандық таңдауды әр адамның жеке бағыты мен жеке тұлға түріне сәйкес келетін ортаны іздеуі ретінде сипаттайды.

Дж. Голландтың айтуынша, адамдар өздерінің қабілеттерін ашып, құндылығын жүзеге асыра алатын және аз қиындықтарға ие болатын өндірістік саланы іздейді. Біртектес жеке бағдарлары бар жеке тұлғалар топтары тиісті жеке типтерді құрайды. Ол тұлғаның 6 түрін анықтады: практикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік, қарапайым, кәсіпкерлік, көркемдік. Бұл жеке тұлғалық типтердің әркайсысының қоршаған орта типтері бар.

Д. Сьюпердің жұмыстарында кәсіби даму сатысы, мансап түрлері, яғни кәсіби дамудың мазмұнды жағы ғана қарастырылады. Ол кәсіби дамуды кәсіби «Мен-тұжырымдаманы» дамытумен және жүзеге асырумен байланыстырады, ол «өзінің жеке тәжірибесі туралы субъектінің пікірі» деп түсініледі, оның психологиялық және басқа қасиеттері туралы, оның қазіргі және болашақ кәсіби мінез-құлқын анықтайтын әлеуметтік талаптарды білу.

Мәселен, автор бұрын кәсіп іздеуді шектеу және нақты алыс кәсіби мақсаттарға тарылған бағдарды дұрыс емес деп санайды. Мұндай бағдар әсіресе осы мақсаттарды өзгерте алатын еңбек нарығындағы күрт және үдемелі өзгерістер кезінде қазіргі жағдайда тиімсіз болып отыр.

Б. Г. Сарсенбаеваның пікірі бойынша, «өзін-өзі анықтау сыртқы жағдайлардың әсерінен ішкі ұстанымның қалыптасуы, яғни жастардың өзін-өзі анықтауы – бұл қоғамның әлеуметтік қатынастарына кіру үдерісі». Өз кезегінде, кәсіби өзін-өзі анықтау тұлғаның өмірлік өзін-өзі анықтауының бір бөлігі ретінде

қарастырылады, оның мәні, автордың пікірі бойынша, нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайда орындалатын жұмыстың және бүкіл тіршілік әрекетінің мәнін дербес және саналы түрде табу.

Тұлғаның кәсіби және мансаптық өзін-өзі анықтауының мақсаты – өз мінез-құлқының модельдерін және өмір бойы өз дамуының келешегін саналы және дербес құруға ішкі дайындығын қалыптастыру.

Жоғары оқу орындарының білім алушыларына жеке тоқталып өтсек. Білім алушылардың мансаптық және кәсіби өзін-өзі анықтауында дәстүрлі түрде үш сатыны бөліп көрсетеді: бірінші, үшінші жән бітіру курстарында:

1) Бірінші курс студенттері таңдалған жоғары оқу орны мен мамандығына түсті. Алайда, білім алушы үшін бейімделуді талап ететін жаңа, үйреншікті емес әлеуметтік- мәдени жағдай туындайды (тұрғылықты жерінің өзгеруі, өмір салты: ауылдан қалаға, отбасыдан жатақханаға, жас адамның дербестігі өсті және т.б.). ЖОО-да оқу сабақтарын ұйымдастырудың еркін сипаты және мектепте оқытудың бұрынғы стереотиптерін бұзу. Мұнда сұрақтар туындайды: «Мен мамандықты өзім таңдадым ба?».

2) Кәсіби өзін-өзі анықтау ерекшелігі үшінші курста кәсіби қызығушылықтар мен болашақ жоспарлар өзектіленеді және студенттердің санасы мен мінез-құлқындағы жаңа қайшылықтар анықталады.

3) Жоғары оқу орнын аяқтау сатысында мамандықтың нақты түрі және жұмыс орны туралы мәселелер шешіледі. Студенттер алдында өзінің мансаптық әлеуетін жүзеге асыру мәселесі тұр. Нақты жұмыс орнын таңдау (іздеу) қажеттілігі және бір уақытта осы таңдау мүмкіндігін шектеу мамандарға нарық қажеттіліктеріне мынадай мәселелерді өзектендіреді: «мен үшін не маңызды: мамандық бойынша жұмыс немесе жоғары жалақы?».

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерге талдау нәтижелері білім алушылардың мансаптық өзін-өзі анықтаудың тиімді қалыптасуын қамтамасыз ету бойынша мақсатты және басқарылатын жұмыс қажет екенін көрсетеді, яғни осы процесті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қажет.

Бұл үдерісті жүзеге асыру әдістерінің бірі кәсіби кеңес беру болып табылады, ол әр түрлі мамандар: педагогтар, психологтар, эдвайзерлер тарапынан консультациялық көмек көрсету болып табылады. Мансап мәселелері бойынша кеңес беру барысында мамандардың мақсаты оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеу,

әр түрлі мамандық талаптарын зерделеу, білім алушылардың мансаптық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Оқушы жастардың мансаптық өзін-өзі анықтауы белсенді әдістердің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Еңбек саласында өзін-өзі анықтау әдістерінің осы түрінде білім алушы өзін, өз мүдделерін түсінуді, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді өлшеуді, өзін әртүрлі қызмет түрлерінде сынап көруді, өз жетістіктерін объективті бағалауға тырысуды, өзінің мансаптық жолын жоспарлауды, кәсіптер әлемін өз бетінше зерделеуді үйренеді. Осы әдісті пайдаланудың негізгі мақсаты білім алушыларға өзінің кәсіби жолына қатысты белсенді ұстаным алуға көмек көрсету болып табылады.

Білім алушылардың мансаптық өзін-өзі айқындауын қалыптастыру процесінде тренингтік сабақтарды пайдаланған дұрыс. Олар білімді берудің, белгілі бір біліктіліктер мен дағдыларды дамытудың, сондай-ақ қатысушылардың өзін-өзі ашуы, өзін-өзі зерттеуі және өзін-өзі түсінуі үшін жағдай жасаудың ең нәтижелі әдісі болып табылады. Тренинг кезінде қолданылатын жаттығулар өз мүдделерін ескере отырып, кәсіп таңдауда өз пікірін қорғау кезінде батыл әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға, жақын маңдағы шиеленіскен жағдайларды конструктивті шешуге, кәсіп таңдауда мінез-құлық сипатын кеңейтуге, мінез-құлықтың конформалық формаларынан бас тартуға бағытталуы тиіс.

Тренинг сабақтары жас ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылады және көптеген психологиялық ойындар мен жаттығуларды қамтиды. Әрбір сабақ келесі құрылым бойынша құрылады:

- кіріспе бөлім (танысу жаттығулары, оң мотивация жасау, ұжымдағы жағымды эмоционалдық ахуал және т. б.);
- негізгі бөлім (мансаптық құзыреттілікті қалыптастыруға және дамытуға, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар);
- қорытынды бөлім (қорытынды шығару, өткізілген сабақты талдау және т.б. байланысты жаттығулар).

Осылайша, білім беру процесінің барлық сатыларында білім алушылардың мансаптық өзін-өзі айқындауын қалыптастыру мәселесі күрделі және мақсатты психологиялық-педагогикалық жұмысты және педагогикалық үрдістің барлық субъектілері тарапынан қатысуды талап етеді. Тұлғаның мансаптық өзін-өзі анықтауы, мансап субъектісі ретінде жас адамды ұсынатын білім алушыларды әлеуметтендірудің негізгі проблемасы ретінде

қарастырылады, оның өзін-өзі тануын, өзін-өзі бағалауын, кәсіби маңызды қасиеттерді ынталандырудың негізі ретінде өзін-өзі дамытуын өзектендіреді. Мансаптық өзін-өзі анықтау адамның мансаптық қалыптасуының ең маңызды компоненттерінің бірі және осы үдерістің өту табыстылығының өлшемі ретінде көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Электронды ресурс]. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988

2 Holland J. L. (1996). Exploring careers with a typology: What we have learned and some new directions. American Psychologist, 51, 397-406.

3 Super D. E. The psychology of career. [Text] : New York, Evanston, Harper & Row, 1957. – 362 p.

4 Сарсенбаева Б. Г. Формирование профессионального самоопределения будущих учителей в вузовском учебном процессе: дис….на соиск. уч. степ. канд. пед. наук. – Алматы, 2014. – С. 35-36.

5 Безюлева Г. В. Психолого-педагогическое сопровождение профессиональной адаптации учащихся и студентов. - М. : Изд-во Московского психологосоциального института, 2008. – 320 с.

ПУТИ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У УЧАЩИХСЯ 8 КЛАССА ЧЕРЕЗ ОБУЧЕНИЕ ПУТЕМ ОТКРЫТИЯ (IBL) НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

ГОЛОВАНОВА В. И.
учитель, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

С проблемой, такой как низкий уровень познавательного интереса у учащихся, сталкиваются все учителя. Учащиеся зачастую лишь усваивают готовый материал, подготовленный учителем, не задавая вопросы «А нужно ли мне это?», «Как я смогу применить эти знания в будущем?» и т.д. На начальном этапе учащимся был предложен опрос, одним из вопросов анкетирования был: «Нравится ли тебе задавать вопросы?», где 91% ответил «да», что является высоким доказательством того, что учащиеся чувствуют потребность узнавать новую информацию посредством постановки вопроса. Тем не менее, на вопрос «Легко ли тебе задавать вопросы?»

36% учащихся ответили, что им сложно задавать и формулировать вопросы, так как у них отсутствуют идеи. Также 64% учащихся дали следующие ответы: «Мои вопросы слишком сложные» и «Мы не проходим таких тем, на которые у меня возникают вопросы» на вопрос «Удается ли тебе найти ответы на все твои вопросы?» Таким образом, умение задавать правильные четкие вопросы является одним из критериев развитого критического мышления [1], следовательно, развивая у учащихся навык постановки вопроса, навык работы с проблемными вопросами и проектами, мы можем развивать их критическое мышление.

Применение IBL подхода на уроках английского дает непосредственное развитие внутренней заинтересованности учащихся через постановку вопросов и поиск ответов на них. Каждый учащийся, задавая свои личные вопросы по теме, может выстроить свою траекторию обучения на данный раздел (тему). Сам подход широко используется для предметов естественно-математического цикла, для языковых предметов он не так широко известен, однако программа английского языка в нашей школе тесно связана с географией, биологией, химией и искусством.

Основными критериями (показателями) развитого критического мышления являются: вычленять необходимую информацию, анализировать данные, выстраивать план действий, решать проблемные ситуации (отвечать на проблемные вопросы) [2]. Проблемным вопросом может служить любой вопрос, на который нет готового ответа, учащимся предстоит выполнить серию действий, чтобы хоть как-то приблизится к ответу на вопрос, например, просмотреть видео, прочитать текст, провести дискуссию с одноклассниками. Таким образом, проблемные вопросы служат хорошей мотивацией для учащихся для изучения нового материала.

Метод IBL включает в себя проблемное обучение и проектное обучение. На наших уроках мы отошли от традиционного способа преподавания материала, направленного на заучивание, запоминание и воспроизведение.Наши учащиеся, изучая новый раздел имели возможность ответить на один из проблемных вопросов по данной теме. В качестве продукта всего раздела, учащиеся также работали над созданием проекта (практическим применением своих знаний). В конце раздела данные продукты были представлены и оценены, согласно критериям, это также был один из вариантов суммативного оценивания за раздел (по навыку говорение или письмо). В таблице отражены разделы, проблемный

вопрос раздела и название проекта, составленный на основе учебной программы 8 класса по английскому языку.

Таблица 1 – Проблемный вопрос и проект в разрезе учебной программы по английскому языку в 8 классе

Раздел	Проблемный вопрос	Проект (продукт)
Our world \ Наш мир	Who am I? \ Ктоя?	Презентация о себе классу
Daily life and Shopping \ Ежедневная рутина и покупки	Why do people shop? \ Почему люди ходят за покупками?	Создать свой собственный магазин
Entertainment and Media \ РазвлеченияиСМИ	How can virtual reality help us?\ Как виртуальная реальность может помочь нам?	Создание своего симулятора виртульаной реальности
Sport, Health and Exercise \ Спорт, здоровье и упражнения	How does our body work? \ Как наше тело работает?	Интервью с частью тела
The Natural world \ Природныймир	Why do we protect nature? \ Почему мы защищаем природу?	Речь-обращение к властям с просьбой спасти животных, находящихся в Красной книге
Travel and Transport \ Путешествия и транспорт	What is a city? \ Чтотакоегород?	Создание брошюры об одном из городов Казахстана

На уроках английского языка мы применяли данный подход на протяжении этого учебного года, класс, в котором проводилось исследование - 8Е состоит из 11 учащихся. По завершению исследования было опрошено 3 учащихся, как представителей групп А, Ви С. Им была предоставлена анкета, состоящая из 3 вопросов и два периода, соответственно – сентябрь 2019 и март 2020. Результаты предоставлены в таблице ниже.

Таблица 2 – Результаты опроса учащихся А, В, С

Сентябрь 2019				Март 2020		
Вопросы	Ученик А	Ученик В	Ученик С	Ученик А	Ученик В	Ученик С
Могу ли я задавать вопросы на любую тему?	Я затрудняюсь	Я затрудняюсь	Я затрудняюсь	Да, легко	Да, легко	Я затрудняюсь
Могу ли я представлять свою точку зрения, приводя аргументы и доказательства?	Да, легко	Да, легко	Да, легко	Да, легко	Да, легко	Да, легко
Могу ли я спланировать проект, выбрать нужную информацию, провести анализ проблемы?	Я затрудняюсь	Да, легко	Я затрудняюсь	Да, легко	Да, легко	Да, легко

Красный – отрицательная динамика; Желтый – нет динамики; Зеленый – положительная динамика

Подводя итоги данного опроса, можно сделать несколько выводов: в разрезе учащихся А, В, С отмечается положительная динамика в навыке постановки вопросов, однако только у учащихся А и В. Также положительная динамика прослеживается в навыках, необходимых для проектной деятельности, но только у А и С, учащийся В не испытывал проблем изначально. Более того, вопрос об аргументации ответов не вызывал затруднений, как предполагалось изначально. Также учащийся С не показал динамики в постановке вопросов, что дает нам возможность продолжить данное исследование.

Таким образом, за данный период нам удалось добиться следующих результатов:

Большинство учащихся может:

- самостоятельно задавать вопросы для изучения новой темы;
- самостоятельно отвечать на данные вопросы по окончанию раздела;

- разрабатывать вопросы для самоконтроля и взаимоконтроля по изученному материалу;
- сформировать ответ на вопросы сверстников и учителя;
- отвечать на проблемный вопрос по итогам изученной темы;
- самостоятельно планировать, разрабатывать и представлять продукт по итогам изученной темы;

ЛИТЕРАТУРА

1 Романова Н. Ю. «Ромашка Блума» как один из приемов технологии развития критического мышления на уроках литературы» // Учительский портал. 08.03.2019 [Электронный ресурс]. - URL:https://www.uchportal.ru/publ/23-1-0-9675

2 GragFall «Как измерить критичность мышления на собеседовании» // Правильное кадровое агентство/ Профессиональный поиск, оценка,мотивация персонала в России // Статьи iHR [Электронный ресурс]. - URL: https://acenter.ru/article/kak-izmerit-kritichnost-myshleniya-na-sobesedovanii

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ҚАБІЛЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ТҰТАСТЫҒЫ

ДЖАРБОЛОВА А. А.
мұғалім, Қызылжар орта мектебі, Ақсу қ.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үдірісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл - ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқуышының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі. Десекте қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мекттептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Мемелекетіміз ерекше қажеттілігі бар жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене

араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы. Инклюзивті білім беру идеяларын алға дылжыту қоғам өміріне ізгіліктілік идеяларын енгізіп, балалардың оқу үдірісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқытудың жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Енгізілген өзерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Олар бір-бірімен қарым- қатынас жасауға, танып – білуге, қабылдауға үйренеді. Инклюзивті білім беру инновациялық жолдармен, қажетті жаңа ақпараттық технологияларды қолдануда келешекте ерекше қажеттілігі бар балаларға білім алуға еш кедергілер болмайды. Қазіргі заманда арнайы білім жалпы білім жүйесінің құрамы болып отыр. Даму жоспары әлеуметтік және медико-педагогикалық көмегі ерекше қажеттілігі бар балалардың дамуына жаңа идеяларды және ұстанымдарды кіріктірілген инклюзивтік білімді әске асырады. Осындай әдіс-тәсілдермен балаларды жекелендіруге және толық дамымаған балаға көзқарастар жасауға болмайды, өмірде әлеуметтік траектория жасау, ерекше қажеттілігі бар балаларға ортақ дамыған балалармен қосу қажеттілігі, бірлескен оқуға, демалуды ұйымдастыру, барлық жақтан көмек беру қажет. Бүгінде білімді кіріктірілген инклюзивтік біліммен қатар дамуына қажеттілігі туып отыр. Арнайы білім жүйесінің дамуына стратегиялық тапсырманың бірі инклюзивтік білімді қазіргі заманда мойындау қажеттігі және басқа әдістермен ерекше қажеттілігі бар балалардың дамуына көмектеседі, арнайы коррекциялық білім алуына және тәрбиеленуі практикада жүзеге асады. Инклюзивтік мектеп бұл алдымен демократиялық мектеп, адамның өмірін құрметтеу және сыйлау. Осындай мектепте оқушылар шығармашылық білім мәселелерін шешуде бірігіп жұмыс істейді. Мектептің даму стратегиясы, білім беру мекемесін модернизацияға жоспарланған қызметі басым. Жалпы мәселелері бірлесе жұмыс жасайтын ұстаздардың және барлық педагог ұжыммен шешуге қалыптасуы, тандаған мәселені шешуі бойынша жоспарлау және ұйымдастыру қызметі. Барлығы маңызды талдаумен және басқару технологиялық байланыспен мектептің қызметі жүзеге асады. Меніңше басқару үдірісінен, басқару қызметі жеке түрде қаралады. Бірақ олардың байланысы бар, кезек-кезекпен өзгереді, басқару жүйесін құрады. Функционалдық элементтерін бағаламас барлық басқару үдірістерін соңғы нәтижелерін төмен көрсеткіш көрсетуі мүмкін. Қазіргі таңда саяси, экономикалық, әлеуметтік салада өзгерістер байқалады. Бірте-бірте Қазақстан

4 Асанова Д.Н. К вопросу об экспертизе образовательной языковой среды формирования умений и навыков самостоятельной работы студентов по иностранному языку./ Д.Н. Асанова // Вестник Карагандинского университета, Серия ПЕДАГОГИКА. № 4(44). – 2006. С. 66-71.

5 Федотов С.А. Формирование языковой среды на уроке английского языка посредством использования современных ИКТ-технологий. RusEdu 2009 // Сообщество RusEdu. 2009 г. [Электронный ресурс]. - URL: http://education1246.rusedu.net/post/5375/55584 [дата обращения 30.03.2020].

6 Фурманова, М.И. Языковая / речевая среда урока иностранного языка на основе информационно-коммуникационной среды – стимулирующий фактор усвоения знаний и формирования коммуникативных умений / М.И. Фурманова // Вестн. Брянск. гос. ун-та. № 2. – 2014. С. 196–200.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚАСЕНОВА М. Ж.
мұғалім, Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар қ.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деген Н. Ә. Назарбаев [1].

Өзге ұлтты мектептерде жұмыс істейтін ұстаздардың басты мақсаты – өзге ұлттың баласын мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылықтарын қалыптастыру, тіл үйренуге ынталандыру. Шәкірт білімін шыңдау қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілікті жүктейді. Осы орайда сабақтарда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатқа қол жеткізудің бастамасы болып саналады.

Қазақ тілі сабағында өзге ұлтты балаларға сабақ қызықты да тартымды өту үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үдерісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында қолдана білу дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек.

Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойынға шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие береді, тапқырлық әрекетін байқатады. Сезіну, қыбылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою сияқты сезімдерін дамытады.

Қазақ халқының ақыны, педагог М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты оқулығында бала дамуының психологиялық заңдылықтарын жан-жақты талдап көрсеткен. Мәселен жан тәрбиесі, ес, қиял, ойлау, тіл т.б. психикалық процестерде төменгі сынып оқушыларының ерекшеліктерін көрсеткен. Сабақта алған әсер күшті болса, есте ұзақ сақталады. М. Жұмабаев ойын туралы: «Баланың

қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанындағы әсерлермен пайдаланады» - деп айтқан [2, 94 б.]. Шынында да, ақынның сөзі өте орынды.

Ал бүгінгі күні, 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасында оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. «Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады. Ойын қарапайым тілдік жағдаяттарда білім алушыларды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелейді», деп атап көрсетілген.

Сонымен қатар 12 жылдық білім беру және оқушы құзыреттіліктерін дамытатындай рольдік, сюжеттік ойындарға үлкен мән беремін. Оқушылар алдына түрлі өмірлік жағдаяттар беріліп, оқушылар ойнай отырып, сол туындаған проблеманы шешуге дағдыланады. Ойын үстінде бала сұранысы мен мұғалім тапсырмасы өзара ұштасады. Мысалы: «Біздің үйіміз» ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сызбасын немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді.

Ойын арқылы бала нені үйренеді?

- ой-қабілетін дамытады;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры баийды, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- байқампаздығы артады;
- өзара сыйластыққа үйренеді;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіпке үйренеді;
- бір-біріне деген сенімі артады, достыққа баулиды;
- сабаққа қызығушылығы артады.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру.

Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау.

Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар - балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш сыныптарында, орта буында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына, мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды [3, 4-5 б.].

Мен өз сабақтарымда әсіресе, бастауыш сыныптарда ойын түрлерін жиі қолданамын. Сондағы менің түйгенім олар:

- жаңа тақырыпты ойын арқылы меңгертуде, жақсы нәтижеге жетуге болады;
- сабақты жандандырып, оқушыларды ынталандырады;
- шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін арттырады;
- сабаққа қызығушылығы артады;
- логикалық ойлау қабілеті дамиды;
- сөздік қоры өседі, тілі дамиды;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- зейіні қалыптасады;
- байқампаздығы артады;
- өзіне деген сенімділік пайда болады.

Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелерін есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беріледі, оқушылар тақтаға жазылған тиісті команда бағанындағы сөз немесе сөз тіркестерін жазып отыру; ол сөздерді есепке ала отыру; қол көтеріп

немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды көтеру арқылы білімдерін анықтау; жаттығуға жіберілген уақытты есепке алу.

Сонымен қатар, ойындарға қойылатын талаптардың өз алдына жеке мақсаттары бар.

Олар:

- ойынның мақсаты нақты әрі керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып қойылу керек;
- ойын ережелері оқушылардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі шағын болуы тиіс;
- ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет;
- ойын жүру барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай алуларына, ойлана білулеріне жол көрсетуі қажет.

Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын, зейінін, тілін дамыту үшін грамматикалық ойындардың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды.

«Сандар әлемі» ойыны.

Мақсаты: сөз құрамында сан есімдері бар сөздерді жазу арқылы еске түсіру қабілеттерін жетілдіру. Сөздік қорларын кеңейту.

Ойын шарты: ойынды жұптық жұмыс ретінде өткізуге болады. Қай жұп құрамында сан есімдері бар сөздерді көп жазса, сол жұп жеңімпаз атанады.

Мысалы: 2+бастұз, к+3+ік, 5+бармақ, 6+бақан, 7+су тағы басқа.

«Интервью» блиц ойыны.

Мақсаты: тақырыпты пысықтауға арналған ойын түрі.

Ойын шарты: оқушылардың арасынан тілші сайланады. Тілші әр оқушыға тақырыпқа қатысты сұрақ қояды. Оқушылар қойылған сұрақтың негізінде интервью береді.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында ойын элементтерін пайдаланудың нәтижесінде, оқушының сөз байлығы көбейіп, олар сөйлеу мәдениетін меңгереді, және есте сақтау, ойлау машықтары қалыптасады. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Сондықтан әсіресе бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір, 2017.

2 Жұмабаев М. «Педагогика» - Алматы: «Ана тілі», 1992 ж, 94 б.

3 Калмыкова Е.В. «Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту»- Алматы, 2007 ж, 4- 5 б.

4 Керімбаева Р. «Дидактикалық ойындар түрлері», 2005 ж.

5 Қайырбекова А., Бағысбаева Б. «Қазақ тілі» Әдістемелік құрал 1-4 сынып. – Алматы: «Атамұра», 2012 жыл.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҚҰЗІРЕТТІЛІК АМАЛ ТҰРҒЫСЫНАН ДАМЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

КОДЕКОВА Г. Б.
PhD докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖУМАТАЕВА Е.
п.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адамзаттың дамуы қоршаған ортаны үздіксіз танып білуімен, жаңа заңдылықтарды ашумен, заттармен құбылыстар арасындағы байланыстарды табумен, әртүрлі қажеттіліктерді жүзеге асырумен себептес болған мақсаттарға жету барысында күрделі мәселелерді шешумен құнды болмақ. Ол үшін қоршаған ортаны сезімдік таным деңгейде образ формасында бейнелеу жеткіліксіз болады, оны ойлау үдерісімен қамтамсыз етілетін логикалық деңгейде тану қажеттілігі туады.

Ойлау – ол ең маңызды байланыстар мен қатынастарда адаммен жасалатын ақиқаттың жанама, жалпыланған бейнесі. Ол әлеуметпен шарттас, тілмен тығыз байланыста, тағылымдық және сезімдік танудан практикалық іс-әрекет негізінде пайда болады және тиісті операциялар жүйесі көмегімен жүзеге асырылады [1].

Ойлау үдерісінде адам түйсік, қабылдаудан түскен ақпаратын, түсініктерді қолдану арқылы сезімдік тану шегінен асып өтеді және тікелей қабылдауға келмейтін қоршаған ортаның құбылыстарын, олардың қасиеттері мен қатынастарын тани алатынына зерттеушілердің еңбектерінде арнайы түйін-тұжырым сирек кездесе де, бастапқы мағлұматтар ұсынылған [2]. Басқа сөзбен айтқанда, ойлау ол нақты емес жанама ұғым. Объектінің әртүрлі қасиеттерінің жекешеленуі олардың сөздерде, түсініктерде фиксациялау арқылы жүзеге асырылатыны да дәлелденген [3]. Сол себептен сөз ойлаудың көрінісі болып табылады. Ойлау үдерісінің жемісі, нәтижесі түсінік, пікір, ой қорытындысы түрінде ойлар сыртқы ортаға белгі береді.

Әдіснамалық негізге, университеттің оқу үдерісінің мүмкіндіктеріне сүйене отырып, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту бойынша эксперименталды - педагогикалық жұмыстар жүргіздік. Қалыптастырушы эксперименттің бастапқы кезеңі студенттердің кәсіби ойлау қабілеттің бастапқы күйінің зерттеу нәтижелері болды.

Анықтау кезеңінің нәтижелеріне сүйене отырып, студенттердің кәсіби дайындығының мазмұны болашақ психологтар үшін элективті пәнге қосымша блок енгізіп, студенттердің практикалық дайындығы және психологиялық дайындық арқылы жүзеге асырылатын міндетті практикалық сабақтарды қамтуы керек деген қорытындыға келдік.

Сонымен қатар, диплом алдындағы практика бағдарламасының мазмұнын талдай келе біз олардың зерттелетін сапаның дамуы үшін әлеуетін, олардың білім беру үдерісінде өзара байланысын ескере отырып, зерттелетін сапаны дамыту үшін диплом алдындағы практиканы мақсатты түрде ұйымдастырудың қажеттілігін анықтауға мүмкіндік берді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі бізді арнайы ұйымдастырылған тәжірибелік-педагогикалық жұмысты әзірлеуге итермелеп, бұл студенттердің кәсіби ойлау қабілетін мақсатты дамуының негіздемесінің мазмұнын таңдауда және шешілетін міндеттердің ерекшеліктерін ескеретін студенттермен жұмыс жасау әдістері, әдістемелер мен формаларын әзірлеуде көрініс тапты.

Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде біз студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделін жасауды, оның практикада тиімділігін тексеруді мақсат етіп қойдық. Осы мақсатқа қол жеткізуді біз келесі міндеттерді шешумен байланыстырдық:

- құзыреттілік, тұлғалық-әрекеттік және аксиологиялық амалдарды іске асырудың негізінде студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытуда диплом алдындағы практиканың әлеуетін пайдалану;

- студенттердің зерттелген сапасын дамыту үшін «Мансап психологиясы» элективті курсының тақырыптық жоспарына «Болашақ мамандардың кәсіби ойлау қабілетін дамытудың теориялық негіздері» блогын әзірлеу және апробациядан өткізу;

- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттарды анықтау.

Эксперименталды және педагогикалық жұмыстарға С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттері қатысты.

Мақсаты студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту болып табылатын эксперименттік және педагогикалық жұмыстың алғашқы кіріспе сатысында біз «Мансап психологиясы» элективті курсының тақырыптық жоспарына «Болашақ мамандардың кәсіби ойлау қабілетін дамытудың теориялық негіздері» блогын әзірлеп, университеттің оқу үдерісіне енгіздік.

Студенттердің теориялық және эвристикалық ойлауын зерделеу үшін студенттердің өздігінен сұрақтар құрастыру әдістемелік әдіс қолданылды. Біз Г. Г. Валиуллина әдісін қолдандық [4].

Әдістеме дамытушы функцияға ие, дәрісте берілген материалдағы құрылымдық байланыстарды көруге мүмкіндік береді, әрі қарай оларды кез-келген ақпараттық блоктан табуға ықпал етеді; ойланатын адамның ерекшелігі болып табылатын мәселені бастапқы мағынасына қайтару қабілетін дамытады; сұрақтың сапасы бойынша оны қойған адамның кәсіби деңгейіне баға беруге болады. Оқып жатқан пән бойынша орташа күрделі 10 сұрақ, сонымен қатар өз мамандықтары бойынша 10 сұрақ құрастыру ұсынылды. Бұл әдіс сонымен қатар студенттердің талдау, синтездеу және жалпылау деңгейлерін бағалауға мүмкіндік береді. Сұрақтар қоюдың практикалық шеберлігі, баяндау барысында абстракция деңгейін ұстану икемділігі, тұжырымдардағы қайталанулар мен семантикалық алшақтықты болдырмау қабілеттерін дамытады. Тапсырма студенттерге тест тапсырмаларын дайындау нысанында да болуы мүмкін, бұл диагностикалық әдіске дамытушы функция береді: орындау уақыты көбірек, сонымен қатар ақыл-ой күшін, шығармашылық қабілеттерін жандандыруды қажет етеді.

Курс соңында студенттер курстың тезистері, эсселер, афоризмдер, дәйексөздер, мамандық туралы мәлімдемелер, маманның моральдық категориялары, маманның кәсіби борышы, мамандықтың библиографиялық тізімі, кәсіби жағдайды сипаттайтын бейне және ұсынылған шешіммен бірге портфолионы ұсынады.

Элективті курсты оқу барысында студенттер орындаған бұл тапсырмалар кәсіби ойлау қабілетінің даму деңгейін біртіндеп арттыруға мүмкіндік берді.

Біз тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың екінші кезеңінде студенттердің кәсіби ойлау қабілетін қарқынды дамытуға бағытталған «Мансап психологиясы» элективті курсын университеттің оқу үдерісіне енгіздік.

«Мансап психологиясы» курсының практикалық сабақтарында студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің дамуына бағытталған психологиялық тренингтер арқылы жүзеге асырылды.

Психологиялық тренинг бағдарламасын студенттер өзі құрастырып топта жүргізді. Ол ұйымдастырушылық, көшбасшылық құзіреттіліктерін, кәсіби ойлау қабілетін дамытуға және теориялық білімдерін тәжерибеде қолдануға мүмкіндік берді.

Психологиялық тренингтер келесі міндеттерді шешуге бағытталған: логикалық-креативты ойлауды дамытуға (2 сағат).

Сабақ 1. «Үш нүкте» жаттығуы, «Индейцтардың ойындары» жаттығуы, «Ескілікті зат», «Неге ұқсайды», «Бір әріпке».

Сабақ 2. «Ассоциациялар тізбегі», «Логикалық тапсырма», «Эйнштейннің жұмбағы», «Лабиринт», «Үш сөз» [5, 158-159 б.].

Кәсіби ортаны дұрыс ұйымдастыра алу қабілеті. (2 сағат)

Сабақ 3-4. Кәсіби ортаны дұрыс ұйымдастыра алу қабілетін дамыту мақсатында біз техникаларын жүзеге асырдық «Тик-так», «Резюме», «Идеялардың квотасы», «Шие жинау», «Машиналарды жуатын салон қожайынның жаңа бизнесі» [6, 76-81 б.]

Көшбасшылық қабілетті дамытуға (3 сағат)

Сабақ 5-6. «Қошемет сөздер айту», «Мақтау», «Күшті жақтары», «Сен жарадың, себебі...», «Қолдау», «Тақ»

Сабақ 7. «Менің мақсатым», «Өз-өзін таныстыру немесе мен кіммін», «Маған дауыс беріңдер», «Тамұқ мұнарасы», «Мен көшбасшымын ба?» [7, 34-57 б.]

Осылайша, ұсынылған элективті курс, біздің ойымызша, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін, оның құрамдас бөліктерін мақсатбағдарланған күйде дамытты. Біз бұл тұжырымға қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін анықтау арқылы келдік. Эксперименттік және педагогикалық жұмыс барысында біз бұл элективті курс студенттердің диплом алдындағы практикаға дейін өтуі керек екендігіне көз жеткіздік, өйткені бұл студенттердің практикаға тез бейімделуіне және олардың ұйымның өндірістік үдерісіне белсенді қосылуына септігін тигізеді.

Практикалық дағдыларды қалыптастырудың басты шарты олардың тікелей іс-әрекетке қатысуы болғандықтан, тәжірибелік-педагогикалық жұмысымыздың соңғы кезеңі студенттердің

құзіреттілік, тұлға-әрекеттік және аксиологиялық амалдар негізінде қалыптасқан теориялық білімдерін жүзеге асыру болды.

Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың үшінші кезеңі – қалыптастырушы – диплом алдындағы практикасы арқылы жүзеге асырылды.

Студенттердің диплом алдындағы практика 8 семестрде өтті. Студенттерге өндірістік шарттарда кәсіби ойлау қабілетін дамыту міндеттемесі жүктелді. Диплом алдындағы бағдарламасы және әдістемелік нұсқаулықтарға тиесілі өзгертулер енгізілді.

Студенттерге негізгі жұмыс жоспарда көзделген тапсырмалармен қатар мынадай міндеттер жүктелді:

- gсихологиялық кеңес беру;
- психологиялық мәселелерді анықтау,
- нақты әдістерді қолдану;
- эксперимент;
- ұсыныстарды әзірлеу;
- Мекеме психологының көмегімен нақты кәсіби мәселені, оның шешілу жолы мен соңғы нәтижесінен тұратын бейнероликті дайындау.

Берілген тапсырмалар келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- теориялық білімді жетілдіру және бекіту, зерттеу жұмысының нәтижелерін тәжірибеде қолдану;
- таңдалған кәсіби салада өзекті мәселелермен, қарама-қайшылықтармен, өткір тұрған мәселелермен танысу;
- оқу жылында қарастырылған ғылыми зерттеу материалдарын зерделеу;
- мекеменің қызметкерлер мен қызмет тұтынушылардың әрекеттесу арқылы кәсіби ойлауға жағымды көз-қарасты орнату;
- өз ісіне жауапкершілікті, өз білімін кәсіпқой деңгейінде қолдану қабілетін қалыптастыру және дамыту;
- адамдармен сенімді қарым-қатынас орната алу қабілетін қалыптастыру;
- өз-өзін дұрыс ұсына алу, камера алдында өзін бос ұстау, ғылыми баяндама мәтінін құрастыру, ораторлық қабілетті, көшбасшылық қабілетін дамыту;
- ұжымдық нәтижелерге қол жеткізуге икемділікті дамыту.

Диплом алдындағы практика барысында студенттердің кәсіби ойлау қабілетін құрайтын компоненттердің дамуын анықтау үшін студенттерге бақылау жүргізілді.

Сонымен, құзіреттілік, аксиологиялық және тұлғалық-әрекеттік амалдар тұрғысынан жүзеге асырылған студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі ғылыми негізделген және сынақтан өткіздік, ол оны арнайы әзірленген элективті курс және диплом алдындағы практикасы арқылы кезең-кезеңімен жүзеге асыруды көздейді.

Жүргізілген зерттеу студенттердің университеттегі оқу кезеңінде кәсіби ойлау қабілетін дамыту бойынша бағытталған жұмыстың қажеттілігін; біздің әзірленіп негізделген модельдің жетерлік тиімділігін дәлелдеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тәжібаев Т. Жалпы психология. Оқу құралы (Алғы сөзі мен түсініктемелерін жазып, автор еңбектерінің тізімін жасаған және құрастырған профессор Жарықбаев Қ. пен доцент Түрікпенұлы Ж.). – Алматы, «Қазақ университеті», 1993. – 240 б.

2 Павлов И. П. Физиология. Избранные труды / Павлов И. П. – 2-е изд., стер. – Москва : Издательство Юрайт, 2019. – 394 с.

3 Матюшкова Т. М. Профессионально-ценностные ориентации как условие профессиональной самореализации будущих учителей музыки // Молодой ученый, –2016. –№2. –817 с.

4 Валиуллина Г.Г. Методы диагностики профессионального мышления студентов // Психологические исследования. 2013. Т. 6, № 27. С. 7.

5 Степанюк И. В. Формирование креативного мышления на уроках // Молодой ученый. –2015. –№16. –428 с.

6 Гиппиус С. В. Тренинг развития креативности гимнастика чувств СПб: Издательство «Речь», 2001

7 Климчук В. А. Тренинг внутренней мотивации. – СПб.: Речь, 2005. – 76 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КОЖАХМЕТОВА Л. Ж.
мұғалім, Үштерек ауылының орта мектебі, Евгеньевка ауылы, Ақсу к.

Қазіргі уақытта зертеушілік тек ғалымдардың тар ауқымды саласы ретінде қарастырылмайды, ол кез-келген саланың ажырамас бөлігі ретінде, соның ішінде педагогикада кеңінен қолданылуда.

Ғылыми зерттеушілік тұлғаны ғылыми зерттеушілікке интермелейді, альтернативті идеяларды алға шығарып, әр түрлі көзқарастарды талдап, алынған мәліметтерді сипаттап, жаңа дүниетанымдық көзқарастарды қорытындылауға септігін тигізеді.

Оқушылардың ғылыми зерттеушілк жұмысын ұйымдастыру үшін құрылған жүйе тұлғаны қалыптастыруға, оның шығармашылығын шыңдауға, өмірлік белсенді позициясын ұсынуға бағытталған.

Ғылыми қоғам оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс уақытта ұйымдармен, педагогтармен, ғалымдар мен оқушылардың өзара араласуын, әр түрлі саладағы зерттеушлік жұмыстармен ұқсас жақтарын тауып, пікір алмасуын қамтамасыз етеді.

Оқушылардың ғылыми ұйымы педагогикалық үрдістің компоненті ретінде, оқушыларды жеке немесе топтарға бөліп, ғылыми салада құрастыру, қамтамасыз ету, оқушылардың ғылыми жұмысында жетекшілік ету жалпы бірыңғай жүйенің моделі болып саналады [5, с. 6].

Оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда проблеманың түп негізі ұстаздардың әдістемелік және теория-практикалық сауаттылығының жеткіліксіздігінде. Сондықтан біздің жұмысымыздың басты мақсаты оқушылар арасында зерттеушілік моделін құрастыру [2, с. 68].

Мақсатты блок қоғам, ғылым, білім тенденциясында оқушылардың ғылыми ұйымының оқу процессінде функциясын тағайындау.

«Балдәурен» оқушылардың ғылыми ұйымының мақсаты – оқу-зерттеу мәдениеті мен зерттеушілік моделін құратын орта жасау.

И. Ф. Исаев зерттеушілік моделіне келесі сипаттама берген: зерттеушілік мәдениеті тұлғаның интегративті қасиеті, әлемнің бүтіндік картинасы, ғылымды түсіну икемділігі, оның нәтижелеріне әсер етуі, оның өзін-өзі тануы мен шығармашылық дамуы [1, с. 144].

Оқушының бұл динамикалық қалыптасуына оның дамушылық факторы мен зерттеушілік жұмысының нәтижесі, оқу материалдарында икемділігі мен қабілеттігі әсер етеді.

Зерттеушілік мәдениеті келесі компоненттерден құралады: аксиологиялық (зерттеушілік жұмысына жауапкершікпен қарау, қажеттіліктер, қызығушылықтар, мотивтерді айқындау); когнитивті-ақпараттық (зерттеу әдістерін білу); шығармашылық (зерттеу жұмысының жеке жүйесін құруы) [5, с. 14].

Оқу-зерттеу жұмысы кезінде алынған білім проблеманы анықтау, оның негізделуі мен шешу жолдары, нәтижелерін жоспарлау, табылған шешімнің құрылатын өмірлік жоспардың негізі болуын қарастырады.

Ақсу қаласы Үштерек ауылының орта мектебінде «Балдәурен» оқушылардың ғылыми ұйымында мектептің жалпы ғылыми-әдістемелік жүйесі мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі мен оқушылардың шығармашылық қызығушылықтарын біріктіретін модельмен жұмыс істейді. Біздің модель мақсатты, мазмұнды процессуальді, нәтижелі блоктарды өзара құрылымды және функционалды байланыстырады (сурет 1).



Сурет 1 – Үштерек ауылының орта мектебінің деңгейінде зерттеушілік моделінің құрылымды-мазмұнды моделін құрастыру

Оқушылар оқу-зерттеу жұмысы процессінде ғылыми-әлемтану құндылықтары мен оның алынған білімін қолдануға қажет.

Модельдің басты мақсаттары:

Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыруға мұғалімдерді жұмылдыру

Оқу-танымдық белсенділік көмегімен дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін құрау

Оқушылардың интеллектуалды потенциалын ерте анықтау, ғылыми зерттеу жұмысына икемділігін дамыту

Өзін-өзі оқыту мен дамыту процессінде оқушыларды белсенді жұмылдыру, жеке-дара жұмыста икемділігін ұштау, қызықтыратын салатын білімі мен эрудициясын жоғарылату

Мектеп түлектерінің мамандық дұрыс таңдауға көмектесу

Белсенді азаматтық позицияны, жоғары құндылықтар мен рухани мәдениетті тәрбиелеу

Оқушылардың зерттеу мәдениетінің құрылуының эффективтілігі педагогикалық идеялардың жиынтығы, оған төмендегілер жатады:

- білім берудің мақсаты ретінде ұстаздардың зерттеу мәдениетін қоюы;
- оқудың барлық кезеңдерінде мектептің жоғарғы сынып оқушыларын жүйелі түрде жұмылдыру;
- зерттеушілік кезінде оқушылардың жеке және әлеуметтік маңызды проблемаларының шешілуі;
- зерттеушіліктің эксперименталды түрлерін көрсетуі;
- оқушылардың шығармашылық ұжымды, тақырыбы мен зерттеу жұмысының күрделігін, есеп берудіңформасы мен жұмысты қорғауды ұсына білуі;
- оқу материалының үздіксіз мұғаліммен тексерілуі және уақытылы дұрысталулары;
- зерттеу жұмысына жалпы әкімшіліктің атсалысуы.

Оқушылардың зерттеу жұмыстары бойынша мектептің ғылыми-әлеуметтік кеңесін ұйымдастыруы, оқу-тәрбие процесінде нәтижесін көрсету:

- әдістемелеік бірлестіктердің басқарушылармен әлеуметтік жұмыс жүргізеді;
- оқушылар мен ұстаздар арасындағы жүргізілетін әдістемелік жұмыстың ұйымдастырылуы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын басқару;
- оқушылардың ғылыми ұйымының жұмыс бағыттары мен жұмыс бағыттарын қарастырып, бекітеді;
- оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде мұғалімдер арасындасы квалификация жоғарылату бойынша семинарларды өткізіп, ұйымдастыруы;
- оқушылардың ғылыми-практикалық конференциядарын жыл сайын ұйымдастыруы;
- оқушылардың ғылыми ұйымының нәтижесін бағалауы жатқызылады.

Мектебіміздегі оқушылардың ғылыми ұйымының жетекшісінің жұмысының басты бағыттары:

- мектепте жалпы басқарушылық режимін қадағалайды;
- оқушылардың ғылыми ұйымының жұмыс жоспарын құрады;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша нормативтік базаны жасайды: қаулылар, ұсыныстар, қажеттіліктер;
- оқытудың зерттеушілік, жобалық, дамытушылық технологиялары ойынша ұстаздар арасындағы проблеманы шешу бойынша әдістемелік жұмысты жүргізеді;
- оқушылардың ғылыми жұмыстарының жетекшілерімен сұрақтары бойынша ақпарат береді;
- мектепте жасалынып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарына баға беріп, зерттеушілік жұмыстарына коррекция жасайды;
- интеллектуалды марафондарды, жарыстарды ұйымдастырады.

Оқушылардың ғылыми ұйымының басты бөлімі пәндік секция. Секция жобалардың тақырыптарын, олардың орындалуы тиіс мерзімдері мен қатысушылардың есеп берулерін тыңдап, мектептік конференцияларғы баяндамаларды жібереді.

Мектептік ғылыми-практикалық конференция оқушылардың ғылыми ұйымының жұмысының нәтижесі, жылына бір рет өткізіледі.

«Балдәурен» оқушылардың ғылыми ұйымы «Білім туралы» заңнамасы негізінде, келесідей қаулылармен жұмыс жасайды:

1 «Балдәурен» оқушылардың ғылыми ұйымының қаулысында, жалпы ережелер, міндеттері, жұмыс формалары, ұйымдастырылуы мен онда қатысушылардың құқықтары мен қатысу мүмкіндіктері толықтай жазылады.

2 Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша басты іс-шаралардың жұмыс жоспары.

3 «Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша» қаулыда басты ерекшеліктері мен қажеттіліктерді толықтай баяндайды.

4 «Мектепте ғылыми-практикалық конференция қаулысында» конференцияның мақсаттары, міндеттері, ұйымдастыру ерекшеліктері қамтылады.

Мектебімізде арнайы «Зерттеушілік жұмысқа кіріспе» арнайы курсы 5-9 сыныптар мен «Зерттеу жұмыстарының негіздері» курсы 10-11 сыныптар үшін қарастырылған, онда түсініктеме хаттар, оқушылардың зерттеу жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері, зерттеу жкмыстарын бағалау критерийлері толықтай қамтылған.

Біз жасаған модель келесі кезеңдерді қамтиды:

- бейімділік-пропедевтикалық кезең (зерттеу бағыттары бойынша оқушылардың ақпаратты толықтай меңгеруі, зерттеу жұмыстарына кедергі жасайтын факторларды анықтау, зерттеу жұмыстарына оқушыларға бақылау сұрақтарын қою);
- қызметтік-ұйымдастырушылық кезең (зерттеу жұмыстарының міндеттерін құрау, зерттеу жұмыстарының негізін табу, жеке-дара жұмыстың тиімді рационалды формалары);
- продуктивті кезең (оқушылардың зерттеу жұмыстарында өзіндік талпыныстарын арттыру, өздігінен білім алуға, жаңа ақпараттарды меңгеріп, жұмыстарын толықтыруы);

Оқушылардың ғылыми ұйымының басты жұмыс бағыттары – секционды және жалпы жұмыс.

Жеке-даралық жұмыс – алғашқы дереккөздермен, әдебиетпен жеке жұмыс, зерттеу тақырыбы бойынша қойылатын тапсырмаларды орындауы

Секционды жұмыс – лекция, семинарлар, дискуссия, презентацияларды қамтиды.

Оқушылардың ғылыми ұйымының жалпы жұмысы – жалпы жиналыстар, конференция, жарыстар, ғалымдармен кездесулер, экскурсияларды ұйымдастыру

Зерттеу жұмыстарында оқу – зерттеу дереккөздері, оқу программалары, әдістемелік нұсқаулық, ИКТ, интернет – ресурстары қолданылады.

Нәтижелік блок оқушылардың зерттеу мәдениетінің критерийлері мен деңгейлерін қарастырады.

Кесте 1 – Оқушылардың зертеу мәдениетінің қалыптасу деңгейін критериалды бағалау

Критерийлері	Оқушылардың зерттеу мәдениеттінің деңгейі
Зерттеу мотивациясы	Зерттелетін тақырып бойынша оқушының қызығушылығы
Ғылыми ойлау	Зерттелетін тақырып бойынша оқушының ғылыми түрде нормаларға сәйкес ойлануы
Зерттеуге технологиялық дайындығы	Оқушының ғылыми-зерттеу жұмысында жаңа технологияларды игеруі
Оқушылардың тұлға ретінде шығармашылық белсенділігі	Оқушылардың зерттелетін тақырып бойынша өз идеяларын айтуы, одан жаңа түйін шығарып, жұмысына қосуы [4]

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының даму деңгейі келесі этаптарды қамтиды:

Бірінші – рецептивті деңгей, қоршаған ортаны қажеттіліктеріне қарай өздігінше игеруі. Бұл кезеңде оқушының танымдық-зерттеу белсендігі төмен және зерттеушілік икемдігі төмен.

Екінші – репродуктивті кезең, нұсқаулықтарға сүйене отырып, өздігінен икемдігін арттыруы. Оқу материалына сүйене отырып қарайды, зерттеушілнк қызығушылық осы кезеңде төмен.

Үшінші – эвристикалық кезең қойылған мақсата қарай оқушының тұрақты қызығушылығы мен барлық қойылатын критерийлерге сәйкес жұмыс жасауы.

Төртінші – шығармашылық деңгей. Оқушы өздігінен тақыып бойынша материалдарды іздейді, өз ұсыныстарын жасайды, шығармашылық активтігін көрсетеді.

Мектебіміздегі «Балдәурен» оқушылардың шығармашылық ұйымындағы мүшелер жаңа дүниені тануға, ғылыми қызығушылық таныта бастады, тұлға ретінде интеллектуалды дами бастады.

Сіздерге ұсынылған модель оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қызықтыру үшін мектебімізде жасалынады. Барлық компоненттері өзара байланысты:

- оқытудың ғылыми-зерттеу жұмысын толықтай ұйымдастырады;
- оқу процессінде ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастырады;
- ғылыми – зерттеу жұмыстарының нәтижелігі артады;
- қалалық,облыстық,республикалық конкурстарда жүлделі орындаға оқушылар ие болады;
- жалпы және жоғары білімнің тиімді интеграциясы оқу жүйесінің оңтайлығын арттырып, зерттеушілік жұмыстарына оқушылардың толықтай қатысуын қамтамасыз ете бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Исаев И.Ф., Макотрова Г.В. Учебно-исследовательская культура как фактор творческого саморазвития старшеклассника в профильном обучении. – Белгород, 2007. – 234 с.

2 Лебедев М.В. Модель организации научного общества учащихся в образовательном процессе лицея / М.В. Лебедев // Школа будущего: научно-методический журнал. – 2011. – № 3. – С. 65-73.

3 Мычко Д.И. Теоретическая модель развития исследовательской культуры учащихся в системе средняя школа–вуз / Д.И. Мычко [и др.] // Свиридовские чтения: Сб. ст. – 2008. – Вып. 4. – С.269-275.

4 Макотрова Г.В. Формирование учебно-исследовательской культуры учащихся гимназии: автореф. дис. канд. пед. наук: 13.00.01 / Г.В. Макотрова. Белгород, 2001. - 23 с.

5 Валеева Г.Ф. Задачный подход к формированию учебно-исследовательской культуры старшеклассников: автореферат дис. канд. пед. наук: 13.00.01 / Г. Ф. Валеева; Стерлитамакская государственная педагогическая академия. – Владимир, 2012. – 24 с.

6 Быков Е.В., Абдуллин А.Г. Организация научного общества учащихся в лицее // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал), №11(19), 2012. – Режим доступа. – URL: http://sisp.nkras.ru/e-ru/issues/2012/11/bykov.pdf

КЕЙС- ТЕХНОЛОГИИ В ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЕ

КОЛОМИЕЦ О. Н.
учитель-логопед, Специальный детский сад № 26 для детей с нарушениями речи, г. Павлодар
БЕЙСЕМБАЕВА К. А.
воспитатель, Специальный детский сад № 26 для детей с нарушениями речи, г. Павлодар

Речь – это не только средство общения, самопознания, саморазвития, но и орудие мышления, творчества, носитель памяти, информации. Чем богаче и правильнее речь ребенка, тем легче ему высказывать свои мысли. Современная школа требует от ребёнка высокого уровня умственного и речевого развития. Поэтому для ребёнка – дошкольника хорошая речь – залог успешного обучения и развития в школе.

Работая с детьми с ОНР и сталкиваясь с проблемами в их обучении, учителю-логопеду приходится искать вспомогательные средства, облегчающие, систематизирующие и направляющие процесс усвоения детьми знаний. Поэтому наряду с общепринятыми методами и приемами вполне обосновано использование оригинальных, творческих методик, эффективность которых очевидна. Одним из таких средств, на наш взгляд, является использование игровых технологий в логопедической работе [1].

Любая технология обладает средствами, активизирующими деятельность детей, в некоторых же технологиях эти средства составляют главную идею и основу эффективности результатов. Это можно отнести и к игровой технологии. Игровые технологии

представляют широкие возможности для творческой деятельности детей, интеллектуального развития, формирования познавательного интереса и творческого мышления [2].

В своей работе мы используем методики:

1 «Синквейн»

Одним из эффективных методов развития речи ребенка, который позволяет быстро получить результат, является работа над созданием нерифмованного стихотворения - синквейна. Синквейн с французского языка переводится как «пять строк», пятистрочная строфа стихотворения. С помощью синквейна можно добиться более глубокого осмысления вопроса, проверить умение детей кратко и точно выразить свои мысли на заданную тему.

2 «Кубики –говорушки»

«Кубики-говорушки» - развитие речевых возможностей детей старшего дошкольного возраста в системе (первичного навыка звукового анализа, словаря, лексико-грамматических категорий и связной речи), развитию сенсорных представлений, развитию навыка счёта (до 6-ти), а также возможности развития эмоциональной сферы. Использование игровых приемов при коррекции речи с помощью этой игры позволяет развить фразовую речь, освоить конструкцию простых предложений, обогатить (экспрессивная речь) словарный запас, овладеть навыками словообразования и словоизменения [3].

3 «Мнемотехника»

Мнемотехника – это система методов и приемов, обеспечивающих эффективное запоминание, сохранение и воспроизведение информации. Использование мнемотехники для дошкольников сегодня становится все более актуальным, т.к. в современном мире много закодированной информации в виде символов, схем и важно ребенка научить перекодировать информацию из символов в образы..

4 Блоки Дьенеша

Логические блоки Дьенеша предназначены для обучения математике в игровой форме. Занятия с ними способствуют развитию памяти, внимания, воображения, речи. У ребенка появляются умения классифицировать материал, сравнивать, анализировать аналитическую информацию [3].

5.Песочная терапия

Песочная терапия – Это способ общения с миром и самим собой; способ снятия внутреннего напряжения, воплощения его на бессознательно-символическом уровне, что повышает

уверенность в себе и открывает новые пути развития. Песочная терапия даёт возможность прикоснуться к глубинному, подлинному Я, восстановить свою психическую целостность, собрать свой уникальный образ, картину мира.

6 Лепбук

Лэпбук (lapbook), или как его еще называют тематическая папка, – это самодельная интерактивня папка с кармашками, дверками, окошками, подвижными деталями, которые ребенок может доставать, перекладывать, складывать по своему усмотрению. В ней собирается материал по какой-то определенной теме. При этом лэпбук – это не просто поделка. Это наглядно- практический метод обучения, заключительный этап самостоятельной исследовательской работы, которую ребенок проделал в ходе изучения данной темы.[4].

Сегодня я хочу поговорить с вами об использовании инновационной технологии «лэпбук»для развития лексической стороны речи у детейсобщим недоразвитием речи

Цель использования лэпбука - повысить уровень развития лексико-грамматического строя речи

В лэпбуке могут храниться материалы с разным речевым содержанием. Например: блокнотик с загадками, карты, лабиринты, кроссворды, сюжетные картинки, карточки. Всё, что поможет детям с ОНР, имеющим разный речевой уровень, более эффективно включиться в работу. Поскольку мы, используя лэпбукиимеем возможность провести словарную работу, составить рассказ, рассмотреть иллюстрации и побеседовать. Включенность детей с ОНР в эту работу позволяет восполнить недостаточность общения, расширить кругозор, обогатить жизненный опыт, обеспечить своевременное и эффективное развитие речи,подход в использовании лэпбуков неоспорим, его возможности безграничны, в реализации современных требований, в формировании определённых качеств у дошкольника с ОНР, таких как:

- уверенность в собственных силах;
- любознательность;
- способность к волевым усилиям;
- самостоятельность;
- инициативность.

Таким образом, лэпбук – это средство индивидуализации дошкольного образования, сотрудничества детей и взрослых, признания ребенка полноценным участником образовательных отношений, поддержки инициативы детей в различных видах

деятельности, партнерства с семьей, приобщения детей к социокультурным нормам, формирования познавательных интересов и познавательных действий [5]. Это игра, познание и творчество!

К. Д. Ушинский:«Учите ребёнка каким-нибудь неизвестным ему пяти словам - он будет долго и напрасно мучиться, но свяжите двадцать таких слов с картинками, и он усвоит ихна лету».

ЛИТЕРАТУРА

1 Борозинец Н.М. Логопедические технологии: Учебно-методическое пособие / Н.М. Борозинец, Т.С. Шеховцова. Ставрополь: СГПИ, 2008. 224 с.

2 Васильева Е.Е. Ринолалия. Учебное пособие / Е.Е. Васильева. Ярославль: ЯГПУ им. К.Д. Ушинского, 2007. 63 с.

3 Зайцева Л.А. Нарушения произносительной стороны речи и их коррекция: Учеб.-метод. пособие / Л.А. Зайцева и др. Мн.: БГПУ им. М. Танка, 2011. 74 с. С. 16-18.

4 Корнев А.Н. Основы логопатологии детского возраста: клинические и психологические аспекты / А.Н. Корнев. СПб.: Речь, 2006. 380 с.

5 Логопатопсихология: учеб. пособие для студентов / Под ред. Р.И. Лалаевой, С.Н. Шаховской. М: ВЛАДОС, 2011. 285 с.

EXTRACURRICULAR ACTIVITIES AS A CONDITION FOR THE DEVELOPMENT OF LEADERSHIP SKILLS OF TEENAGERS

KOSHANOVA A. K.
undergraduate student, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar
BULEKBAYEVA S. E.
Candidate of Medical Sciences, Professor, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

To achieve a certain result in the development of leadership skills in secondary education institutions, we define the circumstances or situation that are specially created by teachers and psychologists of the school. These can be sports events within the school, intellectual and creative competitions. Such forms of activity provide an opportunity to express themselves both in a team and individually [1].

An important condition for the development of leadership in older students is extracurricular activities of a comprehensive school. Extracurricular activities are one of the components of the educational

process [2]. Extracurricular activities of students unites all types of activities of schoolchildren in addition to the educational, in which it is possible and advisable to solve the problems of their education and socialization. Extracurricular activities are an integral part of the educational process and one of the forms of organization of students' free time [2].

Extracurricular activities are organized to meet the needs of students in meaningful leisure, their participation in self-government and socially useful activities. A properly organized system of extracurricular activities can maximally develop or form the cognitive needs and abilities of each student, which will ensure the upbringing of a free personality. The upbringing of children occurs at any moment of their activity, but the most productive upbringing is to carry out in their free time.

The process of developing leadership in adolescent students will be visible if:

- constantly involve older students in specially organized activities aimed at gaining leadership experience;
- use social design technologies in the activities of the council of high school students, providing each senior student with the opportunity to implement various positions from the performer to the organizer;
- periodically conduct pedagogical monitoring of the dynamics of leadership development of senior students[1].

In addition, extracurricular activities help to solve a number of important tasks:

- optimize the student workload;
- improve the conditions for the development of the child;
- take into accounttheageand individual characteristicsofstudents.

In extracurricular activities, the following areas are distinguished in which extracurricular activities are carried out: these are gaming, cognitive, problem-value, leisure, entertainment, artistic creation, socially significant volunteer activity, labor activity, sports, and recreational, tourist and regional studies, etc. We got the 9 most important areas of extracurricular activities that contribute to the development of leadership qualities and personality of the student.

The purpose of extracurricular activities: to assist in ensuring the achievement of the planned results of mastering the main educational program.

Tasks for organizing extracurricular activities:

- identification of interests, inclinations, abilities, students' abilities to various types of activities;
- assisting in the search for «oneself»;

- creating conditions for the individual development of the child in the chosen field of extracurricular activities;
- the formation of a system of knowledge, skills in the selected area of activity;
- development of experience in creative activity, creative abilities;
- creation of conditions for the implementation of acquired knowledge, skills;
- development of experience in informal communication, interaction, cooperation;
- expanding the scope of communication with society and others.

Extracurricular activities are organized in 5 areas of personality development: sports and fitness; spiritual and moral; social; general intellectual; general cultural.

Extracurricular activities are organized in the following organizational forms: circles, sections, round tables, conferences, disputes, school scientific societies, Olympiads, competitions, search and research, socially useful practices, tours [2].

Out-of-school activities are divided into three levels.

The first level of results is the acquisition by a schoolchild of social knowledge, a primary understanding of social reality and everyday life.

To achieve this level of results, the student's interaction with his teachers is important.

The second level of results is a student gaining experience of experience and a positive attitude to the basic values of society, a value attitude to social reality in general.

To achieve this level of results, the interaction of students among themselves at the level of class and school is of particular importance.

The third level of results is the student gaining experience of independent social action. Only in independent public action, outside the friendly environment of the school, does a young person really become a social activist, citizen, free person. It is in the experience of independent social action that courage, that willingness to act, without which the existence of a citizen and civil society is acquired.

To achieve the third level of results, the interaction of the student is important not only with his close circle or inside the school, but also with social actors outside the school, in an open public environment.

Highlighting the three levels of the results of extracurricular activities allows us:

- develop educational programs for extracurricular activities with a clear and intelligible idea of the result;

- select such forms of extracurricular activities that guarantee the achievement of a result of a certain level;
- build the logic of the transition from the results of one level to the results of another, allows you to plan the expected results;
- diagnose the effectiveness and efficiency of extracurricular activities;
- evaluate the quality of extracurricular activities programs, evaluate the work done.

In order to develop leadership skills, we need to understand who such a leader is. A leader is a person who is able to influence a group in order to satisfy interests and achieve the goals of a group of people united by a common idea. In public life, a leader, as the central, most authoritative figure in a specific group of people, can be distinguished in almost every type of activity, and in any historical period.

In this regard, the definition of a leader given by B. D. Parygin deserves attention: «A leader is a member of a group who spontaneously advances to the role of an unofficial leader in a specific, specific, usually significant enough situation, to ensure the organization of joint collective activity of people for the most rapid and successful achievement of a common goal» [2].

Every person who aspires or wants to become a leader must possess the qualities inherent in a leader - leadership qualities. It is these qualities that determine the role of a leader, explain why some become leaders and can lead and lead, while others, on the contrary, are not accepted as leaders and do not enjoy the authority of others.

Leader qualities are a combination of psychological qualities, abilities and abilities to interact with a group that are capable of ensuring the successful fulfillment of leadership tasks and functions. If you develop leadership skills, you can grow a leader from any person. Leadership qualities can be divided into three groups of personal qualities, organizational and social.

Personal qualities. Knowing yourself, your feelings and emotions - to know yourself, to feel what is happening inside yourself, to be able to listen to your emotions and feelings, to your intuition, to clearly understand what you want - knowing yourself is a very important quality of a leader.

Organizational qualities. One of the valuable managerial qualities is the ability to create a team - the ability to attract people (ideas and thoughts, ideals, the ability to convince a person) and create a team of followers and like-minded people - a quality that determines the success of an individual becoming a leader. Setting shared goals and values and controlling followers' commitment to these goals are some of the main leadership qualities.

Psychological and social leadership qualities:

For a leader, not only personal and organizational qualities are important, but also social, for example, sociability - an important quality of a leader is sociability, the ability to quickly establish contacts with people and feel confident in the team. It is difficult to imagine the leader of a person who is shy during communication. Equally important is justice - the leader must be fair and objective towards his followers, the leader coordinates the relationship in the team, therefore, in assessing the actions and actions of other people, he must be fair, objective and unbiased.

The leader should also be ready to represent and defend the interests of the team - the leader represents common interests, so the ability to defend them in external instances and take full responsibility for corporate activities is an important quality of the leader. We cannot say about the leader's ability to create conditions for self-realization - this leadership quality is the basis for the formation of followers' confidence in the leader and their willingness to follow him [4].

Different researchers identified different groups of leadership qualities. They can be combined into five groups: physiological, psychological (emotional), intellectual, personal-business and moral.

There are eight major leadership theories:

The first of these is the theory of the «great man.» Proponents of this theory believe that leadership is an innate trait - that great leaders are born, not made. These theories often portray great leaders as something heroic and impossible, their destiny to become leaders when the need arises.

The second of them is the theory of «characteristic features.» Trait theories suggest that people inherit certain qualities and traits that make them more suitable for leadership. Trait theories often determine personality traits or behavioral characteristics common to leaders.

The third theory of «circumstances». According to this theory, there is no universal style of behavior for a leader who works equally well in all situations. Success depends on a number of factors, including the style of the leader, the characteristics of the followers, as well as various aspects of the situations.

The fourth of these is situational theory. According to her, leadership is considered as a characteristic feature of the situation, and not a specific type of personality. It is based on the attractive idea that different circumstances require different forms of leadership.

The fifth - behaviorist theory. They are based on the belief that great leaders are not born, but become. This leadership theory focuses on the actions of leaders, rather than their mental qualities or internal states.

According to this theory, people can learn and become leaders through training and observation.

Sixth theory of power and influence. Focuses on the networks of power and influence that the leader creates. The basis of this theory is the assumption that all roads lead to the leader, and the importance of the followers and the strength of the organization's culture is denied.

Seventh is Transactional Theory of Management Theory. An increasingly outgoing transactional theory is focusing on the relationship between leaders and followers. It analyzes the mutual benefits of an exchange-based relationship when a leader offers certain things, such as resources or rewards, in exchange for the followers of his authority recognizing them.

And the eighth final theory is transformational theory. Transformational leadership is based on intrinsic motivation. The emphasis is not on the flattery and devotion of the followers, but on their true commitment to the ideas of a leader. In this regard, the leader of the transformational type is an active and creative person, able to think broadly and figuratively.

The development of leadership qualities is the process of transforming one's natural inclinations, the emergence of a neoplasm, the development of those qualities that have not previously been manifested. The development of leadership qualities is a process of formation on the basis of natural inclinations, certain abilities involving a person in various types of activity, beyond which mental development is impossible.

REFERENCES

1 Общение и личностный рост (сборник научно-методических пособий для практических психологов, педагогов, воспитателей, родителей). Барнаул: АКИПКРО, 1994.

2 Выготский Л.С. Педагогическая психология М.: Педагогика, 1991. 200 с.

3 Матюхин М.В. Мотивация учения старших школьников. М.: Просвещение, 1984. 70 с.

4 Долгова В.И. Психолого-педагогическая коррекция межличностных отношений подростков: научно-методические рекомендации. Челябинск: АТОКСО, 2010. 112с.

АУТИЗМГЕ ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

КУАНДЫКОВА Д. К.
тәрбиеші, Сөйлеу қабілеттері бұзылысы бар балаларға арналған № 26 арнайы балабақшасы, Павлодар қ.
УТЕТИЛЕУОВА К. И.
мұғалім-логопед, Сөйлеу қабілеттері бұзылысы бар балаларға арналған № 26 арнайы балабақшасы, Павлодар қ.

Баланың тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсаттары біреу, ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Бұл тіркестерді біз он екі мүшесі бүтін, дені сау, салауатты да салихалы ұрпақ тәрбиесіне келгенде алға тартамыз. Бірақ бүгін біз сөз ететін тақырып бұл балалардан мүлдем ерекше. Ол аутизм синдромы бар балалар, яғни XXI ғасырдың індетіне айналған аутизм туралы және ол балалармен жұмыс жасаудың ерекшеліктері туралы болмақ. Аутизм – бала дамуындағы ауыткушылықтың ауыр түрі, ол әлеументтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларды ерте жастан байқалып, бала дамуында кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (БЕА) синдромы деп атайды. Ол психикалық дамудың зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. сонымен қатар, бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса, оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды мүмкін. Аутизм белгілері 3-4 жаста нақты білінеді. Бірақ, бұл аутизмнен оңалту үшін кеш болып саналады. Аутизмді ерте балалық шақта емдеудің нәтижесі жоғары болады. 1943 жылы доктор Л. Каннер алғаш рет бала аутизмін психологиялық дамудың жеке бұзылысы ретінде ерекшеледі. Ол бала дамуындағы ауытқушылықтың ерекше түрін сипаттап, оның ерте жастағы бала аутизмі (Каннер синдромы) деп атады, оның байқалуының негізгі түрлері:

- қоршаған адамдармен эмоциялық қарым-қатынасты орнатуға үлкен қиындықтар;
- тәртіптің қайталанатын, бір текті түрлерін үнемі қайталай беруге талпыну;
- белгілі бір объектілермен іс-әрекеттерге қатты берілу;
- сөйлеу тілін меңгеру мүмкіндігінің сақталғанымен, сөйлеу тілінің болмауы (мутизм) немесе сөйлеу тілінің адамдармен қатынаста пайдаланбауы;

- басқа салаларда танымдық қабілетінің жақсы болуы;

Бұл бұзылыстар ерте, 2,5 жасқа дейін байқалады деп мәлімдейді доктор Л. Каннер. Қазіргі күнге дейін аутизм проблемасы бойынша әр түрлі елдерде зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бала аутизмінің шығу тегі мен ерекшеліктері туралы әр түрлі ғылыми болжамдар мен пікірлер айтылады [1].

Соңғы ақпараттарға сүйенсек әлем бойынша бұл дертке шалдыққандар саны 65 миллионнан асады делінген. Ал соның ішінде біздің елде осы диагноз бойынша тіркелгендер саны мыңнан асады екен. Дерек көздерінде соңғы он бір жыл ішінде аутизмге шалдыққан балалар саны 20 есеге өскен, ол дегеніміз дүниеге келген әрбір елуінші сәби осы аурумен туылады дегенді меңзейді. Ал аутизм қыз балаларға қарағанда көбіне ер балаларда жиі кездеседі екен. Психолог О.С.Никольскаяның пікірі бойынша аутистік дамудың бұрмалаушылығы «қабылдаудың күрделі формалары, қимылдағы икемділік, сөйлей білу мен көп нәрсені түсіну қабілеті кездейсоқ байқалған кезде де, бала өзінің мүмкіндігін шынайы өмірде, қоршағандармен өзара іс-әрекетте пайдалануға тырыспайтындығынан да байқалады. Бала аутизімінде дамудың қалыпты даму жолы жай ғана бұзылмайды немесе тежелмейді, ол қатты бұрмаланып, басқа жаққа қарай кетеді» (О. С. Никольская 1997). Аутист балалардың әр түрлі әлуметтік қызметтен алынған ақпарат мен дағдыларын үйлесімді түрде пайдалана білмеулері олардың ең негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Сонымен бірге мұнда егер аутистік өзіндік бұзылыстар баланың жасы келе тегістеле бастаса, ал әлеуметтік өзара іс-әрекет, оның икемсіздігі, жағдайды түсінбеуі, еркін тәртіп пен қызметтің жоғары түрінің бұзылыстары айқын байқала бастайды. Сондықтан да ата-аналар балаларынан қандай да бір аутизмнің белгісін байқаған болса тезірек дәрігерлер мен психологтарға жүгінуі қажет. Жалпы, статистикалық деректер бойынша көбіне бұл ауруға ұл балалар шалдығады. Аутизмге шалдыққан балаларға адамдармен араласу, әлеуметтік қарым-қатынас жасау қиын болады. Баланың психикасы мен ақыл-есі дұрыс жетілмей сөйлеу қабілеті де бұзылады. Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Тұқымқуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге, мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларды жиі кездесетін көрініс. Тұқымқуалаушылық хромосамалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасының жүкті және туу кезінде алған

жарақаттары, нейроинфекциялар, т.б. барлығының да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар. Кейде аутист бала туған кезде ерекше болады: солғын, тамақ сұрап мазаламайды, жөргек суланса және бір жер ауырса сезбейді, өскен кезде ештеңеге қызықпайды, кейбір сөздерді, сөйлемдерді қағып алып, түсінбей қайталай береді. Жақын адамдармен, анасымен байланысты симбиотикалық (эмоционалды емес) қарым-қатынаста болғандықтан жақын адамдарды түсіну, аяу, көну деген ұғым жоқ. Елімізде соңғы уақытта аутизмге шалдыққан балалардың саны күрт өскені байқалуда. Қазақстанда соңғы 12 жыл ішінде балалар аутизмі 20 есеге өсті. Көптеген психологиялық зерттеулер баланың ересекпен қарым-қатынасын, атап айтқанда, ата-аналармен және туысқандармен қарым-қатынастарының баланың барлық психикалық қабілеттері мен қасиеттері-ойлауының, сөйлеуінің, өзін-өзі бағалауының, эмоциялық аумағының, қиялының қалыптасуында шешуші рөл алатынын дәлелдеуде. Бала маманның жеңіл ұсыныстарын, нұсқауларын орындай бастайды (ал, бер,отыр, аш, жап, көрсет, итер, кел, қой, лақтыр, көрсет). Фото сурет арқылы бала өз анасын, әкесін, апа, атасын саусағымен көрсете біледі. Іс-қимылдарды имитациялау арқылы бала алақанын соғуды, қолын көтеруді, үстелді тоқылдатуды, сылдырмақ сылдырлатуды, телефон түтқасын алып, оны құлағына әкелуге жйне секіруге үйренеді. Әр түрлі жаттығулар арқылы бала өз дене мүшелерін танып, көрсете біледі. Аутист баланы кезең бойынша оқыту қажет, ата-ана балаға әр іс-қимылды бөлшектерге бөле отырып, бәрін көрсетіп, жүз рет қайталап, осы жұмысты апталап, айлап жүргізе отырып қана айтылған нәтижелерге жетеміз [2].

Ерте балалық аутизм синдромы бар балалардың көбінің сезінуінде ауытқулар байқалады. Олардың кей сезім мүшелері шектен тыс дамыған немесе керісінше, олар өз сезімдерін интеграциялай алмауы мүмкін. Сенсорлық интеграция әдісі ағзаның сезімдерін қозғалыс, оқу және қалыпты іс-әрекет мақсатына жұмылдыра алуы. Біз бұл сезімдерді сезім мүшелері арқылы білім аламыз. Ал бұзылысы бар балалар: визуалды (көру), дыбыстық (есту), иіс сезу (иіскеу), дәм сезу (дәм тату), тактильдік (ұстап көру), вестибулярлық (орта құлақ), тепе-теңдік (айналу, аунау,секіру) және жердің тартылыс күші. Сенсорлық интеграция терапиясы баланың сезімталдығын бәсеңдетіп, сезіну арқылы алған ақпаратты қайта құрылымдауына басты назар аударады. Бұл терапияның мақсаты – орталық жүйке жүйесінің сенсорлық стимулдарын өңдеу мүмкіндіктерін күшейту, теңгеру және

дамыту болып табылады. Сенсорлық интеграциялық терапияға түрлі сенсорлық стимулдармен арнайы байланыс орнату әдісі де жатады. Томатис - арнайы аудио-вокалдық жаттығу әдісі. Арнайы құрал сенсорлы-дыбыстық ынталандыру. Бұл құрал орталық құлақ жұмысына әсер ете отырып, миға ықпал жасайды делінген. Әдістің мақсаты – мидың есту арқылы алған ақпаратты қабылдап, қорыту мүмкіндіктерін арттыру. Томатис әдісі негізіндегі жаттығулардың арқасында сөзді қабылдау және түсіну процесін қайта жетілдіруге мүмкіндік бар. Бұл жаттығуларды аутистикалық спектр ауытқулары, назардың жетіспеуі синдромы және гипербелсенділік, сөйлеу және психомоторлық дамудың тежелуі, жазу дағдысының дұрыс қалыптаспауы (дисграфия, дислекция) сияқты ауытқу түрлері бар, естіген ақпаратты қабылдап, қорытуда біраз қиналатын, соның кесірінен коммуникация мен білім алуда қиындықтарға ұшырап, әлеуметтік дағдыларын дамытуда артта қалып жүрген балаларға қолданады [3].

Әрине бұлар санаулысы ғана, Отандық және әлемдік зерттеулер нәтижесінде әртүрлі зияткерлік тапсырмалардан тұратын бағдарламалар да өте көп. Аутизмі бар бала өзі қалап тұрса да, басқа балалар күнделікті өмірде ешқандай қиындықсыз меңгеріп алатын адамдармен қарым-қатынас жасасудың, әрекеттесудің жалпыға ортақ әдістерін өз бетімен меңгере алмайды. Сондықтан жоғарыда айтылған, бүгінде қолданысқа енген жүйелі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы, аутизмге шалдыққан баланың өз проблемасын жеңуіне мамандар мен қоғамның барлық өкілдерінің болып көмктесуге тиімпіз. Сонда ғана мұндай балаларды әлеуметтендіруге, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуға, әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру бағытындағы үлкен істер іске аспақ [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Төребаева К.Ж., Балтымова М.Ф. Арнайы педагогика. – Ақтөбе. 2011. – 300 б.

2 Лебединская К.С., Никольская О.С. Диагностика раннего детского аутизма. – М.: Просвещение, 1991. – 53 с.

3 Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок. Пути помощи. – М.: Теревинф, 2015. – 289 с.

ЖОО-ҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨШБАСЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ МОДЕЛІ

КУДАРОВА Н. А.
докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖУМАТАЕВА Е.
п.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖОО-да студенттердің көпшілігі алғашқы күндерінен бастап тек өз мамандықтарын игеруге белсенді ұмтылыстарын білдіріп қана қоймай, өздерін көшбасшы ретінде көрсетуге тырысады. Ал, ұстаздар болса студенттердің тек пән бойынша білімдерін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар өздерін дамытуға, өз бетінше жұмыс атқаруға, жеке тұлғалық ерекшеліктерін ашуға, болашақ мамандыққа баулуға, кәсіби-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға қажеттілігі туындайды. Бірақ, көшбасшының қасиеттерін дамыту кезінде біріншіден, қандай қасиеттерді дамыту қажеттігін түсіну, екіншіден көшбасшыларды уақытында анықтау, оларды тәрбиелеу, олардың көшбасшылық әлеуетін қолдау үшін студенттерді тәрбиелеу жүйесі мен жалпы білім беру мәдениетін қайта құру керектігін түсіну маңызды [1].

Еліміздің болашағы жастардың қолында болғандықтан, өсіп келе жатқан ұрпақтың білім мазмұнын тереңдетіп қана қоймай, жастардың бойында ұлттық саналылықты тәрбиелеу өте маңызды. Өйткенді, елінің тарихын біліп, сыйлап өскен жастар, өз елінің гүлденуіне үлесін қосатынына үміт артуға болады.

ЖОО-да студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлін анықтау мақсатында, төмендегідей модельді құрастыруды жөн көрдік.

Әдебиеттерде «модель» және «модельдеу» ұғымдарына көптеген анықтамалар беріледі. Педагогикалық модельдеу С. И. Архангельскийдің, В. Г. Афанасьеваның, А. Н. Кочергинның, И. Б. Новиктің, В.А. Штоффтың және т.б. ғылыми еңбектерінде негіздемер беріледі.

Қазақстан ғалымдары өздерінің еңбектерінде модель ұғымына А. П. Сейтешов, Г. Қ. Нұрғалиева, Н. Д. Хмель, К. Қожахметова түрлі сипаттамалар берген.

Мысалы, Н. Д. Хмель нақты объектінің немесе үдерістің қарапайымдандырылған үлгісі. Болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік, процессуалдық аспектілерінен тұратын модельдерді ұсынады [2].

В. А. Штоффтың ойынша, модель ойша ұсынылған немесе материалдық тұрғыдан жүзеге асырылған жүйені білдіреді, яғни зерттеу нысаның көрсету немесе жаңғырту арқылы, зерттеу барысында объект туралы жаңа ақпараттар анықталуы мүмкін [3].

Модель (латын «modulus» тілінен аударғанда – өлшем, үлгі, мөлшер) – бұл жасанды түрде жасалған сызба үлгісі, зерттелетін объектіге (құбылысқа) ұқсас және қарапайым нысанда объектінің (құбылыстың) құрылымын, қасиеттерін және қатынастарын бейнелейді.

Модельдің мақсаты: студенттердің көшбасшылық әлеуеттерін іске асыру үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық түрлі жағдайлар тудыру қажет, білім беру үдерістеріне және сабақтан тыс түрлі іс-шараларға қатыстыра отырып студенттердің бойларында ұлттық мінезді, ұлттық сипатты тәрбиелеу көзделеді.



Сурет – 1 Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудегі ұлттық кодтың атқаратын қызметінің моделі

Модельдің мақсатты блогінде, жалпы модельдің мақсаты, тәсілдері, заңдылықтары мен ұстанымдары берілген. Модельдің мақсаты: «Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендету» деп қарастырылады. Яғни, ЖОО-да

студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендету барысында, білім алушылардың бойларында ұлттық сипатты да өркендетуіміз қажет. Себебі, жастардың бойларында еліне, халқына, жеріне деген сүйіспеншілікті дер кезінде баулитын болсақ, елінің болашағын ойлайтын, саналы жастардың саны айтарлықтай көбеер еді.

Рухани бастау – Ұлтты бір тұтастыққа біріктіретін күш. Халықтың рухы күшті болған сайын, оның мемлекеттілігінің де болашағы зор. Бұл – тарихтың және тағдырымыздың басты қозғаушы күші. Тап осы ұлттық Рух кез келген елдің бет-бейнесін айқындайды, бағыт-бағдарын нұсқап, дамуына серпін береді. Біздің Ұлттық Рухымызды көтеру үшін негізгі басымдықтар мыналар: дәстүр мен отансүйгіштік рухы, жаңару рухы, жарыс пен жеңіс рухы [4].

Мақсаты блокта: онтологиялық, аксиологиялық, құндылыққа-бағытталған тәсілдер қарастырылады.

Онтологиялық тәсіл тұрмыстық кеңістіктегі оқытушы мен студент болмысының (оқиғасының) логикасы тұрғысынан тәрбиелеу мәселелерін қарастырады. Бұл ретте тұлға өмірде берілген немесе табылған және өзі таңдаған позициясы адамның қоғамдық болмысының тәсілі ретінде қарастырылады, студенттің әлемге, болашақ еңбек қызметіне, басқа адамдарға және өзінің дамуы жағдайын қарастыруда субъектілік позициясына айналады.

Сонымен қатар, тәрбиенің онтологиялық түсінігі келесідей:

- тәрбие үдерісі – бұл адамның субъективтілігінің өсуі – өзін-өзі анықтау және оны әлеуметтік-мәдени және болашақ кәсіби ортада өзін-өзі бекіту үдерісі;

- тәрбие тетігі бірыңғай мағыналық өзара әрекеттестікте тәрбие үдерісі субъектілерінің (оқытушы мен студент) құндылық және мағыналық трансформациясына негізделеді;

- сыртқы өзара іс-қимыл оның әрбір субъектілерінің ішкі дүниесінің қалыптасуының шарты мен алғышарты болып табылады, тәрбие жағдайы диалогтық сипатта болады.

Аксиологиялық тәсіл. Педагогика мен психологиядағы аксиологиялық тәсілдің негіздерін Б. Г. Ананьев [5] Т. Н. Кузнецова [6] қалаған. Аксиологияның тұжырымдамалық аппаратына «құндылық», жеке тұлғаның (құнды қарым-қатынас субъектісінің) аксиологиялық сипаты, жалпы аксиологиялық өлшемдер (маңызы, мәні, бағасы, сұранысы, дәлелдемесі, мақсаты, құнды бағдарлары) сияқты түсініктер енгізілген. Бұл жердегі «құндылық» түсінігінің мәні бірыңғай анықталмайды да, «құнды бағдарлану», «құнды көзқарас», «адамгершілікті құндылықтар», «кәсіби-құнды

бағдарлар» және т.б. сияқты түсініктер мәні мен көлемінің анықталмауына әкеліп соғады [7].

Құндылыққа бағытталған тәсіл. Оқытудың құндылықты-бағытталған тәсілі – бұл оқу іс-әрекетің ұйымдастыру және орындау, белгілі бір құндылықтар тұрғысынан оның нәтижелерін алу және пайдалануы көзделеді. Айтарлықтай, құндылықты-бағытталған тәсіл оқу үдерісі барысында студенттердің жеке құндылықтар жүйесін мақсаты түрде қалыптастырады.

Құндылық бағдарлары – бұл жеке тұлғаның өз қызметінде белгілі бір құндылықтарды (құндылықтарда бағдарлану қабілеті) бағдар ретінде таңдау қабілеті (сапасы), сондай-ақ оларды жеке әлеуметтік маңызды құндылықтар ретінде сезіну және қабылдау қабілеті.

Құндылықтарды өңдіру, құндылықтардан шығатын талаптарды ұстану және күнделікті өмірде осы талаптарды бағынудан тұрады. Құндылықтардың мәні – белгілі бір қоғамда табысты жұмыс істеу үшін қажетті нормаларды, әдеттерді, өмір салтын, мінез-құлық стилін қалыптастыру барысында көрінеді.

Құндылықтар – адамдардың көпшілігі әлеуметтік мақұлдайтын және бөлісетін жеке, белгілі бір объектілер мен құбылыстардың, жеке тұлғаның мінез-құлқының сапасы мен тәсілдерінің әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар жеке тұлғаны ынталандырудың маңызды факторы ретінде әрекет ете отырып, мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандырады.

Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің заңдылықтары:

- студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің заңдылықтары педагогикалық шарттарға тәуелді болып келеді. Сонымен қатар, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендету заңдылықтары педагогикалық шарттардың жүйелігіне, бірізділіге, ұйымдастырылу сипатына байланысты;

- студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендету барысында қолданылатын әдістердің, нысандардың, құралдардың маңыздылығы сөзсіз зор болып келеді. Себебі, сабақ барысында қолданылған әдістер, құралдар мен нысандар студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын тудырады, пәнді терең меңгеруге септігін тигізеді;

- студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендету барысында ұстаздар мен білім алушылардың арасындағы ішкі және сыртқы әрекеттерінің үйлесімділігі, коммуникативтік байланысы да өте маңызды болып келеді.

Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипата өркендету барысында педагогикалық ұстанымдарды сақтай отырып, оқу үдерісін жүзеге асыруды жөн көрдік. Ғылыми жұмысымызда келесідей ұстанымдарға тоқталдық:

- конструктивті өзара әрекеттесу ұстанымы. Көзделген мақсатқа кол жеткізу үшін, ең алдыменен үйлесімді, конструктивті байланыс орнатқан дұрыс;

- икемділік ұстанымы. Студенттердің білім мазмұнын меңгеру барысында икемділікті таныту және төзімділік, шыдамдылық деген қасиеттер білім мазмұнын нәтижелі меңгеру үшін өте маңызды болып келеді;

- пәнаралық байланыс ұстанымы – білім алушылардің білім деңгейлерін жан-жақты кеңейтуге және мүмкіндіктерін шектемей керісінше өзінің оң септігін тигізеді. Сонымен қатар, студенттердің құзыреттіліктерін қалыптастыруда да маңыздылығы зор;

- теорияның тәжірибемен байланыс ұстанымы. Ұстаздардың білім беру үдерісінде теориялық білімді тәжірибемен байланыстырып отырса, студенттер сабақта қарастыратын тақырыптарды нәтижелі меңгереді. Сонымен қатар, студенттер өз білімдерін қаншалықты жетік меңгергендерін тәжірибе барысында бірден аңғара алады және өздерінің осал жерлерін сол тәжірибе сабақтарында бірден толықтыра да алады;

- өзін-өзі жүзеге асыру мен рефлексия ұстанымы. Өзін-өзі жүзеге асыру ұстанымы ең алдыменен студент: «Мен болашақта неге қол жеткізе аламын?», «Неге қол жеткізу керек?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, түрлі білім шыңдарына талпынуға түрткі де болады. Студент білімді меңгеру кезеңдерінде өзін-өзі жүзеге асыруға талпынғаны дұрыс. Мәселен: ғылыми конференцияларда докладпен көпшілік алдында сөйлеу, университетте өтетін түрлі іс-шараларға үнемі белсенді қатысу т.б. Ал, рефлексия дегеніміз – өз ісінің дұрыс, бұрысын мойындай отырып өзіне есеп беруді білдіреді. Рефлексия іс-әрекетіндегі сәтсіздіктерді, қателіктері және сол сәтсіз жағдайларды болашақта қайталамауға көмектеседі. Кез келген тұлға өзінің іс-әрекетін аңда-санда талқылап, өз ісіне жауап беріп отырса, әрине дұрыс болар еді.

Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендету барысында, білім беру әлеуетін жан-жақты кеңейтудің маңыздылығы да зор. Сонымен қатар, студенттердің көшбашылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендету барысында: оқыту әдістері қарастырылады. Оқыту әдістеріне: психологиялық тренингтер;

жобалар әдісі; дөңгелік үстел; жаттығулар; рефлексия әдісі; көпшілік алдында сөйлеу; бизнес жобалар ұсыну; эссе; портфолио; топтық дискуссия жатады.

Ал, оқыту құралдарына: «Кошбасшылық психологиясы» курсы; оқу-әдістемелік кешендері; ақпараттық қарым-қатынастық технологиялар; оқу-әдістемелік құралдары жатады. Модульдің оқыту түрлерінде, дәріс және тәжірибелік сабақтары алынған.

Модельдің әдіснамалық блогінде келесідей педагогикалық шарттар қарастырылады: «Көшбасшылық қасиетті ұлттық сипатта өркендету» блогі; ірі тұлғалармен кездесулер ұйымдастыру және фильмдер қарау; көпшілік алдында сөйлеу іс-шараларын ұйымдастыру; электронды оқу-құралы әзірлеу; «Психология» атты оқу құралын жарыққа шығару; ЖОО-да студнеттердің көшбасшылық қасиеттерін аттыруға ықпал етуші студенттік орта.

Жалпы, модельдің нәтижесінде: біліктілігі жоғары, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, прагматикалық тұрғыдан ойлай алатын, рухани-адамгершілігі жоғары, ұлттық санасы қалыптасқан өз елін сүйетін патриотты тәриелеу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Пучков, Н. П. Организация воспитательной работы в вузе по формированию лидерских качеств обучающихся / Н. П. Пучков, А. В. Авдеева. – Тамбов: ТГПУ, 2009. – 23 с.

2 Хмель Н.Д. Технология реализации целостного педагогического процесса: Программа спецкурса для магистратуры университетов. – Алматы: Қазақ университеті. -1998. 24с.

3 Штофф В.А. Моделирование и философия. М.Л.: Наука, 1966. 301 с.

4 Курганская В.Д. Казахстанская модель межэтнического согласия. Н.А.Назарбаев – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия / сост. А.Н.Нысанбаев, А.Г.Косиченко. – Алматы, 2010. – 365 с.

5 Ананьев Б.Г. Психология педагогической оценки. Избранные психологические труды в 2-х т. – М.: Просвещение, 1980. – Т.2. – С. 128-265.

6 Кузнецова Т.Н. Формирование основ педагогической техники в процессе профессиональной подготовки будущего учителя: автореф. дисс.... канд. пед. наук: 13.00.01. – Белгород, 1999. – 21с.

7 Тшанов А.Қ. Бапкер-оқытушының кәсіби-педагогикалық дайындаудың аксиологиялық тәсілі // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2010. № 3. – С. 105

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДА МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

КУТТЫМУРАТОВА Ф. С.
магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.
МУКАНОВА Ж. Г.
п.ғ.к., қауымд. профессор, ПМПУ, Павлолар қ.

«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, Үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса», халық даналығы. Бүгінде білім беру жүйесіндегі мәселе мынадай: «Тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы үйренуге де, үйретуге болады». Білім беру философиясы мен когнитивтік (танымдық) психология адамның өз қолымен жасағанын есте сақтайтынын, практикалық әрекеттер арқылы ғана үйренетіндігін, оқушыға өзі жасағаны қызық екендігін дәлелдеді. Сондықтан мұғалім сабақта белсенді әдістерді қолдануы қажет.

Әр оқушының оқудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру:

- түсінік пен дағдыларды тереңдейді;
- өзіне деген сенімі мен оқуға деген уәжі артады;
- оқушыларға идеяларды тереңірек түсінуге көмектесе отырып, шығармашылыққа ынталандырады;
- барлық оқушылар үшін тиімді.

Барлық оқушылардан күтілетін нәтижені арттыра алады:

- қатысушылардың қызығушылығын оятады;
- көңіл-күйге бағытталады;
- материалдардың тиімді игерілуіне мүмкіндік береді;
- қатысушыларға көп қырлы әсер етеді;
- кері байланысты жүзеге асырады;
- қатысушыларда өзіндік пікір, қатынас қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді.

Белсенді оқу мен оқыту әдістері және түрлері:

- жеке, жұптық, топтық жұмыстар;
- шығармашылық жұмыстар;
- ой шабуылы;
- пікірталас, ақпарат көздерімен жұмыс;
- жағдайлық тапсырмаларды шешу;
- сарапшы топтардың пікірталасы;
- кері байланыс т.б.

Адам миының мүмкіншіліктерін бұрынғыдан тиімді пайдалану мәселесі – адамзаттың негізі. Өз тәжірибесінің негізінде үйрену:

- оқушыларға эксперимент жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады;
- қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашады;
- нәтижесі – терең білім;
- ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын жетілдіреді.

Технологияларды пайдалану:

- белсенді оқудың қызықты тәсілдерін ұсына алады;
- зерттеу жүргізу, қарым – қатынас жасау, ынтымақтастық орнату және тапсырмаларды тиімді іске асыру үшін қолданады;
- оқушылардың ақпарат іздеп, өз тәсілдерін табуына мүмкіндік бере отырып, олардың өз үлесін қосуына септігін тигізеді;
- сыныптан тыс өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді.

Оқытушы сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың тақырыпты толықтай меңгерулеріне септігін тигізеді. Қазіргі таңда оқытушылардың негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үйреніп, жаңа педагогикалық технологияны меңгеріп, оларды әрдайым дамытып отыру.

Біз осы әдіс-тәсілдердің бірі – Блум таксономиясын 9 сыныпта өтетін геометриялық прогрессия сабағында қолдандық.

Блум таксономиясы 6 деңгейден тұрады және осы 6 деңгей бойынша біздің сабағымыздың барысы өтеді. «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» демекші Қытай философиясы, біз осы сабақта есте сақтауға байланысты адамның барлық мүмкіндіктерін пайдаланамыз.

Сабақтың тақырыбы: Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: 9-сыныптың, 2-бөлімнің, 3-бөлімшесінің, 6-шы мақсаты: геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану.

Оқу мақсаттарынан сабақ мақсаттары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, СМАРТ форматында құрастырылған. Яғни,

• Барлық оқушылар: геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесінің формуласын білу;

• Оқушылардың көбі: геометриялық прогрессиялардың алғашқы *n* мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын білу және қолдану;

• Кейбір оқушылар: геометриялық прогрессиялардың сипаттамалық қасиетін білу және қолдану.

Оқу мақсатына сай бағалау критерийі шығады:

• геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесін табады;

• геометриялық прогрессиялардың алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын қолданады.

• геометриялық прогрессиялардың сипаттамалық қасиетін қолданады.

Сабақтың түрі: жаңа тақырып.

Ұйымдастыру кезеңі: психологиялық жағдай орнату үшін сынып жыл мезгілдері аркылы 4 топқа бөлінеді. Яғни 4 жыл мезгілдерінің суреттері жасырын қойылады, Әр оқушы бір-бірденжасырын қағазды алады. «Қаламды біріктіріп шеңберге тұру» ойынын ойнату. Әр топоқушылары дөңгелене тұрып, қаламды сұқ саусақтарымен біріктіре тіреп тұрады. Сол кезде мұғалім қолдарын әр – түрлі бағытта қаламды құламайтындай қозғалтуларын, және бір – бірінежақсы тілек сөздер айтуын сұрайды. Осы арқылы оқушыларға бірігіп жұмысістесе ғана күтілетін нәтижеге қол жеткізе алатынын айтады.

Сабақтың барысы:

I. Білім
II. Түсіну
III. Қолдану
IV. Анализ
V. Синтез
VI. Бағалау.

I. Білім. Ассоциограмма әдісі бойынша өткен дәріс сабағын пысықтап өту, яғни өткен тақырып бойынша не есте қалғанын қағаз бетіне түсіру керек (1-сызба).



Сызба я

II. Түсіну. Оқушылар «Түртіп алу» әдісі арқылы кітаптан мәліметтерді өздігінен оқып, гоеметриялық прогрессия, прогресияның n мүшесінің, алғашқы n мүшесінің қосындысының формуласы туралы ұғымдарды өз пікірлерімен бөліседі.Оқушылар білмеген, түсінбеген сұрақтарды, мұғалімнің қолдауын қажет ететін проблемалы сұрақтар туындаса кері байланыс арқылы сұрақтарына жауапалады.

III. Қолдану. Геометриялық прогрессияны бактериялардың белсенді көбеюінде, медицинада, фармакологияда, ауыл шаруашылығында кең қолданады. Және де прогрессиялар, ғылымның әр саласында, ауыл шаруашылығында,өнеркәсіпте, банктегі есептеулерде, табиғатта тарихи есептерде де кездеседі.

IV. Анализ. Сабақ мақсатына жету үшін белсенді оқыту әдістерінің ең тиімді «Тарелка» әдісі арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларының қалыптасуын дамыту. Яғни геометриялық прогрессияға берілген есептерді шешуді топ ішінде талқылап, өз өкілдерін басқа топқа жіберіп, идеяларымен бөліседі, постерлерін қорғайды ынтымақтастықты дамытады. Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек».

V. Синтез. «Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар» тақырыбы бойынша алған білімізді есте сақтау картасына түсіру (2-сызба).

VI. Бағалау.Критериалды бағалау жүйесі бұрыңғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау. Осы сабақта оқушылар түсінуде ҚБ: «Сұрақты қағып ал» әдісімен кубикті бір – біріне лақтыру арқылы сұрау үрдісінде өз еркімен жауап береді, кезектесіп басқа оқушылармен алмасады да нақты жауабын слайд арқылы өз-өздерін тексереді. Ал анализде әр топ алдарына берілген дескриптор арқылы басқа топ мүшелерін бағалайды.



Сызба 2

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Солтан Г.Н., Солтан А.Е., Жумадилова А.Ж. жалпы білім беретін 9-сынып оқушыларына арналған оқулық, - Көкшетау: келешек-2030, 2019. – 320 б.: ил.

Электронды ресурс:

2 Сарсекенова Айсулу Багитовна «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты аға оқытушысының бейне материалы: https://youtu.be/9mDOvmUiwc8.

3 https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/9-synyp/geometriyalyq-progressiya-geometriyalyq-progressiyanyng-n-shi-mushesining-formulasy?mid=%info%

БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ

КУШЕРБАЕВА И. К.
мұғалім, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
КУАТОВА А. С.
мұғалім, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Бұл LESSON STUDY зерттеуіесебінде белсенді әдіс-тәсілдердің оқушылардың оқылым дағдысына қалай әсер ететіні зерттеліп, қарастырылған.

LESSON STUDY ТАҚЫРЫБЫ: Белсенді әдіс-тәсілдер оқушылардың оқылым дағдысына қалай әсер етеді.

Зерттеу мақсаты:Оқушылардың оқылым дағдысын дамытатын белсенді әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау

Зерттеудің міндеттері:

А, В, С деңгейіндегі оқушыларды таңдап алу;

Белсенді әдіс- тәсілдерді іріктеп, қай кезеңде қолданылатынын жоспарлау;

Нәтижелерін салыстыру;

Шешім шығару;

Күтілетін нәтиже: оқушылардың оқылым дағдыларын оқытудың белсенді әдіс-тәсілдер арқылы дамыту.

Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі. Ф.Оразбаева өз зерттеулерінде «оқылымның берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік-қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны

тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану керектігінің» маңызды екендігіне баса назар аударады [1].

Оқылым дағдыларын қалыптастырудағы олқылықтардың болуы төмендегі тақырыптың туындауына себепкер болып отыр:

«Белсенді әдіс-тәсілдер оқушылардың оқылым дағдысына қалай әсер ететінін зерттеу».Осы тақырып аясында келесі мақсат бойынша жұмыс жасау көзделді: Оқушылардың оқылым дағдысын дамытатын белсенді әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау.

Зерттеу жұмысы А, В, С деңгейіндегі оқушыларды таңдап алудан басталды. Ол үшін күнделікті сабақтағы оқушылардың үлгерімі мен оқылым тапсырмалары жазылған жауап парақтарына саралау жүргізіп, оқушылардың психологиялық – диагностикалық зерттеудің нәтижесіндегі ерекшеліктері ескеріле отырып үш деңгейдегі оқушылар таңдалып алынды. Әр деңгейдегі оқушының оқылым дағдысын қалыптастырып дамытуды қолжетімді ету үшін зерттеу анкетасы алынды. Анкета нәтижесінің негізінде атаулы дағдыны қалыптастыруда тиімді болады деген әдіс- тәсілдер іріктеліп алынып, кезеңдік жұмыс жоспары жасалды.

Осыған орай зерттеу тақырыбының аясында барлығы 4 сабақ жоспарланып, оқыту кезінде төмендегі оқушылардың қиындық тудыратын тұстары басты назарға алынды:

А – деңгейіндегі оқушы публицистикалық стильдегі мәтін мазмұнын меңгеруде, ғылыми әдеби стильде жазылған мәтін түрлерін талдауда қиналатыны;

В - деңгейіндегі оқушы ғылыми стильдегі мәтіннің сөз қолданысын түсінуде қиналатыны анықталды;

С – деңгейіндегі оқушы әдеби стильде жазылған мәтіннің кейбір сөз қолданысын талдағанда аздап қиналатыны анықталды;

Оқытудың табыстылығының құпиясы – оқушылардың коммуникативтік дағдысын дамыту. Сол себепті төмендегі таңдалып алынған әдіс- тәсілдер осы мәселені шешудің бірден -бір жолы деп білеміз.

Бірінші кезеңде келесі әрекеттер жоспарланды:

- Белсенді әдіс-тәсілдерді оқушылардың деңгейі бойынша саралау;
- «Сыртқы және ішкі шеңбер» – сабақтың бекіту кезеңінде қолдану;
- «Сағат тілі» – сабақтың қорытындылау кезеңінде қолдану;
- Екіншікезеңде келесідей әрекеттер ұсынылды:
- Әдіс- тәсілдерді қолдану күрделілігіне қарай саралау;

- Ғылыми, әдеби стильдегі мәтіндер;

«Жұлдызды сәт» – күрделі мәтіндермен жұмыс [2].

А, В, С деңгейіндегі оқушылардың жұмысы видеожазба, фотосурет, жауап парақтары арқылыбақылаушы әріптесімнің тарапынан қадағаланып отырды. Сабақтан кейінгі жинақталған жұмыстарға талдау жасалды.

Талдаудың нәтижесінде келесідей шешімдер қабылданды: «Сағат тілі» әдісі негізінде мынандай нәтижеге ие болдық:

А – деңгейіндегі оқушы ақпарат жинақтай отырып мәтін мазмұнын түсініп, тақырыбы мен идеясын анықтай алды;

В – деңгейіндегі оқушы ғылыми стильдегі мәтіннің тілдік қолданысына талдау жасай алды;

С – деңгейіндегі оқушы әдеби стильдегі тілдік қолданыстарға толық талдау жүргізіп, көзқарасын білдіре алды.

«Жұлдызды сәт» әдісібарлық деңгейдегі оқушылар үшін:

Мәтін мазмұнын талқылауға, мәтін күрделілігіне қарай түсінуге көмектеседі;

Дегенмен А, В деңгейіндегі оқушылардың кейде С деңгейіндегі оқушының да әдеби стильдегі мәтінді бір оқығаннантүсінбеуі, алдағы уақытта шешімін табуды қажет мәселенің бірі болып анықталды.

Белсенділіктің 3 деңгейі жүзеге асты [3]:

Қайта жаңғырту белсенділігі – оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі.

Интерпретация белсенділігі – оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты түсінуге тырысуы, яғни, ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі.

Шығармашылық белсенділік – оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі.

Сонымен қатар, атаулы әдістерді оқылым стратегияларымен байланыстыратын болса, әр оқушының деңгейіне қарай мәтінді толық қамтып, не қажетті элементтерін теру арқылы жұмыс жасау мұғалімнің тығырықтан жол табуына септігін тигізетінін тәжірибе дәлелдеп отыр.

Зерттеу қорытындысы:

Төменде берілген диаграммада А,В,С деңгейіндегі оқушылардың жалпы зерттеу кезеңіндегі деңгейлері салыстырмалы түрде беріліп отыр. Бұл салыстыру біздің болашақтағы жұмысымызға бағыт береді.

Болашақта жоғарыдағы мәселелерді жою үшін келесі жұмыс түрлері жоспарланып отыр:

А деңгейіндегі оқушы үшін – түсіндірмелі, фразеологиялық сөздікпен жұмыс [4].;

В үшін – ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі арқылы сыни көзқарасын білдіру;

Сүшін – жеке физиологиялық ерекшелігін ескеру (әдеби стильдегі мәтін мазмұнын шығармашылықпен байланыстыру);

Жоғарыда аталған жоспарды орындайтын болсақ, оқушылардың оқылым дағдысының жоғары нәтиже көрсететініне сенімізміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 https://orleupvl.kz/ru/konkursy-konferenczii/2017/2017-10-02-08-27-39/1618-oylym-dadylaryn-alyptastyru-zhne-damytudy-dsnamasy-men-tzhribes-

2 https://infourok.ru/oitudi-belsendi-distsilderi-tairibinda-prezentaciya-876891.html

3 «Мұғалімге арналған нұсқаулық», НЗМ ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016.

4 Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

5 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. «Сөздік-Словарь» 2005.

ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК СПОСОБ ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЕТЕНТНОГО СПЕЦИАЛИСТА

ПИГОВАЕВА Н. Ю.
PhD, ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
ҚҰМАР Т. С.
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Одной из важных и основных задач профессиональной подготовки специалистов в высших учебных заведениях является процесс формирования компетентного специалиста. В связи с модернизацией образования по отношению к процессу обучения и результатам обучения в рамках Болонского процесса актуальными для изучения и проведения исследований являются понятия «компетенция» и «компетентность». Концепция компетентностного подхода стала одной из ведущих педагогических теорий современности.

На сегодняшний день существует огромное разнообразие интерпретаций понятий «компетенция» и «компетентность», многие ученые проводившие исследования в рамках изучения компетентностного подхода к образованию выделяли свои определения (Зимняя И. А., Маркова А. К., Хуторской А. В., Равен Дж., Хутмахер В. и пр.). На основе анализа литературы мы сделали вывод, что данные понятия многогранны и взаимосвязаны и представляют собой определенную деятельность в той или иной профессиональной сфере, требующие от личности наличия совокупности определенных знаний, умений, навыков, способностей, и умения использовать имеющиеся знания на практике. Согласно Хуторскому А. В. компетентность представляет собой способность и готовность личности к выполнению деятельности, которые заключаются в понимании сути решаемых задач и разрешаемых проблем, в активном владении лучшими достижениями, в умении подбирать способы действия, адекватные конкретным условиям места и времени, в чувстве ответственности за результаты [1, с. 111 112]. То есть, система образования может считаться эффективной, если результатом обучения в данной системе является компетентная личность, владеющая как профессиональными знаниями, высокими моральными качествами, обладает профессионализмом, а также успешно и ответственно применяет свои знания, учитывая результаты деятельности.

Важнейшей из стратегических задач образования на сегодняшний день является сохранение лучших отечественных образовательных традиций одновременно с обеспечением выпускников международными квалификационными качествами, развитием их лингвистического сознания, в основе которого заключается овладение государственным, родным и иностранными языками. Данная задача не раз была озвучена в выступлениях Елбасы Назарбаева Н. А., в результате чего был принят национально-культурный проект «Триединство языков», нацеленный на овладение населением Казахстана трех языков: казахского как национального языка, русского как языка межнационального общения и английского языка, как языка дающего возможность к интеграции в мировую экономику [2]. Именно знание нескольких

языков способствует многогранному развитию личности, влияет на расширение кругозора, формирует такие важные качества, как: толерантность, личную мобильность, объемное видение мира. Идея полиязычия также закреплена в государственной программе развития образования на 2011-2020 годы, где согласно целям к 2020 году 100 % населения Казахстана должны владеть казахским языком, 95 % – русским и 25 % – английским. Таким образом, понимание роли языков в современном мире ставит перед нами вопрос о результативности обучения языкам и повышении уровня языковой подготовки будущих специалистов. Одним из подобных факторов можно назвать полиязычие, которое формирует полиязыковую личность. Следовательно, возникает необходимость рассмотрения терминов «полиязыковая личность» и «полиязычное образование», которые определяют понятие компетентного специалиста.

В контексте языкового образование важное значение имеет понятие языковой личности, общим определением которого является любой носитель того или иного языка, охарактеризованный на основе анализа произведённых им текстов с точки зрения использования в этих текстах системных средств данного языка для отражения ви́дения им окружающей действительности и для достижения определённых целей в этом мире [3]. Однако в рамках полиязычного образования появляется термин полиязыковая личность. Феномен полиязыковой личности углубленно рассмотрен и изучен в работе Жетписбаевой Б. А. [4]. В своей научной работе ученый предлагает следующее определение термина полиязыковой личности. «Полиязыковая личность – это активный носитель нескольких языков, представляющий собой: личность речевую – комплекс психофизиологических свойств, позволяющих индивиду осуществлять речевую деятельность одновременно на нескольких языках; личность коммуникативную – совокупность способностей к вербальному поведению и использованию нескольких языков как средства общения с представителями разных лингвосоциумов; личность словарную, или этносемантическую, – симбиоз мировоззренческих установок, ценностных направленностей, поведенческого опыта, интегрированно отраженных в лексической системе нескольких языков». Также автор отмечает что язык является неотъемлемой частью культуры и таким образом, полиязыковая личность формирует предрасположенность к восприятию других культур, что в свою очередь является непременным условием для формирования и становления поликультурной

личности. Полиязычное образование в данном свете является целенаправленным процессом приобщения к мировой культуре через овладение нескольких языков. Здесь, изучаемые языки выступают в качестве способа постижения и усвоение культурно-исторического и социального опыта различных стран и народов [5].

Из вышеуказанного следует, что целью и соответственно результатом полиязычного образования будет выступать полиязыковая личность, которая способна использовать в равной мере в речевой практике несколько языков в различных коммуникативных ситуациях, что представляет собой становление компетентного специалиста, овладевшего на практике иностранными языками и способного использовать их в качество средства получения профессиональных знаний. В свою очередь, это позволит будущим специалистам эффективно осуществлять иноязычную профессиональную деятельность: участвовать в инновационных проектах, работать со специализированной иностранной литературой, общаться с коллегами на конференциях, в дискуссиях и на семинарах различного уровня, слушать лекции с разнообразной тематикой, составлять научные доклады, деловые письма зарубежным партнерам, выполнять письменные и устные переводы рефератов и аннотаций научных статей, представленных на иностранном языке, делиться профессиональным опытом и воспринимать опыт зарубежных коллег.

Современный специалист должен осознавать, что знания и квалификация становятся приоритетными ценностями в жизни человека в условиях информационного общества и должен стремиться быть вкурсе развития своей профессиональной области вмировой практике, а для этого невсегда достаточно владеть информацией на родном языке. В связис этим необходимо отметить, что объективная значимость владения иноязычной речью являетсяважным качеством формирования личности специалиста и ведущим фактором становления профессиональной компетентности будущих специалистов [6, с. 155–156].

Таким образом, используя иностранный язык для получения профессиональных знаний, студент способен самостоятельно организовать свою будущую профессиональную деятельность, тем самым обеспечивая себе дальнейший успех.

ЛИТЕРАТУРА

1 Хуторской А. В. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. М.: Изд-во МГУ, 2003. 416 с.

2 Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. – № 33(25278). – 2007. – 1 марта

3 Иванцова Е. В.О термине «языковая личность»: истоки, проблемы, перспективы использования// Вестник Томского государственного университета.– Томск:ТГУ, 2010. –№ 4 (12). – С. 24-32.)

4 Жетписбаева Б. А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования. Дисс. на соис. д.п.н. Караганда. 2009. 302 с.

5 Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. Издание официальное. Астана, 2001.)

6 Петрова Г. А. Роль иностранного языка в подготовке студентов экономического профиля // Вестн. Томского гос. пед. ун-та. 2007. Вып. 7 (70).

ВОЗМОЖНОСТИ МЕТОДИКИ CLIL В ПОВЫШЕНИИ УРОВНЯ ЯЗЫКОВОЙ КУЛЬТУРЫ СТАРШЕКЛАССНИКОВ

ЛЫМАРЧУК Л. М.
учитель, СОШ № 34 инновационного типа, г. Павлодар

